

**АБЫЛАЙ ХАН АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР
ЖӘНЕ ӘЛЕМ ТІЛДЕРІ УНИВЕРСИТЕТІ**

**КАЗАХСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ
И МИРОВЫХ ЯЗЫКОВ ИМЕНИ АБЫЛАЙ ХАНА**

**KAZAKH ABLAI KHAN UNIVERSITY
OF INTERNATIONAL RELATIONS AND WORLD LANGUAGES**

Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ

ХАБАРШЫСЫ

«ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМДАРЫ» СЕРИЯСЫ

3 (34) 2014

СЕРИЯ «ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ»

ИЗВЕСТИЯ

КазУМОиМЯ имени Абылай хана

Алматы, 2014

ISSN 2307-650X



РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Главный редактор

Кунанбаева С.С.

*доктор филологических наук, профессор,
академик МАН ВШ*

Ответственный редактор

Узакбаева С.А.

доктор педагогических наук, профессор

ЧЛЕНЫ РЕДАКЦИОННОЙ КОЛЛЕГИИ

Бердичевский А.Л.

*доктор педагогических наук,
Эйзенштадт, Австрия*

Илларионова Л.П.

*доктор педагогических наук, профессор
Российского государственного
социального университета, г. Москва*

Дерижан И.М.

*доктор педагогических наук, доцент
Бургаский свободный университет,
г. Бургас, Болгария*

Кульгильдинова Т.А.

*доктор педагогических наук,
профессор*

Акиева Г.С.

*доктор педагогических наук,
профессор, директор Института
повышения квалификации и
переподготовки кадров, при
Кыргызском государственном
университете им. И. Арабаева*

Оспанова Б.А.

*доктор педагогических наук,
профессор, МКТУ им. Х.А. Яссауи*

Ответственный секретарь

Бейсембева А.А.

кандидат педагогических наук, доцент КазУМОиМЯ им. Абылай хана

РЕЦЕНЗЕНТЫ

Кунакова К.У.

доктор педагогических наук, профессор КазУМОиМЯ им. Абылай хана

Хан Н.Н.

доктор педагогических наук, профессор КазНПУ им. Абая

© *Научный журнал «Хабаршысы-Известия» КазУМОиМЯ имени Абылай хана* Акционерного общества «Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана» зарегистрирован в Международном центре по регистрации сериальных изданий ISSN (ЮНЕСКО, г. Париж, Франция) и ему присвоен международный номер **ISSN 2307-650X** в соответствии с международным стандартом ИСО 3297-98 «Информация и документация, международный стандартный номер серийного издания (ISSN) межгосударственным стандартом ГОСТ 7.56-2002 «Международная стандартная нумерация сериальных изданий».

Регистрационное свидетельство издания №12803-Ж от 08.05.2012 г. Выдано Министерством культуры и информации РК.

+7(727) 292 03 84 (вн. 3326) e-mail:

pedagoginyaz@mail.ru

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ**

**1 БӨЛІМ
ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ МАМАНДАРДЫ
КӘСІБИ ДАЯРЛАУ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ**

**РАЗДЕЛ 1
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ
СПЕЦИАЛИСТОВ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ**

Ұзақбаева С.А., Әбілова З.Т. Osipanova B.A., Sagdullaev I.I. Құнантаева К.Қ., Амирова А.С Абенбаев С.Ш., Ахметова Г.М.	Педагогикалық рефлексияның психологиялық бағыты Features of acme-creative training of competitive specialists Болашақ мамандардың зерттеушілік іс-әрекеті – кәсіби құзыреттіліктің негізі Жоғары оқу орындарында студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың бүгінгі жағдайы мен перспективасы	5 10 16 25
---	--	---------------------

**2 БӨЛІМ
ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ
РАЗДЕЛ 2
СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ
ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ**

Berkimbaev K.M., Akesheva M.M.	Some methods of formation of communicative competence of the future specialists by means of telecommunication technology	35
Әбдіғали С.Ә., Оразханова А.О. Алпысбаева С.Т., Иванченко Ю.В.	Лингвомәдени құзыреттіліктің сөйлеу мәдениетінде алатын орны Effective games to promote communicative skills in english language learning on the junior course at the teacher training faculty	44 50
Akesheva M.M., Turlybekov B.	Methods and means of forming communicative competence of future ecologists in English language teaching	59
Кусаметова Г.К., Досмырза Р.Ж. Құрманғалиева Д.М., Тилеубаева М.С.	Болашақ педагогтарды даярлауда шығармашылық қабілетті жетілдіру жолдары Джеймс Кауфманның шығармашылық психология туралы ойлары	68 75

Әлметова Ә.С., Пірназарова А.	Прагматикалық мәтіндер лингвомәдениеттанулық құзыреттілікті қалыптастырудағы негізгі қайнар көз	79
--	---	----

3 БӨЛІМ

ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

РАЗДЕЛ 3

ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

Ұзақбаева С.А.	Батырлық эпостардың адамгершілік-патриоттық тәрбиедегі мәні.....	87
Пушкина Н.В.	Психология последствия развода родителей для ребенка	100
Курманова Б.Ж., Жұмабек Т.	Бастауыш мектеп мұғалімінің имиджін талдау және бағалаудағы қолданылатын әдістемелердің сипаты мен мазмұны	105
Требования к статьям	115

1 БӨЛІМ
ЖОҒАРЫ МЕКТЕПТЕ МАМАНДАРДЫ КӘСІБИ ДАЯРЛАУ
ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫ

2 РАЗДЕЛ
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ
СПЕЦИАЛИСТОВ В ВЫСШЕЙ ШКОЛЕ

УДК 159.938.3

С.А. Ұзақбаева

п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,

З.Т. Әбілова

аға оқытушы, магистр, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ РЕФЛЕКСИЯНЫҢ
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БАҒЫТЫ

Мақалада ғалымдардың еңбектеріне талдау беру арқылы рефлексия, педагогикалық рефлексия ұғымдарына талдау беріледі, берілген түсінік нақтыланады, оқытушының іс-әрекетіндегі алатын орны ашып көрсетіледі. Педагогикалық рефлексия мұғалімнің кәсіби тұлғасының тиімді қалыптасуының интегралдық көрсеткіші, оның іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастырудың алғышарты ретінде негізге алынатындығынан, болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда тиімді нәтиже беретін жолдардың бірі - педагогикалық рефлексиялану теориясын әзірлеу және берілген сапаны қалыптастырудың шарттарын, механизмдерін ерекшелеу болып табылатындығы жайлы мазмұндалады.

Тірек сөздер: рефлексия, педагогикалық рефлексия, рефлексивтік білік, рефлексивті белсенділік, рефлексивті басқару, әдістемелік рефлексия, педагогикалық рефлексияға дайындық, рефлексивті мәдениет, рефлексивті сауаттылық

Болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың бүгінгі әлемдік тәжірибесінде педагогикалық іс-әрекетке сын көзқарасты дамытуға, оның құнды жақтарын көре білуге, мән-мағынасын зерделеуге, басқаша айтқанда, нақты-практикалық тәжірибеде рефлексиялау білігін дамытуға ерекше назар аударылуда. Рефлексияның мәні – адамның өзінің білімін, білімінің негізін, оларды

менгерудің жолдарын анықтау. Мұғалімнің рефлексиялық қызметінің мақсаты: педагогикалық әрекеттің негізгі компоненттерін есіне түсіріп, олардың мәнін, алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдей алу, қолданылған әдіс пен құралдардың тиімді не тиімсіз болғанына байланысты өзіндік көзқарасын білдіру, орындалып өткен әрекеттің нәтижесін зерттеу. Тек сонда ғана алдағы жұмыстарда дұрыс мақсат қойып, алға қарай шығармашылықпен жылжудың жобасын жасау мүмкін болады.

«Рефлексия» түсінігінің анықтамасының көптігі, бәрінен бұрын, оның механизмінің әмбебаптылығымен байланысты рефлексивті механизмнің көп қызметтілігі педагогика мен психология саласының зерттеушілерінің рефлексивтік мәселеге деген қызығушылықтары артуының шарты болып табылады. Жалпылай алағанда, рефлексия адамның өзін қоршаған әлеммен пәндік-әлеуметтік қатынасының мәнін түсіну және оған қайта мән беру, өзіне – өзі талдау жасай білу қабілеті ретінде қарастырылады.

Философ, логик, психолог, педагог ғалымдардың еңбектерінде (А.А.Бизязева, Л.И.Божович, Д.В.Выготский, К.Я.Вазин, В.В.Давыдов, А.И.Зимняя, А.Н.Леонтьев, Л.С.Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, Г.П.Шедровицкий және т.б.) «рефлексия» ұғымына берілген анықтамаларды төрт топқа бөлуге болады: *әлеуметтік - психологиялық анықтамалар* (рефлексия – субъектінің ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділігі; рефлексия ойлау мен іс-әрекетте - тұлғаның өзінің әрекет етуінің механизмі; кооперация мен коммуникацияда - «үстіне», «сыртқа» позициясына шығу механизмі; өзіндік танымда - ішкі бағыттылықта өзінің орнын анықтау механизмі мен «Менділік» шекарасын белгілеудің әдісі); *логикалық-гносеологиялық анықтамалар* (рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістеріне талдау жасау); *әлеуметтік-философиялық анықтамалар* (рефлексия - өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы; рефлексия – бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибиелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті); *педагогикалық анықтамалар* (рефлексия - өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы).

Қазіргі таңда ғылыми бірлестікте, сондай-ақ оқытушылық тәжірибеде «педагогикалық рефлексия» ұғымы жиі кездеседі. Демек, педагогикалық рефлексия - мұғалімнің өзіне, өзінің қылықтарына объективті баға беру, оны балалар, басқа адамдар, ең әуелі педагогикалық қатынас процесінде мұғалім әрекеттесетін адамдар қалай қабылдайтынын түсіну қабілеті.

«Педагогикалық рефлексия» түсінігі талдау бізден педагогикалық рефлексияны қалыптастыру мәселелелерін психологиялық-педагогикалық зерттеулер тұрғысынан қарастыруды талап ететінін атап өткен жөн. Бұл жағдай біздің зерттеудің объектісі ретінде студенттер бойында педагогикалық рефлексияны қалыптастыру деп қарастыруға мүмкіндік береді. Педагогикалық рефлексияға назар аударудың шарты болып қоғам дамуының қазіргі заманғы бетбұрыстары (тенденциялары) педагогикалық білім беру жүйесін болашақ

педагогтардың кәсіби даярлықтарын жетілдіру жолдарын іздеуге бағыттайтындығы болып табылады. Педагогикалық рефлексия мұғалім тұлғасының кәсіби қалыптасу сәттілігінің интегральді көрсеткіші, оның іс-әрекетінің, өзін-өзі ұйымдастыруының алғы шарты ретінде мойындалғандықтан болашақ педагогтарды кәсіби даярлаудың көп нәтиже күттіретін жолдарының бірі педагогикалық рефлексиялану теориясын әзірлеу және берілген сапаны қалыптастырудың шарттарын ерекшелеу болып табылады.

Болашақ педагогтың рефлексия мәселесін қарастыра отырып, «педагогикалық рефлексия» түсінігінің әр түрлі анықтамаларына тоқталамыз.

Ғылыми әдебиеттерде педагогикалық рефлексия құбылысын белгілеу үшін келесі терминдер беріледі: «өзіндік кәсіби педагогикалық рефлексия», «педагогикалық рефлексия», «рефлексивтік біліктер», «рефлексивті белсенділік», «рефлексивті басқару» «әдістемелік рефлексия», «педагогикалық рефлексияға дайындық», «рефлексивті мәдениет», «рефлексивті сауаттылық» және т.б.

А.К. Маркованың ойынша педагогикалық рефлексия - бұл мұғалім санасының өзіне қаратылуы, мұғалімнің өз іс-әрекеттері туралы оқушыларының не ойлайтындығы туралы басқаша айтқанда, А.К. Маркова бойынша педагогикалық рефлексия бұл оқушыда қалыптасқан жағдаяттың бейнесін ойша елестету және соның негізінде өзі туралы ойды нақтылау. А.К.Маркова рефлексияны өзгермелі жағдайларда мұғалім өзін оқушылар көзқарасы тұрғысынан қарастыру деп есептейді. Педагогикалық рефлексия – бұл мұғалімнің өзін-өзі талдауға көңіл бөлуі.

Осыған ұқсас анықтаманы Г.И. Метельский [1] береді. Ол «Педагогикалық рефлексия дегеніміз - бұл мұғалімнің оқушылары өзі жайында не ойлайтындығы туралы болжамы» деп түсіндіреді. Педагогтың оқушыларының түсінгі жайында ой қорытуы – бұл болжау нәтижесінде тұжырымдалған, бұрын тәжірибе мен әрекеттесудің өзекті жағдаятына сүйенетін образ болып табылады. Мұғалім өзіне оқушылар көзімен қарайды десе де болады. Мұғалім оқушыларының ішкі әлемін, нұсқамаларын оқыту пәніне, сыныптастарына, өз-өзіне деген қатынастарын түсінуі негізінде білім беру жағдайын оқушылар көзқарасымен бағалау және жоғарыда аталған білімдерді білім берудің ақпараттық өзегі ретінде пайдалану педагогикалық іс-әрекеттің елеулі ерекшеліктерінің бірі рефлексивті басқарудың негізін құрайды.

А.А.Бизяева өзге анықтама береді: «Педагогикалық рефлексия – нәтижесінде мәселенің тұлғалық боямалы мәні мен оны шешу жолдары туындайтын қандайда бір мәселені ойша (алдын ала немесе ретроспективті) талдау процесі» [2].

И.А.Мушкина педагогикалық рефлексияны білім беру жүйесінде сапалы өзгерістерге жету мақсатында ондағы елеулі белгілерді анықтауға, бағалау және жалпылауға, педагогтың кәсіби және тұлғалы жетілуіне бағытталған, арнайы әрекеттер комплексі арқылы жүзеге асырылатын мұғалімнің білімі мен интеллектуалдық қабілеттерінің жиынтығы деп түсінеді. Оның ойынша, «Педагогтың кәсіби рефлексиясы дегеніміз – бұл мұғалімнің өзін-өзі жетілдіруін негізге алатын арнайы іс-әрекет түрі» [3].

Р.С. Ткачтын ойынша, педагогикалық іс-әрекеттегі рефлексия дегеніміз – бұл нәтижесінде мәселенің немесе қиыншылықтың мәні және оларды шешудің жаңа перспективалары туындайтын қандайда бір мәселенің кәсіби қиындықты немесе сәттілікті ойша талдау процесі. Мұғалім өзінің іс-әрекетіне, қателеріне, сәтсіздіктеріне, ашқан жаналықтарына сауатты талдау жасап, өз іс-әрекеті туралы әріптестерінің сынын қабылдап, басқаша айтқанда күтпеген жағдайларға өзінің кәсіби әлемін қарсы қоя отырып кәсіби шеберлікке ие болған жағдайда ғана өз ісінің маманы бола алады.

Қазақстандық педагогикалық ғылымда Ш.Т.Таубаеваның, С.Э.Ковалевтің, Л.Р.Мылтықбаеваның, А.Б.Нұрғожинаның, О.Н.Франковскийдің «педагогикалық рефлексия» жөнінде зерттеулері бар. Қазақстандық ғалымдардың зерттеулері болашақ педагогтарда педагогикалық рефлексияны қалыптастыру жоғары оқу орындарында рефлексиялық мәдениетті дамыту – қазіргі таңдағы Қазақстандағы білім берудің негізгі идеясы екенін көрсетті.

Біздің түсінігімізге педагогикалық рефлексияға Е.В. Рогулинаның берген анықтамасы жақын. Оның ойынша «педагогикалық рефлексия – бұл болжау, сыни талдау, өзгермелі педагогикалық жағдайларда оқушылар тұлғасын дамыту мен оны қайта ұйымдастыру тиімділігін бағалау мақсатында педагогтың өзінің кәсіби іс-әрекетінің мәнін түсіну мен оған қайта мән беруге санасының бағытталуы» [4].

Рефлексия феномені әртүрлі іс-әрекеттер мазмұнында қарастырылады: оқу, еңбек, спорт және т.б. (Г.С.Абрамова, Н.И.Алексеев, О.С.Анисимов, В.В.Давыдов, Г.П.Щедровицкий). Рефлексия түсінігінің педагогикалық білімдер саласына ауысуы Б.З.Вульф, Г.П.Звенигородская, Г.М.Коджаспирова, В.П.Метаева, Л.С.Подымова, В.А.Сластенин, И.М.Юсупов және т.б. еңбектерімен байланысты. Олар теориялық жағдайларды мұғалім практикасына жақындатуға тырысып көрді. Авторлар кәсіби сапаларды меңгеру барысында педагогикалық іс-әрекеттің ерекшеліктерімен байланысты рефлексивтік процестер, сонымен қатар кәсіби педагогикалық рефлексияны қалыптастыру факторлары, шарттары мен амалдары көзден таса қалатынына назар аударады. Қазіргі заманғы педагогикалық ғылымдағы педагогтың педагогикалық рефлексиясы туралы көзқарастарды қорыта келе, педагогикалық рефлексия:

- Мұғалімнің өзінің оқушыларын, демек, айнадағы бейнесін өзінде қалыпты қабылдау процесін қамтамасыз ететін педагогтың әлеуметтік-перспективтік қабілеттерінің құрамдас бөлігі ретінде (С.К.Кондратьева, В.А.Кривышев, Н.В.Кузьмина, А.А.Реан);
- Қарым-қатынас өнерінің бір жақ бөлігі ретінде (А.А.Леонтьев, А.К.Маркова);
- Мұғалімнің болжамдық қабілеттерінің тиімділігін анықтайтын фактор ретінде (Л.С.Регуш, Г.Д.Бланк).

Мұғалім іс-әрекетіндегі рефлексияның маңыздылығы мен қажеттілігін көптеген авторлар атап өтеді.

А.Б.Воронцов рефлексияны педагогтың іс-әрекетіндегі әлі де болса жаңа сөз деп есептейді. Мұғалімдердің көпшілігі өз іс-әрекеттеріне талдау жасамай-ақ онда түзетулер мен алға жылжу болматындығына түсіне алмауда.

Педагогтың педагогикалық рефлексиясын психологиялық-педагогикалық мәселе ретінде қарастыруды қортындылай келе біз аталған феноменді қалыптастырумен байланысты мәселе туралы зерттеулер негізінде, педагогтарды даярлаудың дәстүрлі жүйесі контекстінде студенттердің рефлексиялық білімдерімен, біліктерімен және де дағдыларымен қарулану принципі қойылған деген шешімге келдік. Алайда білім беру гуманизациялау тенденциялары дамуымен бірге педагогикалық рефлексияны педагогтың кәсіби және өмірлік зерттеушілік ұстанымы ретінде қалыптастыру міндеті өзекті болып отыр. Мәселеге осындай қатынастың нәтижесінде кәсіби, соның ішінде рефлексиямен де байланысты білімдер мен біліктер өзінен-өзі құнды болмай қалады, өздігінен мақсатты түрде, ішкі серпілістерден қабылданып және бөлініп шыққанда ғана олар тұлғаның игіліктеріне айналады. Сонымен, педагогикалық рефлексия мұғалімнің кәсіби тұлғасының тиімді қалыптасуының интегралдық көрсеткіші, оның іс-әрекетте өзін-өзі ұйымдастырудың алғышарты ретінде негізге алынатындығынан, болашақ педагогтарды кәсіби даярлауда тиімді нәтиже беретін жолдардың бірі - педагогикалық рефлексиялану теориясын зерттеу және берілген сапаны қалыптастырудың шарттарын, механизмдерін ерекшелеу болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Метельский Г.И. Психологические особенности рефлексивной деятельности учителя. – Л., 1979. – 17 с.
- 2 Бизяева А.А. Психология думающего учителя: Педагогическая рефлексия. Псков: ПГПИ им. С.М.Кирова, 2004. – 39 с.
- 3 Мушкина И.А. Педагогическая рефлексия как основа совершенствования профессионального мастерства учителя. – М., 1999. – 61 с.
- 4 Рогулина Е.В. Взаимодействие психологических механизмов стереотипизации и рефлексии как условие развития профессиональной компетентности учителя. Калуга, 2000. – 41 с.

С.А. Узакбаева

д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,

З.Т. Абилова

ст.преподаватель, магистр, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Психологические аспекты педагогической рефлексии

Педагогическая рефлексия является интегральным показателем эффективного формирования профессиональной личности учителя. В процессе деятельности она используется как предпосылка к самообразованию. В профессиональной подготовке будущих педагогов одним из эффективных путей

– подготовка теории педагогической рефлексии и условий, механизмов формирования указанных качеств.

S.A. Uzakbayeva

d.p.s., professor, KazUR&WL Ablai Khan,

Z.T. Abilova

master's degree of pedagogical sciences, KazUR&WL Ablai Khan,
Almaty, Kazakhstan

Psychological aspects of pedagogical reflection

A pedagogical reflection is the integral index of the effective forming of professional personality of teacher. In the process of activity she is used as pre-condition to the self-education. In professional preparation of future teachers one of effective ways is preparation of theory of pedagogical reflection and terms, mechanisms of forming of the indicated qualities.

UDC 37.01: 378

B.A. Ospanova

d.p.s, professor, IKTU named by H.A.Yassawi, Turkestan, Kazakhstan

I.I. Sagdullaev

Ph.D student, IKTU named by H.A.Yassawi, Turkestan, Kazakhstan

FEATURES OF ACME-CREATIVE TRAINING OF COMPETITIVE SPECIALISTS

This article features acme-creative training of competitive specialists in modern conditions. Investigation of this problem allows us to qualitatively new approach to the problem of learning a modern specialist, building on the theory and methodology of acmeology as the science of the highest achievements in acme - creative training of competitive specialist. Development of acmeological knowledge and their educational potential, viewed from the standpoint of the modern trends in education requires a change in the content, nature and direction of acme-creative preparation, where the acquisition of professional knowledge is refracted through a personal, value-semantic field of educational process in high school.

Keywords: human resources, creativity, psychology, competitive specialist, globalization, acme - creative training

Development of higher education is an important aspect of state policy of Kazakhstan and modernization of the educational system. In the era of the information revolution and the growing globalization of crucial importance for the higher school of

Kazakhstan is international integration in the global educational system. Gradually integrating into the world educational space, Kazakh universities become more international in nature and universal in nature taught knowledge. From the quality of learning depends the level of training acme and creative professionals able to work and develop the country's economy, contributing to its sustainable development and the implementation of the strategy "Kazakhstan - 2050".

When discussing the idea of a new national project "Intelligent Nation - 2020" The President Nursultan Nazarbayev proposed to solve several major problems for innovative development of the education system, which aims to acme-creative training and education of professional mobile professionals, as well as the transformation of Kazakhstan in the country with highbrow and competitive human capital.

Essential role in the formation processes of globalization and internationalization plays a cross-cultural (cross communicative) the principle of interaction of nations, based on the integration and synthesis of the main, the basic provisions of the functioning society. World globalization process - a co-operation and engagement of different national ideas and systems under one structural formation. Usually, globalization is closely related to the integration of the international community, so it flows with problems of national plan.

With the development of globalization and internationalization of the economy and business to higher education we faced with new purpose - the training of professionals who can work effectively in a changing global market. In this context, the system of higher education in modern conditions it is necessary to give a new quality, social status, and understanding it as a special sphere, which is a priority of advanced training of creative, professional and mobile professionals. Teaching the students to the ways of activity, the teacher equips their ability to acquire knowledge, learn, work and be able to live and to live together with other people. It is defined as the fundamental purpose of education in UNESCO documents.

Analysis of the international situation shows the ensuing competition between countries for the quality of intellectual resources, the quality of education and above all its leading executive - higher education. In this regard the concept of deduction of the highest achievements in modern science and the higher school, timely updating of fundamental knowledge of all specialties at preservation of the best traditions of domestic system of acme - creative training of specialists, taking into account own way of development of Kazakhstan is actualized.

Analyzing these state documents, we note that the strategy of development of Kazakhstan determined by the President N.A. Nazarbayev is directed on education improvement of quality, to its conclusion to the international level of development and competitiveness of the country in the world community.

Research of this problem allows us to approach qualitatively in a new way a problem of training of the modern expert with a support on the theory and methodology of acmeology as it is science about the highest achievements in the field of acme – creative training of the competitive expert. Development of acmeological knowledge and their educational potential considered from positions of current trends in education demands change of the contents, character and an orientation of acme - creative preparation where process of acquisition of

professional knowledge refracts through the personal, valuable and semantic sphere of subjects of educational process in higher education institution. Acmeology (from the ancient Greek. acme - top, ancient Greek. logos - the doctrine) — the science about topmost achievements of the person which is part of psychology of development. In this regard, formation of creativity of the student – future expert acts as one of the purposes of vocational training.

The general and special methodological principles of acmeological research are developed in the context of acmeology understanding creativity and its role in achievement of tops of development of the person (K.A. Abulkhanova-Slavskaya, A.A. Derkach, V.G. Zazykin, I.A.Zimnya, V.P.Zinchenko, E.A. Klimov, N.V.Kuzmina, A.K. Markova, A.A. Rean, V.A. Slastyonin, Yu.G.Tatur, etc.).

More intensively the problem of professional creativity and professional creativity in its various aspects studied in Acmeology: reflexive processes in creative activity (Epiphany D.B., Raven J, A.A.Derkach, O.S.Anisimov, I.N.Semenov, Stepnova A.A.).

In recent years, attempts to create creative educational paradigm (N.F.Vishnyakova et al.) [1].

M.M. Zinovkina first defined the methodological bases of creative complete pedagogical system of the continuous formation of creative thinking (CFCT) on all education levels. In particular, the concept, methods, means and pedagogical conditions of the creative system, training focused on formation of creative system thinking at students of higher educational institutions are in detail developed [2].

Theoretical aspects of creativity are covered by many foreign authors (G.U.Ayzenk, F.Barron, A. Maslou, J.P.Gilford R. Krachfield, W.Smith, R.E.Taffel, C.Taylor, E.P.Torrance, X.Trick, D.Veksler, M.Wallach) [3-4].

The great importance is given to questions of development of creative properties of the personality, bases of training of the competence-based expert, creative training of teachers, increase of creative potential of the personality in scientific articles, works of foreign scientists as (William J, Rothwell, James M, Graber, Plucker J, Beghetto R, Lubart T, Pacteau C, Jacque A.Y, Caroff X, Gelade G.A, Saeki N, Fan X, Van Dusen L, Pilar Matud, Rodriquez C, Grande J, Karwowski M, Gralewski J., Lebuda I.) [5-6].

In Kazakhstan, similar studies are in the process of search. There are some scientific studies on this issue also in Kazakhstan devoted to work on the formation of readiness of the future teachers for creative activities in school (V.V. Shahgulari) [7], the formation of a creative personality senior pupils in the verbal-cognitive activity (B.A. Zhetpisbayeva) [8], improving the readiness of the future teachers for professional creative activity (N. Ilyasov) [9], the definition of pedagogical conditions of formation of creative abilities of students (A.Kenzhebaeva) [10], the formation of professional competence of future professionals in higher education (B.T.Kenzhebekov) [11], the formation of the creativity of future professionals in the university education system (B.A.Ospanova) [12], the study of the educational system of training of future specialists in the field of informatics (K.M.Berkimbaev) [13] and etc.

Totality conducted psychological and educational research provides a solid theoretical and practical basis for the construction of a general theory of creativity.

Analysis of psychological and educational literature shows that most studies have been devoted to the development of some of its aspects, namely, the study focused on the specifics of the formation of creative abilities of the future teachers of teacher training Universities and solve this problem in a comprehensive school.

Without belittling the importance of the concepts expressed above, we note that the scientific-pedagogical complex maintenance of the formation of creativity in the university education system is not yet fully take into account new trends Acme-Creative Training (integration of professions, subjectivity, reflection, synergy, expertise, creative innovation education , creative-educational environment, design and creative activity of students, the intensification of new educational technologies, co-creation), which hinders the development of the theory of the development of creativity and the possibility of its implementation in the training of future specialists. In the field of higher education, unfortunately, there is no widespread practice, and most importantly, understanding the relevance acme-creative training future specialists. Without this, the existing educational programs, from our point of view, does not fully ensure the implementation of the requirements of the professional standard and high competitiveness on the labor market produced by today's professionals, bachelors and masters.

New views on higher education are as focused acme-creative preparing competitive specialist. Today, an important part of the educational process students are studying ways acme-creative activities, knowledge of its mechanisms and methodologies shaping skills necessary for its operations. From this perspective, the purpose of education - the formation of creativity as an integral personality traits, which opens the possibility of the most skilled to generate new methods and activities that will help in the short term to overestimate the focus of its work [14]. In turn, formed acme-creative competencies are determinative improve the quality of training of specialists in high demand. Based on the understanding of the formation acme-creative competence as a process of professional development, mastery of future professional work experience we can say that a competent person is looking to the future, anticipating change, focused on self-education and is always in demand.

To date, there is no single approach to solving this problem, and the curriculum in secondary schools, colleges and universities are not focused on the purposeful formation acme-creative competence of the future specialist, no published study sample programs on this issue. The curricula of many universities there is no study of such subjects as "Acmeology", "Development of Critical Thinking competitive specialist", "Creative Psychology", not published books on these subjects, especially the urgent need for these books in their native language, which is an important condition in acme-creative training of competitive specialists.

We have undertaken a special study of the state, essentially content acme-creative competitive specialist training from the standpoint of integrative and interdisciplinary approaches.

In today's world to succeed, and the more you can win only if you have the necessary knowledge acme-creative. Contemporary global trends dictate the need

to implement a number of measures, including the introduction of a process of learning modern techniques and technologies shaping acme-creative competence competitive specialist with integral style of thinking, able to analyze the facts and phenomena, to think creatively, professionally competent to take decisions, and generate them throughout their lives.

In this context, the system of higher education in modern conditions it is necessary to give a new quality, social status, and understanding it as a special sphere, which is a priority of advanced training of creative, professional and mobile professionals. It is the choice of the individual learning paths eventually allow everyone to develop those personal qualities that are required by the "here and now".

References

- 1 Vishnjakova N.F. Psycho-creative. – Minsk., 1995. – 157 p.
- 2 Sinofkina M.M. Creative technology education. // Higher Education in Russia, 1999. – № 3. – P.101-104.
- 3 Maslou A. Motivation and personality. W th of publ. SPb: – Piter, 2003. – 352 p.
- 4 Gilford J.P. The nature of human intelligence. – N.Y: McGraw-Hill, 1967. – 287 p.
- 5 William J, Rothwell, James M., Graber. Competency-Based Training Basics, American Society for Training and Development, 2010. – 146 p.
- 6 Lubart T., Pacteau C., Jacque A.Y., Caroff X. Children's creative potential: an empirical study of measurement issues // Learning and Individual Diferences. 2010. – № 20. – P. 388-392.
- 7 Shahgulari V.V. Formation of readiness of the future teachers for creative activities in school: dissertation of candidate of pedagogical Sciences. – Almaty, 2001. – 164 p.
- 8 Zhetpisbayeva B.A. Formation of the creative personality of senior pupils in the process of verbal and cognitive activity: diss. ... cand. of ped. sc. – Almaty, 2003. – 152 p.
- 9 Ilyasov N. Scientific and pedagogical bases improve readiness of the future teachers for professional creative activity: Abstract. PhD. – Alma-Ata, 1986. – 25 p.
- 10 Kenjebayeva. A. Pedagogical conditions of formation of creative abilities of students (for example, the study of the highest rates math and physics): abstract of cand. of ped. sc. - Taraz, 1999. – 24 p.
- 11 Kenzhebekov B.T. Formation of professional competence of future specialists in high school: the diss.... of doctor of ped. sc. – Karaganda, 2005. – 267 p.
- 12 Ospanova B.A. Theory and technology of formation of creativity of the future specialist. - Germany, 2013. – 287 p.
- 13 Berkimbaev K.M. Educational system of the learning process disciplines in the field of informatics training future specialists: the diss. of the doctor of ped. sc.- Turkestan, 2006. – 324 p.

14 Ospanova B.A. Pedagogical bases of formation creativity of future specialist in university education: disse. ...of the doctor of ped. sc. - Turkestan, 2006. – 290 p.

Б.А. Оспанова

д.п.н, профессор, МКТУ им. Х.А. Ясави, Туркестан, Қазақстан

И.И. Сағдуллаев

докторант, МКТУ им. Х.А. Ясави, Туркестан, Қазақстан

Особенности акме-креативной подготовки конкурентоспособных специалистов

Акмеология (от др.-греч. акме-вершина, др.-греч. Logos — учение) - наука о высших достижениях человека, который является частью психологии развития. В связи с этим, формирование творчества студентов как будущего специалиста действует как одна из целей профессиональной подготовки. Развитие акмеологического знания и их образовательный потенциал, рассматриваемый с позиций современных тенденций в образовании требует изменения содержания, характера и направленности акме - креативной подготовки, где процесс приобретения профессиональных знаний преломляется через личностную, ценностно-смысловую сферу субъектов образовательного процесса в вузе.

Б.А. Оспанова

п.ғ.д, профессор, Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

И.И. Сағдуллаев

Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ-нің докторанты, Түркістан, Қазақстан

Бәсекеге қабілетті мамандарды акме-креативтік даярлаудың ерекшеліктері

Акмеология (көне грек тілінен аударғанда акме – шың, logos - ілім) адамның ең жоғарғы жетістігі туралы ғылым, ол даму психологиясының бір бөлігі болып табылады. Осыған орай, студенттердің шығармашылығын қалыптастыру - кәсіби даярлықтың бір мақсаты ретінде іске асырылады. Акмеологиялық білім және олардың білім потенциалын дамыудың білім берудегі заманауи тенденциялар қырынан қарастырылуы акме-креативті даярлаудың мазмұнын сипат мен бағыттылығын жоғары оқу орнындағы кәсіби білім беру үдерісінің субъектілерінің тұлғалық, құндылықты, мазмұндық аймақтар арқылы өзгертуді талап етеді.

УДК 373.1.013: 37.026.9:373.3

К.Қ. Құнантаева

Қазақстан Республикасы ҰҒА-ның академигі, профессор,
Алматы, Қазақстан

А.С. Амирова п.ғ.д., профессор,
Абай атындағы ҚазҰПУ,
Алматы, Қазақстан

БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТІ – КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІҢ НЕГІЗІ

Мақалада жоғары білімнен кейінгі білім беруде мамандардың зерттеушілік іс-әрекеті - кәсіби құзыреттілікті қалыптастырудың негізі ретінде қарастырылады. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптастыруда мәдени құндылықтарды саралай отырып, білім сапасын қамтамасыз ететін негізгі үш факторды: оқу бағдарламасының мазмұны, оқыту үдерісін ұйымдастыру және педагогтың кәсіби құзыреттілігі көрсетілген. Педагогтың кәсіби құзыреттілігінің психологиялық - педагогикалық аспектілерді қамтитыны және оларды қалыптастырудың жолдары шығармашылық-зерттеушілік іс-әрекет тұрғысынан көрсетілген. Автор жасалған талдауларға сүйене отырып, магистранттарды зерттеушілік іс-әрекетке баулуда оның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының алғышарттарын бөліп көрсеткен.

Тірек сөздер: тұлға, кәсіби құзыреттілік, кәсіби педагогикалық құзыреттілік, зерттеушілік іс-әрекет, рефлексия, рефлексиялық тапсырмалар

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында білім алушылар үшін: «баршаға бірдей сапалы білімге қол жеткізу; коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту», – деп көрсетілген. Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруда электрондық оқыту жүйесіне көшуге және олардың біліктілігін арттыру үшін ақпараттық технологияларды пайдаланушыларды даярлау және олардың біліктілігін арттыру қажет, – екені нақтыланып берілген [1]. Бұл бүгінгі жоғары оқу орындарынан кейінгі білім беруде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда зерттеушілік іс-әрекетіне баулу мәселесін алға шығарады.

Елімізде білім беру жүйесінің құрылымдық келелі өзгерістерінің негізі Болон үдерісіне енуімен байланысты. Бұл әрине өз кезегінде жоғары білімнен кейінгі магистранттар мен докторанттарды даярлауда әлемдік тәжірибені игерумен қатар, педагогикалық үдерісті инновациялық тұрғыда зерттеушілік іс-әрекетке баулу мақсатында ұйымдастыруды қажет етеді.

Осы тұрғыдан алғанда ЖОО–нан кейінгі білім берудегі жоғары мектеп педагогикасы болашақ мамандарда құндылықтың жаңа шкаласын яғни кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үшін білім алушылардың белсенділігін арттыруда зерттеушілік іс-әрекетке баулуда тұлғалық-бағдарлы оқыту технологиясын негізге алуы тиіс. Оның атқаратын негізгі функциясы білімді маманның шығуына ықпал ету арқылы тұтас кәсіби дайындықты қамтамасыз ететін жоғары деңгейлі әлемдік білім кеңістігі туралы түсінікті қалыптастыру болып табылады.

Ж.Ыдырысованың пайымдауынша, жеке адамның тұлғалық теориясының келесі талаптарын атап көрсеткен:

- жүйелі қарым-қатынастың болуы яғни басталуы;
- нақты айқындалған құрылымның болуы;
- құрылымның әртүрлі компоненттерінің өзара байланысы және логикалық қызметі адамның тұлға ретінде өзін-өзі жүзеге асыратын, өзін-өзі реттейтін жүйесінің болуы [2].

Бұл талаптар адамның тұлғалық түсінігін қанағаттандыру тұрғысынан түсіндіріледі, адам өзін-өзі жүзеге асыратын және өзін-өзі дамытатын жүйе ретінде қарастырады. Бұдан адамның өмірі мен дамуының бастау көзі өзіндік мәнін дәлелдеуге ұмтылуы өзінің өмірлік әрекетін және нақты шығармашылығын реттеуі мен ерекшелігіне баса назар аударғанын көруге болады. Автор адамның психологиялық құрылымының орталық компоненті бұл – реттілік және ерекшелік, - деп түйін жасаған.

И.А. Зимняяның пікірінше, құзыреттіліктің сипаттамасы өзіне мыналарды: құзыреттілікті көрсетуге дайындығы, құзыреттіліктің мазмұнына қатынасы, объектіге қатысты білімі, дағдысы, білігі, ойлау ерекшеліктері, іс-әрекет тәжірибесі, үдеріс үстінде эмоционалдық ерік жігерін реттеуі, құзыреттіліктің нәтижесін көрстеу барысындағы өзіндік талдау жасауы, - болып табылады [3].

Психология ғылымында адамды дамытудың үлгісін жасауда құзыреттілік ұғымы кіріктірілген мәселе ретінде теориялық тұрғыдан тұлғаның мінез-құлқы мен іс-әрекеттік тұжырымдамасының негізінде қарастырылады. Ол тұлғаның мәселені, жағдаяттарды шешуде өзінің ресурстарын пайдалана отырып, сапалы нәтижеге жетуінде қолданылады.

В.А. Сластенинше, кәсіби педагогикалық құзыреттілік оқытушының педагогикалық қызметтегі функционалдық құрылымы арқылы берілетін кәсіби функциясын, кәсіби қызметін орындау үшін қажетті теориялық және практикалық дайындық бірлігі болып табылады [4]. Бұдан шығатын қорытынды автор оқытушының кәсіби құзыреттілігін оның дайындығындағы теория мен практиканың бірлігінде, яғни педагогтық қызметтегі шығармашылық іс-әрекетпен ұштастыра білу қажеттігін қарастырғанын көруге болады.

М.В.Рыжков құзыреттілік ұғымдарына келесілерді жатқызады:

- «құзыреттілік» ұғымы тек танымдық және процессуалдық құраушы ғана емес әрі мотивациялық, әлеуметтік және мінез-құлықтың, яғни оқыту нәтижелерін (білім, білік, дағды), құндылық бағдар жүйелерін қамтиды;

- құзыреттілік – алған білім, білік, тәжірибе мінез-құлық тәсілдерін нақты жағдаятта, нақты іс-әрекет жағдайында жұмылдыру қабілеті;
- құзыреттілік ұғымының нәтижесі кіріктірілген білім мазмұны;
- құзыреттіліктер тек білім беру мекемелеріндегі оқыту үдерісінде ғана емес, яғни дәстүрлі және дәстүрден тыс білім алу жағдайында да қалыптасады [5]. Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда оқыту үдерісін ұйымдастыруда осы ұғымдарға басымдық беру қажет,- деп санаймыз.

О.Б.Хововтың пікірінше, құзыреттілік «біліктілік» ұғымына қарағанда мағынасы кең, өйткені, біліктілікті сипаттайтын таза кәсіби білім және іскерлікпен қоса топта жұмыс істеуге ынталылық, ынтымақтастық, қабілеттілік, қарым-қатынасқа бейімділігі, оқу, бағалау, қисынды ойлау, ақпаратты алу мен пайдалану, т.б. іскерліктер енеді - деп түйіндеген [6]. Бұдан магистранттардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруда білім беру нәтижесіндегі жаңа түбегейлі өзгерістерді іске асыруда «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарының негізге алынғанын айқындайтынын көруге болады.

В.В.Краевский мен И.Я.Лернердің пікірлерінше, «құзыреттілік» және «құзыр» ұғымдары абстрактілік пен нақтылық диалектикалық категорияларының арақатынасы, яғни құзыр – бұл жүзеге асырылған құзыреттілік, іс-әрекеттегі құзырлығы. Осылайша, түсіндірілетін құзыреттіліктер негізгі немесе тұғырлық және кәсіби болып бөлінуі мүмкін. Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын айқындады және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік процессуал негізі ретінде танылып отыр [7]. Бұдан шығатын қорытынды осы «тұжырымдамаға» және басқа зерттеушілер қорытып шығарған тұжырымдар негіз болғанын көреміз.

Ж.Аймауытов: “Мектеп бітіріп шыққан соң, бала бүкіл әлемге өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен ашылған саналы ақыл көзімен қарайтын болса, міне, білімдендірудің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз болуы керек”, - деп айқындап берген [8]. Автордың пікірін бүгінгі күннің көзқарасымен талдайтын болсақ, білім берудің мақсатын ХХ ғасырдың басында айқындап берген болатын. Бүгінгі күннің басты талаптарының бірі әлемдік білім кеңістігіне еркін кіре алатын тұлғаны дайындау болса, оқу орнының қай деңгейінде де бітіруші түлектердің білімі мен біліктілігін, интеллектуалдық мүмкіндігінің болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының негізі ретінде қарастырған жөн. Мұның өзі бүгінде бастауыш білім мазмұнының жалпыадамзаттық құндылыққа бағдарлануы білім беруді ізгілендірудің міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыруды қамтамасыз етуін көздейді.

Педагогика ғылымында «құзыреттілік» ұғымын қабілеттілік, біліктілік, икемділік ұғымдарымен үйлесімді қарастыратын ғалымдардың бірі Ә.М.Құдайқұлов «қабілеттілік – белгілі бір қарекетті нәтижелі

орындайтындай тұлғаның жеке дара ерекшелігі, - деп тұжырымдайды. Ол қарқынды жылдам, тұрақты, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдерімен сипатталады. Оның жоғары деңгейі – шығармашылық, таланттық, дарындылық, данышпандықпен және бәсекелестікпен ерекшеленеді» [9]. Жоғары білімнен кейінгі білім беруде мамандардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруда автор ұсынған әрбір білім алушының дара ерекшелігін ескеру қажет деп санаймыз.

Отандық және шетелдік ғалымдардың оқытушының кәсіби құзыреттілігі туралы пікірлерін саралайтын болсақ, олардың бірін-бірі толықтыратынын және ұқсастықтарын көреміз, өйткені кәсіби білім мен дағды, қоғамдық құндылық бағдар, іс-әрекетке мотивациясы, сөйлеу мәдениеті, қарым-қатынас стилі, өзінің шығармашылық әлеуетінің дамытуға, білім алушылармен өзара қарым-қатынаста түсінісе білу қабілеті, ЖОО-да пәндерді оқыту әдістемесін меңгеруі және т.б. жатқызады.

Әлемдік білім кеңістігіне енуде әрбір тұлға өзін-өзі жүзеге асыра алады, өйткені, болашақта бәсекеге қабілетті, кәсіби құзыретті маман ретінде, өзінің білім беру аясынан кеңістікке шыға алатын болады. Осы тұрғыдан алғанда ЖОО–нан кейінгі білім берудің келесі тенденцияларын бөліп көрсетуге болады:

– жоғары академиялық іргелі білімнен кәсіби білім беруге көшу яғни оның мазмұны мен технологиясы болашақ маманның кәсіби әрекетіне сәйкес келуі, бұл жерде үздіксіз білім беруде сатылай, деңгейлі және икемділік ескерілуі тиіс;

– магистранттар мен докторанттарды даярлаудың сапасын белсенді ету;

– тұлғалық дамытудың рөлін күшейту, кәсіби жетілдірудің міндеттерін күрделендіреді, ол әрине білім алушы түлектердің дайындығына өзіндік білімін шығармашылықпен жетілдіруді талап етеді;

– жоғары кәсіби білім беруде нарықтық мехнизмді, сапа менеджментінің жүйесін ендіру, магистранттар мен докторанттарды даярлауға қойылатын мақсатты және оған қойылатын талаптарды жоғары деңгейдегі қолжетімді нәтижесіне, білім берудің тиімділігінің көрсеткіші болып табылатын сынақ бірліктері, нәтиженің сәттілігі және т.б.

ЖОО–нан кейінгі білім берудің жоғарыдағы тенденцияларына жасалған талдаулар білім берудің мақсаты, мазмұны, болашақ мамандарды дайындаудың жаңа моделін кешенді, кіріктірілген түрде кәсіби іс-әрекетте баулуда әлемдік білім кеңістігінде қалыптастыруға негіз болады. Бұл модель бітіруші түлектің кәсіби даярлығын білім, білік, дағдымен ғана емес, оның базалық тұлғалық сапасының және шығармашылық қабілетін жүйелі халықаралық тәжірибеде айқындалған түйінді құзыреттіліктерді меңгеруді іске асырады.

Білім беру кеңістігінде оқытушының мәнді мақсаттарының бірі шығармашылық болып табылады. Осы мақсаттарды жүзеге асыру оқу бағдарламаларының мазмұны мен оқыту үдерісін ұйымдастыру арқылы

жүзеге асырады. Оқыту үдерісі оқытушының шығармашылық іс-әрекетінің көрінетін кеңістігі ретіндегі сипатқа ие болады. Педагогтың шығармашылығын көрсетуі оның үйлесімді білім мәдениеттілігі, білімді талдаудағы ойлау мәдениеті, педагогикалық өзара әрекеттестік, сезім және қарым-қатынас мәдениетінен көрінеді.

Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігінің тұжырымдамасында жалпы әлемдік мәдени құндылықтарды енгізуді көздейді. Білім сапасы негізгі үш факторды қамтамасыз етеді, олар: *оқу бағдарламасының мазмұны, оқыту үдерісін ұйымдастыру және педагогтың кәсіби құзыреттілігі*. Олардың әрқайсысына тоқталатын болсақ: Магистратура мен PhD докторантураға арналған білім беру бағдарламаларының мазмұны әлемдік стандартқа сәйкестендіріп әзірлеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне тапсырылуы әрине, профессор-оқытушылар ұжымына үлкен міндет жүктелгені деп түсінеміз.

Білім беру бағдарламаларын әлемдік стандартқа сәйкестендіруде шетел тәжірибелерін зерделеу, шетелдік ғалымдарымен пікірлесу, бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде кредиттік оқыту технологиясының ерекшеліктері, мобильдік ұтқырлықтың жүзеге асырылуы, серіктестікте қызмет істеу және т.б. толығымен ескеріледі.

Білім сапасын қамтамасыз ететін келесі факторы оқыту үдерісін ұйымдастыруда қазіргі ақпараттық және мультимедиа технологияларын, интерактивті тақта, электрондық оқулықтар, инновациялық технологиялар мен интербелсенді әдістерді қолдану, магистранттар мен докторанттардың өзіндік жұмыстарының нәтижесін көрсететін портфолиосы, субъекті мен субъектілік қатынасқа құрылған дәрістер мен семинарлар, білім алушылардың креативтілігін дамытуға арналған шығармашылық тапсырмалар, профессорлардың «Шеберлік сыныптары», озат тәжірибелерді үйрену және т.б. пайдалану әдістемесін меңгерту көзделеді.

Келесі фактор педагогтың кәсіби құзыреттілігі тұлғалық негізде төмендегі аспектілерді: философиялық, әлеуметтік, мәдениеттілік қамтиды. Олар:

- кәсіби құзыреттіліктің философиялық аспектісі тұлғаның рефлексиялық қажеттілігінен туындайтын интерпретациялық іс-әрекеті, оны атқарудағы тұлғаның адами сапалары, білім алудың негізгі ортасында тұратын адамның өзінің дамуы;

- кәсіби құзыреттіліктің әлеуметтік аспектісі субъекті-субъектілік педагогикалық қызметті бірлесіп шығармашылықпен ұйымдастыру біліктілігі, өзін-өзі дамытуы, өзін-өзі ұйымдастыруы өзін-өзі шығармашылықпен жүзеге асыруы, кәсіби тұлғалық өсуі;

- кәсіби құзыреттіліктің мәдениеттілік аспектісі тұлғаның көпмәдениеттілікті, арнаулы этникалық факторларды түсінетін, серіктестік іс-әрекеттегі мінез-құлқы, тұлғааралық және іскерлік қарым-қатынасқа түсе алуы, мәдениетаралық бірлескен іс-әрекетті ұйымдастырудағы шығармашылығы.

ЖОО–нан кейінгі білім беруден кейінгі магистранттар мен докторанттардың кәсіби құзыреттілігіне тұлғаның кіріктірілген қасиеттеріне: коммуникативтік, дидактикалық және тұлғалық компоненттерден тұратын педагогикалық және пәндік білім салаларын бірлестіке қарастыратын құзыреттіліктер жатқызылады. Коммуникативтік құзыреттілікке пән бойынша ауызша және жазбаша қарым-қатынастың түрлерін меңгерту көзделеді. Дидактикалық компоненттің негізіне алған білімін талдау, педагогтың шығармашылық іс-әрекетінің дағдысы, білімді жеткізушілік әлеуеті, іс-әрекетке түсу жағдайы мен қабілеті, білім алушыларды оқытудағы өзіндік жобалау технологиялары, оқу-тәрбие үдерісінің логикалық құрылымы, пайда болған мәселелерді шеше білу мүмкіндігі, педагогикалық міндеттерді өздігінен мобильді түрде шешудің әдістерін, креативті ойлау, оның кәсіби және өзінің білімділігін көтеруге ықпал етеді.

ЖОО–нан кейінгі білім берудегі оқытушының тұлғалық компоненті оның кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде көрініс береді. Педагогикалық іс-әрекет әлеуметтік, мәдени өсуімен сипатталады. Оқытушының әлеуметтік жағы педагогикалық қызметінде зерттеушілік іс-әрекетінің қалыптасу мәселесімен байланысты қарастырылатын педагогтың шығармашылық стилі болып табылады. Оқытушының шығармашылық стилі педагогикалық іс-әрекеттердің бірлігі мен іс-әрекеттердің құралдары, яғни оның тұтастай зерттеушілігін қамтиды. Шығармашылық стиль ұғымы педагогтың өзіндік жұмысы, белсенділігі, креативтілігі, біліктілігі жауапкершілігімен байланысты болмақ.

ЖОО–нан кейінгі білім беруді қайта құруда білім алушылардың өзін-өзі жүзеге асыруына, кәсіби құзыреттіліктерді меңгеріне, оқыту үдерісіне зерттеушілікке, ізденіспен келуді қамтамасыз етеді. Ол үшін тьютордың сабаққа дайындығы да алдыңғы қатарға шығады, өйткені білім алушыларға әрбір пән бойынша берілетін білім мазмұнын меңгертуде оқытушының шығармашылық тапсырмаларды құруда креативтілігі ол әрине магистрант пен магистранттардың зерттеушілік қабілетін, қиялын, кәсіби рефлексиясын қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. Педагогикалық міндетті пәндерде «іскерлік ойындар», «интервью», «тренинг», «шығармашылық топтық тапсырмалар», «презентациялар», «бейнетаспалар» және т.б. инновациялық технологияларды пайдалану арқылы білім алушылардың оң көзқарасын қалыптастырып, жобалау мүмкіндіктерін дамытуға, рефлексияны, коммуникативті дағдыларды жетілдіруге негіз болады.

Педагог орындалатын әрбір тапсырманы ұсынған кезде оларды шығармашылықпен орындату арқылы мақсатқа жетуді көздейді. Тұлғалық-бағдарлы оқытуды жүзеге асыру үшін білім алушылардың мотивациясын тудыруға ықпал етіп, мақсатқа бағытталған ахуал туғыза білуі қажет. Сонда ғана оқыту үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану арқылы тапсырмаларды орындату әдістемесі белгілі нәтижеге жетеді. Мысалы, оқыту үдерісінде алған білімі мен өздігінен ізденуі нәтижесіндегі білімінің тереңдігін көрсететін, *магистранттарды шығармашылыққа баулуда оның*

кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуының келесі алғышарттарын бөліп көрсетеміз. Олар:

- бірінші, оқыту үдерісінде жаңа білімді меңгертуде инновациялық технологияларды пайдалану арқылы оқытушы интерактивті тақтамен жұмыста әртүрлі зерттеушілік тапсырмаларды ұсынып, оларды шешу барысында жаңа білімді ізденімпаздықпен меңгеруге мүмкіндік туғызуы тиіс.

- екінші, өтілген тақырып бойынша магистрант өзіндік жұмыстар нәтижесін көрсететін портфолиосын құруда кредиттік жүйемен оқытуға қойылатын талаптарды орындау үшін зерттеушілік тапсырмаларды инновациялық технологияларды қажетіне қарай пайдалана білуі тиіс.

- үшінші, өтілген тақырып бойынша берілген тапсырмаларды орындауда шығармашылықпен ізденіп, тапсырмалардың түрлеріне қарай ойын жүйелеп, өзіндік қорытынды жасауда инновациялық технологияларды біліктілікпен қолдана білуі қажет.

- төртінші, бұл белгілі бір тақырып бойынша зерттеу жұмысын жүргізіп, ол бойынша “жоба”, “курстық жұмыс”, “диплом жұмыстарын” қорғауда және ғылыми конференцияларда зерттеу жұмысының нәтижесін баяндауда көрініс табады.

Өйткені, тақырыптың мақсатына сәйкес шығармашылықпен сараланып алынған оқыту технологиялары білім алушылардың жаңа материалды меңгерудегі ізденістері мен зерттеушілік әрекетін дамытады.

Мысалы, «Миға шабуыл» интербелсенді әдісін қолдануға құрылған тапсырма: шығармашылық тапсырмаларды шешу үшін ойлау белсенділігін арттыратын қандай әдістер қолдануға болады? Пікіріңізді дәлелдеңіз.

«Зерттеушілік мәселесіне арналған тапсырманы шешу үшін топтық команданы қалай құрып және осы бірлескен топпен жұмысты қалай ұйымдастыру керек?» - деп ойлайсыз? Мысал келтіріп дәлелдеңіз.

Келесі тапсырма: Креативті сипатта болды. Эмпатия. Ойша объектінің немесе субъектінің даму кезеңдерінде «өмір сүресіз» (білім, тәрбие және т.б.) өзіңіздің сезіміңізді сипаттап айтыңыз және т.б.

*Магистранттарға ойларын **рефлексия** бойынша түйіндеуге тапсырмалар ұсынылады. Мысалы:*

- *зерттеу тақырыбыңыз бойынша қандай шығармашылық тапсырмаларды алдыңыз және оның шешу жолын неде деп ойлайсыз? Оны тәжірибеге енгізуде қандай қиындық бар деп ойлайсыз? Магистрант өзінің зерттеу мәселесімен байланыстырып дәлелдеуі тиіс.*

- *кәсіби құзыреттілік деп нені түсінесіз, қазіргі тәжірибеде оны неден байқайсыз? Мысал келтіріп ойыңызды дәлелдеңіз.*

- *оқыту үдерісі барысында шығармашылық тапсырмалар кәсіби құзыреттілік мәселесін шешіп тұр ма? Сіздің пікіріңіз қандай? Нақты мысал келтіріп дәлелдеңіз.*

Рефлексиялық тапсырмалардың келесі түрі бейнетаспа түрінде ұсынылды. Мысалы, бейне материалдар бойынша, бір оқытушының өткізген сабағынан және қалалық семинардан үзінділер көрсетіледі. Бейнетаспадан көргендері бойынша, екі педагогтың білім алушыларды

зерттеушілікке баулудағы кәсіби құзыреттілігін салыстырмалы түрде тұжырымдап, ой қорытындысын жасау тапсырылды.

Сонымен, жоғары білімнен кейінгі кезеңде оқыту үдерісінде берілетін білімнің мазмұны мен технологиялары әрбір магистранттың білім траекториясының негізін құрайтын әртүрлі тұжырымдамаларға сүйенуі, зерттеушілікке деген ізденісі мен кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың көзі болып табылады, - деген тұжырым жасауға болады.

Оқыту үдерісінде оқытушының тұлғалық жетістігінің деңгейін дамыту үшін және өзінің іс-әрекетінің нәтижесін саналы бақылауда рефлексивті компонент негізгі болып есептеледі. Рефлексивті компонентке негізінен педагогтың іс-әрекетін бақылау, бағалауда кәсіби құзыреттіліктің құрамына енетін дидактикалық, коммуникативтік компоненттердің мазмұны жатады. Оқытушының өзінің тәжірибесінде рефлексивті компоненті толығып, тұлғалық құзыреттілігінде көрініс береді. Соның нәтижесінде оқытушының тұлғалық жетістігі, білім алушылармен субъектілік қарым-қатынаста болуы, олардың өзіндік танымын, кәсіби өсуін, шеберлігін жетілдіру, тұлға ретінде қалыптастыратын зерттеушілік іс-әрекетке жетелейді. Сонымен педагогтың ізденісі, жетістігі, өзін-өзі дамытуы зерттеушілік іс-әрекеті үздіксіз жүріп отыратын үдеріс, белгілі бір тақырыптың аясында басталған зерттеушілік іс-әрекеті оның бүкіл педагогтың өмірінде жалғасын табуы тиіс, - деп тұжырым жасаймыз.

Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010. – 370 б.

2 Ыдырысова Ж.Ы. Формирование интеллектуального потенциала нации в условиях высшей школы: Сб.н.т. – Алматы: Изд. «Ұлағат» КазНПУ имени Абая, 2012. – 128 б.

3 Зимняя И.А. Ключевые компетенции как результативно-целевая основа компетентностного подхода в образовании. – М., 2004. –21 с.

4 Сластенин В.А.Профессионализм педагога: акмеологический контекст // Пед. образование и наука. – 2002. - №4. – 170 с.

5 Рыжков М.В. Ценности гуманитарного образования // Высшее образование в России. – 2006. - №1. – С.85-89.

6 Ховов О.Б. Проблемы образовательной политики на пороге XXI века // Специалист. – 1999. - № 10. – 38 б.

7 Краевский В.В., Лернер И.Я. Теоретические основы содержания общего и среднего образования. – М., 1983. – 214 с.

8 Аймауытов Ж.Тәлім-тәрбие антологиясы. II том. – Алматы, 1998. – 415 б.

9 Құдайқұлов Ә.М. Творчестволық және бәсекелестік қабілеттілік. - Алматы: Школа XXI века, 2006. – 76 б.

К.К. Кунантаева

профессор, академик НАН РК,
Алматы, Казахстан

А.С. Амирова

д.п.н., профессор, КазНПУ им. Абая
Алматы, Казахстан

Исследовательская деятельность будущих специалистов – основа профессиональной компетентности

Исследовательская деятельность будущего магистранта является основой формирования профессиональной компетентности. Высокий уровень профессиональной подготовки будущего магистранта формируют следующие основные факторы: образовательные программы, современный подход к организации образовательного процесса и профессиональной компетентности профессорско-преподавательского состава.

K.K. Kunantayeva

Professor, academician of NAS of RK

A.S. Amirova

d.p.s., Professor, KazNPU named after Abai

The research activities of the future experts - the basis of professional competence

The article considers researching of creative activity of the future master as an integral part of professional competence. The key factors forming the high level of professional training of the future master are educational programs, modern approach to the organization of the educational process and the professional competence of the faculty. The author distinguishes the psycho-pedagogical aspects of the professional competence of the teacher and the ways of their formation in the creative and research activities of students. The starting conditions of the research creative activity in the formation of the master's professional competence were based on the analysis of theoretical aspects.

УДК 37.036

С.Ш. Абенбаев

п.ғ.к., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

Г.М. Ахметова

оқытушы, №151 жалпы білім беретін мектеп,
Алматы, Қазақстан

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БҮГІНГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Мақалада студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Авторлар студенттерде ұлттық тарихи-мәдени мұра жөніндегі білімдердің жеткіліксіздігін Кеңестік білім беру жүйесінде әлемдік және отандық мәдени құндылықтарға жете көңіл бөлінбегендігімен түсіндіреді. Қоғамды ізгілендіру жағдайындағы жоғары мектептің білім беру жүйесінде студенттердің кәсіби тұлғалық сапасын жетілдіруде отандық мәдениет құндылықтарын меңгерту, соның негізінде қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастырушылық жүйесін жасау, оның ерекшеліктерін сараптау, оларды оқу-тәрбие үдерісіне ендіру қажеттілігін алға тартады.

Тірек сөздер: эстетикалық мәдениет, мәдени мұра, қазақ халқының мәдени мұрасы, әлемдік және отандық құндылықтар, тарихи-мәдени мұра

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында жоғары мектеп бойынша жүргізіліп жатқан реформа дүниежүзілік стандартқа сай жаңа оқу жүйесін енгізуде. Яғни, кредиттік оқу жүйесі бойынша оқыту үрдісін ұйымдастырудың принциптері мен мазмұны, құрылымы мен ұйымдастыру формалары айтарлықтай өзгешелікке ұшырап отыр. Бұның ерекшелігі, студенттердің өз бетінше білім алуына айрықша мән берілген. Бұндай көзқараста, студенттердің кәсіби құзырлығының бірі ретінде өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі дамытудың әлеуеттік мүмкіндіктері молаяды. Оның нәтижесі студенттердің жалпы мәдениетін, соның ішінде эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың сапасын жетілдіруге өз ықпалын тигізері анық.

Кеңестік білім беру жүйесіне шектен тыс идеологиялық тәуелсіздік пен кәсіптік тар бағдар тән болды. Бұған қоса қоғамдық пәндер саласында адам табиғатын, оның өмірлік мүдделері мен қажеттіліктерін, шынайы мәдени құндылықтарды меңгерту проблемалыры, керісінше өткендегі ғылыми білім үлгілеріне бағыт ұсталды. Білім берудегі жаттанды қағидалар әлемдік және

отандық мәдени құндылықтардан оқшаулануға, рухани өмірдің жұтандауына әкеліп соқты. Нәтижесінде, халықтың мәден-тарихи мұрасы жадымыздан қағыс қалдырылды. Соған орай қазіргі кезде студент жастардың көпшілігінде тарихи-мәдени мұра бағытындағы білімдердің тапшылығы айқын сезілінуде. Оларда халқымыздың өткен тарихы мен мәдени дәстүрлерінен түсініктерінің үстірт немесе болмауы, өмірге және ондағы өз орнын айқындауында тоғышарлық көзқарастың болуына ықпал етуде [1].

Бүгінде жоғары мектептің білім беру жүйесінің негізгі мақсаты – құзырлы кәсіби мамандарды даярлау, соған байланысты оқу-тәрбие процесінде оқытушылар мен студенттердің өзара бірлескен әрекеті білім беру, дамыту және тәрбие қызметтерін бірлікте жүзеге асыру міндеттерін шешуге бағытталған. Дегенмен жоғары оқу орындарының қоғамдық-әлеуметтік пәндері бойынша студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға қатысты арнайы зерттеу жұмыстарының нәтижесі олардың осы саладағы білімдерінің жеткіліксіздігін, аталмыш пәндердің оқу бағдарламаларында көтеріп отырған мәселеге қатысты сұрақтар жеткілікті дәрежеде қарастырылмағанын, олар негізінен жалпы мәдениетке болмаса өнердің тарихына қатысты білімдерді аз мөлшерде меңгертумен шектелетіндігін көрсетеді. Ал жаратылыс тану пәндері бойынша бұл мүмкіншіліктер тіпті ескерілмеген.

Кезінде жоғары және арнайы орта педагогикалық оқу орындарының оқу жоспарына этнопедагогика пәні ендіріліп, кафедра ашылды. Өкінішке орай, бүгінде бұл жаңалықтың жолы ұзаққа бармады. Кредиттік жүйеде этнопедагогика арнайы пән ретінде стандартқа ендірілмей қалды, кафедралар себепсіз жабыла бастады. Дегенмен де, кейінгі жылдары бұл мәселенің шешімін қайсібір оқу орындарында стандарттағы таңдау компоненттеріне бөлінген сағат көлемінде (егер бөлінген жағдайда) студенттерге меңгертіліп жүр. Стандартқа енген арнайы педагогикалық пәндердің мазмұны «Этнопедагогика», «Халық педагогикасы» материалдарына бір-екі тақырып көлемінде, онда да үстірт, көңіл бөлінетінін дәлелдейді.

Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үдерісінде оқудан тыс кезеңдерінде қазақтың халықтық мәдени мұрасы арқылы тәрбиелеудің мүмкіншіліктерін пайдалану өз дәрежесінде ұйымдастырылмайды. Өткен тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстанда 60-жылдардың соңы 70-жылдардың басында студент жастар қоғамдық кәсіптік факультеттің сан алуан түрлерімен айналысып, көркемөнер және музыкалық-эстетикалық білімдері мен қабілеттерін жетілдіруге көптеп мүмкіндіктер алды. Оның драма және көркем сөз оқу өнері, хор және вокалдық ансамблдер, халық аспаптар оркестрлері ойдағыдай жұмыс істеді. Дегенмен, олардың идеялық бағыты мен көркемдік мазмұны студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы толыққанды қалыптастыруға, эстетикалық мәдениет саласынан жан-жақты білім алуына ықпалы шектеулі болды. Эстетикалық білім саласынан жүйелі білім берілмеді, көркемөнермен айналысуға көбінесе оларға қызығушылық танытқан студенттердің аз мөлшері ғана тартылды. Нәтижесінде, студенттердің басым көпшілігінің

эстетика құндылықтарын шынайы түсінуі мен қабылдаудауы тұрғысынан қабілеттері жетіспеді, оларды бағалауда талғамсыздыққа бой ұрды.

Бүгінде жоғары оқу орындарының білім беру жүйесінде осы бағытта жүйелі оқу-практикалық жұмыстарын ұйымдастыруға жеткілікті көңіл бөлінбейді, онда нақты біртұтас жүйе қалыптаспаған. Оқу процесінің мазмұны мен формаларында студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға сай нақты материалдар мен эстетикалық бағыт жоқ. Олар, негізінен оқу жоспарлары, оқу бағдарламалары, оқулықтардың мазмұны арқылы анықталады.

Сабақтан тыс тәрбие жұмыстарының кеңестік дәуірге қарағанда деңгейінің төмендеу жағдайы клуб жұмыстары, көркемөнерпаздар үйірмелері, факультативтер, кештер, мәдени ошақтарға саяхат жасау, көркем мәдени-әдеби шығармашылық бірлестіктерінің жұмыстарының, сол секілді көптеген көпшілік-мәдени шаралардың өз дәрежесінде ұйымдастырылмауы, студенттердің эстетикалық мәдениетін нәтижелі етіп ұйымдастыруға мүмкіндік бермейді [2].

Бүгінде еліміздің әлеуметтік-мәдени өмірінің жақсаруына қарамастан студенттердің кейбір бөлігінің қазақ халқының мәдени мұрасының құндылықтары ретінде әдебиетке, өнердің қайсыбіріне белсенді қарым-қатынас жасауға, соның барысында өз білімдерін жетілдіруге, оларға қызығушылық танытуға, ұлттық салт-дәстүрлерге және мінез-құлық пен қарым-қатынас мәдениетіне қатысты қажеттілік танытып, өзін-өзі тәрбиелеуге енжарлық күй танытуда. Оған, біріншіден, студенттердің өздерінің сабақтан тыс кездерде қолы бос уақыттарын тиімді пайдалана алмауы, екіншіден, олардың эстетикалық тәрбиесінде жоғары мектеп оқытушыларының назарында студенттер емес, керісінше тек оқыту үдерісіне басымдық таныту жағдайы, үшіншіден, студенттердің оқу үдерісінде шамадан тыс жүктеменің орын алуы, төртіншіден оқытушылар қауымының студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруға сай эстетика-педагогикалық білімдерінің аздығы кері әсерін тигізуде. Нәтижесінде, бүгінде қоғамның талабына сай студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруды ұйымдастырудағы сәйкессіздікті жоюда жоғары оқу орындары әлсіздік танытуда.

Қазіргі студент жастардың әлеуметтену үдерісіне әсер ететін олардың бейресми бірлестіктері. Солардың ішінде рок-клубтар, дискотека, музыкалық жастар клубы, көңілділер мен тапқырлар клубы және т.б. Бұл жерде олар бір-бірімен жиі кездесуге, қарым-қатынас жасауға мүмкіндік алады, өздерінің қызығушылығын қанағаттандырады. Жастардың, соның ішінде студенттердің осындай жиналатын орындарының эстетикалық бағыты мен әлеуметтік-мәдени сипатын және мазмұнын, ұйымдастыру формаларын ұлттық идеяға негіздеп, ұлттық құндылықтарды меңгерту арқылы олардан ләззат алу қанағат сезімдерін орнықтыруды ұштастыра жүргізсе, онда студенттердің эстетикалық мәдениетін нәтижелі қалыптастыруға олардың да ықпалы зор.

Қазақ халқының мәдени мұрасын қайта жандандыру мен тәрбиелік мүмкіндіктерін бүгінгі ұрпақ тәрбиесінде пайдалану миселесіне Қазақстан егеменді ел болып, тәуелсіздікті қолына алғаннан бастап (1991) аса назар аударылып келеді. Оған сол жылдардан бастап басылым көрген

тұжырымдамалар («Қазақстан Республикасында гуманитарлық білім беру» (1993), «Этномәдени білім беру тұжырымдамасы» (1992), «Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы» (1998) және т.б.), бағдарламалар, оқулықтар мен оқу құралдары (Қ.Жарықбаев, С.Қалиев, С.Ұзақбаева, М.Балтабаев, Қ.Бөлеев, Қ.Шалғынбаева, Р.Дүйсенбінова және т.б.) басылым көрді. Бірқатар іргелі және қолданбалы зерттеу жұмыстары қорғалды.

Ендігі жерде Қазақстан Республикасында қоғамды ізгілендіру жағдайында жоғары мектептің білім беру жүйесінде студенттердің кәсіби тұлғалық сапасын жетілдіруде отандық мәдениет құндылықтарын меңгерту, соның негізінде қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы эстетикалық мәдениетін қалыптастырудың мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастырушылық жүйесін жасау, оның ерекшеліктерін сараптау, оларды оқу-тәрбие үдерісіне ендіру қажеттілігі туындап отыр.

Осыған байланысты студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қазіргі жоғары оқу орындарының оқу-тәрбие үдерістегі жағдайында қалыптастыруға бағытталған зерттеу жұмыстарының нәтижелері, ғылыми негіздемесі бізге төмендегідей қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Бүгінде студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру ерекшелігін сараптау - мәдениетті қоғамның жаңа тұжырымдамасының бірден бір сара жолы. Ол үшін жоғары мектептің білім беру жүйесінде студенттердің эстетикалық мәдениеті жайындағы мәселені қайта ұғыну керек. Әрине, мұғалім мамандығы бойынша жоғары мектепте білім алып жүрген студенттерде өзінің кәсіби мамандығына, жалпы алғанда болашақ еңбеке, практикаға қатысты өзінің эстетикалық қатынасын бүгінде орнатулары қажет. Өйткені, педагогикалық еңбекте адамгершілік-эстетикалық аспектілер бірлікте қалыптасады, соған сәйкес олардың өзара бір-бірімен байланысы мамандыққа деген қызығушылықты орнықтырады. Өйткені студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру, болашақ маманның әлеуметтік және кәсіби әрекетінде жүзеге асады.

Сонымен бірге студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда оған нәтижелі ықпал ететін қазақ халқының мәдени мұрасының құралдарын да нақты анықтау қажет.

Адам жасының әрбір кезеңінде оның санасы мен мінез-құлқының құрылымында өзіндік эстетикалық өлшемі қалыптасады. Олар дүниені практикалық тұрғыда меңгеру үрдісінде тұлғаның эстетикалық мәдениетінің барлық компоненттерімен тығыз байланыста жүзеге асады. Мәселен, отбасы мен балабақшада әдемі ойыншықтармен, суреттермен, балалар әдебиеттерімен, сазбен, мультфильмдермен танысу барысында жүзеге асса, мектеп қабырғасында көлемі жағынан қарапайым ғана дүниетаным мен эстетикалық білімдері қалыптасады.

Келесі кезекте жоғары мектеп педагогтарының негізгі міндеттері – студенттерге эстетикалық дүниетанымның толыққанды ғылыми жүйесін меңгерту, адамның өмірінде эстетикалық мәдениеттің атқаратын қызметін, қоғамдағы орнын айқын түсіндіріп, олардың эстетикалық сенімдері мен іс-әрекеттерін орнықтыру, сонымен бірге ойлау, сөйлеу мәдениетін дамыту. Ол

үшін, студенттердің эстетикалық тәрбиесінің сапасын көтеріп, әсемдік жайлы сезімдері мен қажеттіліктерін дамыту, соған орай эстетикалық білім беру мәселесі. Бұл мәселе жоғары мектептің білім беру жүйесін реформалау жағдайында өзекті мәселелердің біріне айналуы тиіс. Өйткені қоғамның мәдениетін көтеру, ондағы әрбір адамының эстетикалық мәдениетінің қалыптасу дәрежесіне байланысты екенін ұғыну қажет.

Олай болса, студенттерге эстетикалық мәдениетке қатысты білімдерді меңгерту - біздің қоғамның негізгі бір талабы. Бұдан болашақ мұғалімдердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруды мақсатты басқару қажеттілігі туындайды.

Ендеше студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруда гуманитарлық бағыттағы барлық ғылым салалары күшті ықпал етеді. Мәселен, әсіресе, этика, эстетика, философия, мәдениеттану, педагогика, педагогика тарихы, этнопедагогика және психология. Ол үшін, олардың көкейкестілігін көтеру қажет. Ол, біріншіден, тұлғаалық-бағдарлық көзқарастың, екіншіден, оқу-тәрбие процесін жаппай ізгілендірудің, сонымен бірге, үшіншіден, мәдениетке деген қызығушылықтың орнығумен тығыз байланысты болып келеді. Алдыңғы екі жағдай, бүгінде, іс жүзінде жүзеге аса бастаса, ал үшінші жағдай өзінің жүйесіздігі мен қарама-қайшылығының арқасында студенттердің тұлғаалық-мәдени сапасы мен практикалық әрекетінде әлде болса өз дәрежесінде орныға алмауда.

Студенттердің эстетикалық мәдениетінің қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыруда гуманитарлық бағыт осы саладан тек арнаулы теориялық білім беріп және мәдениетті сөйлеу, болмаса киім-киіну, бет әлпетті, шашты түзеу дағдысын меңгертуді ғана міндеттемейді, сонымен бірге ұлттық мәдениеттің қалыптасып даму тарихы мен ерекшелігін де меңгертуді көздейді.

Эстетикалық мәдениетті қалыптастыру процесінде жоғары мектепте оқитын студенттердің әлеуметтік құрылымын, соның ішінде ауыл жастарының эстетикалық санасының даму ерекшелігін де ескеру керек [3].

Ауыл жастарының эстетикалық санасының даму ерекшелігі негізінен еңбек әрекетінің, сыртқы ортаның (табиғаттың), мектептегі білім беру, әсіресе эстетикалық бағыттағы пәндердің негізінде және бұқаралық ақпарат құралдарының ықпал етуі арқасында, сонымен бірге ауыл мәдениетінің дәстүрлі өзгешелігімен анықталады. Сонымен қатар, ауыл жастарының эстетикалық мәдениеті халақтық шығармашылық дәстүрлерінің, фольклордың, халықтың тұрмысы, дәстүрімен органикалық байланыста болуының нәтижесінде және тұрмыстық-кәсіби шығармашылық өнердің ықпалымен де қалыптасады.

Эстетикалық көзқараста табиғатқа және туған жерге деген сүйіспеншілік және қуаныш сезімін тәрбиелеуде әлеуметтік - адамгершілік қасиеттерге қол жеткізуге болады. Оған қызығушылық оның әсемдігін сүю және тамашалау қабілетін меңгерген жағдайда ғана пайда болады. Соған орай табиғат пен туған жерге нақты эстетикалық және рухани қарым-қатынастың орнауы, студенттердің олармен адамгершілік-эстетикалық қарым-қатынас жасауына кепіл бола алады. Табиғат пен туған жерге ізгілік қарым-қатынастың орнауы

олардың байлығын, сұлулығын сақтауға және көбейтуге деген қажеттілігін тәрбиелейді.

Сондықтан да табиғат студенттерді туған жерге, оның сұлулығына қатысты жоғары адамгершілік-эстетикалық сезімді оятады. Олай болса, табиғатқа, туған жерге эстетикалық тұрғыдан қарым-қатынас орнату, әрбір адамның толыққанды өмір сүруі үшін қажетті шарт екенін – студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың маңызды бір міндеті.

Болашақта бұның бәрі эстетикалық-экологиялық тәрбиеде ауыл жастарына арнап арнайы «*ауыл жастарының әлеуметтік және эстетикалық-экологиялық дамуы*» атты тақырып арнайы зерттеуді қажет етеді. Бұл бағытта, әсіресе, табиғатты және мәдени ескерткіштерді қорғау, әсемдік сезімін дамытуда табиғат пен мәдениеттің бірілігін қамтамасыз етуге бағытталған жұмыстардың маңыздылығын айтпақпыз.

Аймақтың, жоғары мектептің және факультеттің профилі, мәдени ортаның дәстүрлері де студенттердің эстетикалық мәдениетінің қалыптасып дамуына айтарлықтай ықпал етеді. Сондықтан да әртүрлі топтағы, курстағы, факультеттегі және жоғары оқу орындарындағы студенттердің эстетикалық қажеттілігі бірыңғай дәрежеде болмауы мүмкін. Сол себептен жоғары мектептің білім беру жүйесінде *эстетикалық тәрбиенің жүйелік ұстанымы* әркезде бірыңғай сақталмайды.

Сол секілді студенттердің тұлғалық эстетикалық мәдениетінің барлық аспектілерінің бірлігі, эстетикалық тәрбиеде *кешенді көзқарастың болуын* талап етеді. Оларға мәдени мұраның құралдары, өнер шығармалары, қоршаған ортаның эмоционалдық-сезімдік қызметі, шынайы-практикалық орта ретінде көркемөнер үйірмелерінің жұмыстары, осылардың бәрі айналып келгенде студенттердің эстетикалық мәдениетінің бірыңғай үйлесімді қалыптасуына ықпал етеді.

Кезінде (кеңес өкметі дәуірінде) жоғары мектеп жағдайында эстетикалық бағыттағы тәрбие жұмыстарын практика жүзінде үйлестіруде ректорат, партком, кәсіподақ, комсомол, қоғамдық кәсіптер факультеті, студенттік клубтар, көркемөнер кеңесі, қоғамдық кафедралар маңызды қызмет атқарды. Бұлардың әрқайсысы өз тараптарынан студенттердің эстетикалық тәрбиесін нәтижелі ұйымдастыруға ықпалы зор болды. Әрине, олардың эстетикалық бағыттағы әртүрлі ұйымдастыру әрекеттері ондағы эстетикалық тәрбие жұмыстарының формаларын үйлестіріп қана қоймай, сонымен бірге эстетикалық тәрбені бұрынғыдан да көбірек дифференциалды басқаруға, эстетикалық тәрбиенің міндеттерін нәтижелі жүзеге асыруда жағдай жасап отырды. Ендеше, жоғары мектептің білім беру жүйесінде студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру процесінде жоғарыда аталған қоғамдық ұйымдардың рөліне бүгінде айрықша маңыз беруілуі тиіс.

Студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда жоғары мектептің *оқытушыларының кәсіби тұлғалық сапасы* да оларға айтарлықтай дәрежеде ыпалы зор. Бұл жағдайда оқытушының шешуші және негізгі ықпал ету құралы ретінде студенттердің эстетикалық іс-әрекеттерін ынталандыру (жеке-дара, топтық, ұжымдық). Өйткені тәрбиенің ықпал ету дәрежесі, сапасы және

нәтижесі олардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру сапасына байланысты болады. Сондықтан да, бір адамның екінші адамға ықпалының нәтижелі болуы, бұл жерде, әрине оқытушы мен студент арасында, олардың ішкі, тұлғалық сапасына байланысты болып келеді.

Студенттік өмірдегі ерекшеліктер де белгілі бір жағдайда олардың эстетикалық мәдениетінің дамуы формаларын анықтайды. Олардың өміріне көркемөнердің енуі, өзі сүйетін өнердің әр түрімен қарым-қатынас жасауы бірінші кезекте болса, сонымен бірге бос уақытын өткізу формасы: кітап оқуы, театр, кино, концертке баруы екінші кезекте болады. Сол үшін де, олардың өнермен тығыз байланысын орнату, бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналуға.

Өйткені өнер - әлеуметтік мәдениеттің негізгі бір факторы болып табылады. Ол тұлғаның рухани өмірін байытады, оның эмоциялық сезімінің дамытуда күшті тәрбиелік қызмет атқарады. Олар негізінен өнер шығармалары арқылы жүзеге асады. Өнер шығармаларын меңгеру бірнеше кезеңде жүзеге асады:

1) Өнердің сұлулығы мен үйлесімділігінің заңдылықтары жайындағы білімдерді меңгерту.

2) Өнерге қатысты жағымды қарым-қатынасты орнату.

3) Оның қоғамдық қажеттілігі мен тұлғаның өзіне тигізер пайдасына қатысты сенімдерін қалыптастыру.

Өнер шығармаларын жасауда эстетикалық әрекеттерін ұйымдастырып, біліктіліктері мен дағдыларын тәрбиелеу. Соның ішінде бейнелеу өнері кешенді пән ретінде көркемөнер шығармаларымен жан-жақты таныстыра отырып, оларға қатысты теориялық білімдермен қаруландырады, шығармашылық әрекеттерінде біліктіліктері мен дағдысын тәрбиелейді [4].

Ал саз өнері интегралды пән ретінде саз шығармаларын қабылдау, түсіну және олар жайында білім алуды қамтамасыз етеді. Яғни, сазды оқытуда оның тарихын, теориясын меңгертіп, қарапайым да болса орындаушылық біліктіліктерін тәрбиелейді: өлең айту, би билеу, аспаптарда ойнау т.с.с.

Оқу пәні ретінде әдебиет өнеріне көркем әдебиет шығармалары мен көркем сөз элементтері кіреді. Яғни, әдебиет шығармаларын оқуда оның идеялық-адамгершілік мазмұнына эстетикалық тұрғыдан талдау жасауға, мәнерлеп оқуға, бейнелі образдардың жанын ұғынуға дағдыланады. Сонның барысында сезімі, қиялы, ойлауы, түсінігі, бір сөзбен айтқанда, психологиялық күш-қайратының дамуына мүмкіндік алады.

Сонымен бірге болашақ мұғалімдердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыру үдерісінде олардың эстетикалық санасы мен қабілетін дамытумен қатар *«әсемдік пен сұлулық заңы бойынша» өз өмірлерін шығармашылықпен құра білуге тәрбиелеуді* үйлесімділікпен құра білу де қажет. Өйткені эстетикалық мәдениеттің белгілі бір деңгейін меңгерген адам, оның тек жай ғана иеленушісі болмайды, сонымен бірге қоғамның рухани өмірі мен практикалық әрекетінің талабына байланысты оны өзі де жасаушы бола алады. Сондықтан эстетика құндылықтарын меңгеру барысында студент жастар олардың өмірлік маңызын жете түсінуі және оның өмірлік қажеттілігін ұғынуы тиіс. Яғни, эстетикалық мәдениет адамдардың шынайы қоғамдық-эстетикалы қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында қалыптасады.

Студент жастар рухани-практикалық әрекеттердің негізгі субъектісі. Оның негізгі бір түрі - *эстетикалық әрекет*. Оған көркемөнер шығармашылығы, көркемөнерпаздар үйірмелері айрықша қызмет атқарады. Осылардың ішінде көркемөнерпаздардың маңызы ерекше. Сол үшін де студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың факторларының бірі ретінде олардың оқудан тыс жұмыстарында көркемөнерпаздар үйірмелері мен клуб жұмыстарын талапқа сай жетілдіру қажет.

Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру үдерісінде оған эстетикалық *қажеттілікті* тудырудың маңызы ерекше. Сондықтан оны студенттердің белсенді эстетикалық әрекеттерімен тығыз байланыста қарастыру қажет. Ол, ең алдымен, қызығушылық формасында пайда болады.

Байқап отырғанымыздай, осындай *ерекиеліктер* барысында студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастырудың қолайлы алғышарттары жасалынады. Ол үшін, қазақ халқының мәдени мұрасының құндылықтарын меңгеруде студенттермен жүйелі оқу-тәрбие жұмыстарын жүргізу қажет.

Ол үшін:

- жоғары мектепті қайта құруда оның жалпы мәдени бағытын анықтау;
- студенттердің жан-жақты эстетикалық әрекеттерінің құрылымында олардың эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру ерекшелігін анықтау;
- жоғары мектепте тәрбие және білім беруді ізгілендіру үдерісінің мазмұны мен нысаналарын анықтау. Өйткені студенттердің тұлғалық эстетикалық мәдениетін қалыптастыру бүгінгі таңда тәрбие гуманизациясы, білім беруді ізгілендіру және педагогикалық үдерістің жалпы мәдениетін көтеру жағдайында мүмкін болып отыр.

Сондықтан қоғамды ізгілендіру жағдайында студенттердің жеке басын әлеуметтендіру, тәрбиелеу және білім беру үдерісінде олардың эстетикалық мәдениетінің дамуы мен қалыптасуы оның негізгі бір саласы болып табылады.

Студенттердің әлеуметтік қалыптасуы көп жақты болып келеді. Оның шығармашылық күш-қайраты, қабілеттері эстетикалық мәдениетсіз тұтастай көрініс бермейді. Егерде, балалық шақ пен ерте есею кезеңінде (жастық шағында) эстетикалық білімдер мен шығармашылық дағдылар студенттердің жеке-дара эстетикалық дамуының бірден-бір құралы болса, ал енді оның жетілу үдерісінде, жоғарыда айтқандарымыздың негізінде, эстетикалық мәдениеттің қалыптасуы болады.

Эстетикалық мәдениетте танымдық және шығармашылық күш-қайраттың бірлігінде студенттердің эстетикалық дамуы жүзеге асады. Шығармашыл тұлға - бұл еркін тұлға. Ол өзінің ерекше қайталанбас тұлғалық қабілеті негізінде қоршаған ортаға, табиғатқа, өнер шығармаларына, яғни, біздің зерттеу мәселеміз бойынша, эстетика құбылыстары мен нысандарына ерекше көзқарасы мен қарым-қатынасын орнықтырады.

Қалыптасу үдерісін жүзеге асыру, тікелей дамумен байланысты, сол үшін де, ең алдымен, студенттердің эстетикалық дамуына үнемі баса назар аударып отыру керек. Эстетикалық дамуда олардың эстетикалық санасының дамуы бірінші кезекте қарастырылады. Өйткені дамуда студенттердің эстетика құбылстары мен нысандарына эстетикалық көзқарасы, талғамы, мұратының қалыптасуы орнығады.

Дегенмен студенттердің эстетикалық дамуы, соның негізінде олардың эстетикалық мәдениетінің қалыптасуы - өте күрделі және жан-жақты үдеріс. Соның барысында кейбір объективтік және субъективтік факторлар өзара әрекеттеседі. Ол үшін, эстетикалық тәрбиенің міндеттерін анықтауда барлық факторлар міндетті түрде ескерілуі тиіс. Соның ішінде жоғары мектептің білім беру және тәрбиелеу үдерісінде студенттердің эстетика категорияларын меңгеруі басымдық танытады.

Ендеше, студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру мәселесін жоғары мектептің білім беру жүйесінде қарастырғанда, оның әлеуметтік мәні мен негізгі қызметін есепке ала отырып, оның мазмұнын қазақ халқының мәдени мұрасының құралдары арқылы анықтап, ұйымдастыру формаларын тиімді пайдалану қажет.

Зерттеудің нәтижесі бойынша мынадай *ұсыныстар* жасауға болады:

1. Қазақ халқының мәдени мұрасын студенттердің эстетикалық мәдениетін қалыптастыруда пайдалану тұжырымдамасын жоғары оқу орындарына ендіру қажет.

2. Қазақ халқының мәдени мұрасының әлеуеті бойынша сұрыпталған материалдарды оқу материалдарының мазмұнына енгізу керек.

3. Студенттердің эстетикалық мәдениетін қазақ халқының мәдени мұрасы арқылы қалыптастыру моделін оқу тәрбие үдерісінде негізге алу керек.

4. Педагогикалық пәндерге жасаған қосымшаларды «Педагогика», «Педагогикалық мамандыққа кіріспе», «Этнопедагогика», «Педагогика тарихы», «Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәндерінен дәріс беруде пайдалануға болады.

5. Элективті курс бағдарламасын студенттердің білім, іскерлік, дағдыларын шыңдай түсу мақсатында үшінші курста пайдаланған орынды.

6. Тәжірибелі-эксперимент бырысында тексерістен өткен әдістемені, әдістемелік нұсқауларды мұғалімдер білімін жетілдіру институтында пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысы күрделі және көпсалалы проблеманы жан-жақты ашып көрсетуді мақсат тұтпайды. Алдағы уақытта қазақ халқының мәдени мұрасының студенттердің эстетикалық талғамын, студенттердің танымын, студенттердің көзқарасын, студенттердің мұратын қалыптастыру проблемалары арнайы зерттеудің пәні болады деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

- 1 Арғынбаев Х. Қазақтың отбасылық дәстүрлері. – Алматы, 2005. – 216 б.
- 2 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі.– Алматы, 1995. – 352 б.

3 Ұзақбаева С.А. Қазақтың халықтық педагогикасындағы эстетикалық тәрбие . – Алматы, 1993. – 420 б.

4 Омарғазина Б.Т. Өнер тәрбиелейді. – Алматы, 1988. – 115 б.

С.Ш. Абенбаев

к.п.н., профессор КазУМОиМЯ им.Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Г.М. Ахметова

учитель СШ № 151,
Алматы, Казахстан

Современное состояние и перспективы формирования эстетической культуры студентов в вузе средствами национального культурного наследия казахского народа

Рассмотрение вопросов формирования эстетической культуры студентов средствами национальной культуры казахского народа является актуальной проблемой. Образование Советского периода освещает особенности и перспективы формирования у студентов эстетической культуры средствами национальной культуры казахского народа, используя возможности учебной и внеучебной деятельности вуза.

S. Abenbayev

c.p.s., professor, KazUR&WL named after Ablai Khan,
Almaty, Kazakhstan

G.M. Akhmetova

teacher of secondary school number 151,
Almaty, Kazakhstan

Current state and prospects of formation of aesthetic culture of students in high school means the national cultural heritage of the Kazakh people

This article discusses the status and prospects for the formation of aesthetic culture of students by means of the national culture of the Kazakh people. Analyzes the education system of the Soviet Union, when the students were alienated from Bhagat historical and cultural heritage of the world and the Kazakh people. In this regard, the article highlights the features and prospects of formation of students' aesthetic culture by means of the national culture of the Kazakh people, taking advantage of educational and extracurricular activities of the university.

2 БӨЛІМ
ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ
БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

РАЗДЕЛ 2
СОВРЕМЕННЫЕ
ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ ОБУЧЕНИЯ

UDC 378.016.02

К.М. Berkimbaev

d.p.s., professor, IKTU named after H.A. Yasawi,
Turkestan, Kazakhstan

М.М. Akeshova

senior teacher, master, IKTU named after H.A. Yasawi,
Turkestan, Kazakhstan

**SOME METHODS OF FORMATION OF COMMUNICATIVE
COMPETENCE OF THE FUTURE SPECIALISTS BY MEANS OF
TELECOMMUNICATION TECHNOLOGY**

H.A. Yasawi International Kazakh-Turkish University points out as one of its main problem the usage of telecommunication technologies in training of future specialists on the international level, increasing the quality of their professional training and formation their communicative competence in professional activity through telecommunication technology because the use of informational and telecommunication technologies emphasizes practical-oriented education, its professional, pragmatic, subject-professional aspect. Taking into consideration some elements of well-known approaches in pedagogical and methodological sciences such as systematic, personal-oriented and synergetic and others the significance of the usage of informational and telecommunication technologies as one of necessary base of formation of communicative competence of the future specialists in professional activity is stated out. Because it has practical, professional, humanistic and pragmatic features, which show its integration and systematic advantages in educational process. Working out the pedagogical bases of formation of communicative competence of the future specialists in professional activity through telecommunication technology becomes one of key problems.

Keywords: formation of communicative competence, the future specialists, professional activity, informational and telecommunication technology

Informatization of educational system is considered as strategically important paradigm of the Governmental program of educational development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, confirmed by the President of Kazakhstan, at transition to electronic training the prime problem-maintenance of an education system by highly-skilled personnel [1].

Kazakhstan has accurately defined a reference point on occurrence in world educational space and carries out modernisation of educational system in a context of the international requirements. The Republic of Kazakhstan has entered a strip of successful realization of principles of Bologna process and its adaptation to modern realities. The Bologna declaration regulates construction of uniform educational space in Europe on the basis of introduction of multilevel system of higher education and credit-modular system of training and modernization of the state system of guarantees of quality management formation, working out of new formats of documents on formation and modernization of schemes of a financing of education.

Modernization of the modern higher professional education demands essential reconsideration of structure and the maintenance of educational process in high school. Formation of communicative competence of the future specialists in professional activity through telecommunication technology readiness would allow showing individual creative abilities completely, to realize a mental potential, to apply all complex knowledge, the skills got in the course of training in high school, to solve innovative problems and would become one of directions of professional training of the future specialists. Creation of optimum organizational-pedagogical conditions for self-realization of the future specialists is an actual problem of all steps of formation, but for the higher professional education this problem demands attention and importance.

Nowadays one of the actual problems of training of highly skilled specialists on the international level and increase the efficiency of educational process at credit-modular teaching system at A.Yasawi International Kazak - Turkish University is informatisation of education and use telecommunication technologies in formation of communicative competence of the future specialists.

The modern society expects from high schools gradutors who are capable confidently to be guided in constantly changing world, able competently operate with the increasing information, communicable, sociable, and ready to creative interaction; independently distinguishing arising problems and owning in the ways of their rational elimination. New ways and approaches to train professional specialists are dictated by comprehension of a problem of perfection of the conditions promoting the fullest disclosing of the person, its self-realization and professional education [3].

It is not enough to modern specialist to have deep knowledge in the field of the studied disciplines and to own a certain set of practical skills. Working out of professional problems demands creative approach to the charged business, the

organization of the professional work directed on rational transformation of the validity. Thus, formation of communicative competence of the future specialists in professional activity through telecommunication technology is one of actual directions of modern educational process [4].

At the same time, complexity and many-sided nature of etiology communicative competence lead to occurrence of flock of scientific approaches of its studying in different areas of knowledge. The condition of the theory and higher school practice shows that, despite occurring cardinal reforms in higher educational system, an intensification of the researches of these or other aspects of professional activity, the problem of the organization of purposeful process as uniform ordered system of formation of communicative competence of the future specialists in professional activity through telecommunication technology was preserved [5].

Working out of one of especially actual for high schools activity becomes theoretical-methodological and technological problems of formation of communicative competence in professional activity through telecommunication technology in the conditions of integration in the educational world [6].

Pedagogical technologies in innovative process are considered by T.S.Nazarova, G.K.Selevko, V.P.Bespalko and etc. To the formation maintenance of innovative process is devoted works of K.P.Miroshnichenko, P.I.Samoylenko and etc. G.I.Gerasimov, A.G.Kruglikov consider innovations from methodological positions. Innovative activity in professional education was investigated by N.A.Kolesnikov, V.A.Slastenin, L.S. Podymov and V.I.Eydellant [7].

The theoretical analysis of the philosophical, psychology-pedagogical literature on a theme (domestic and foreign scientists), studying and the analysis of scientifically-methodical and archival documents concerning school education, the higher pedagogical education, studying of the teaching-methodical documentation of high schools (the state obligatory standard of education, typical curricula and programs, textbooks, grants, course and theses, reports on pedagogical and an industrial practice, etc.) and comprehensive school (the decision of teachers' meetings, plans of teaching and educational works, labor contracts with scientific research institute, etc.) The system-structural analysis, modelling, a method of an expert estimation, pedagogical experiment (ascertaining and forming) at which carrying out were widely used questioning, observation, timing, conversations, interviewing, quantitative and qualitative analysis of results of practical-experimental works. Besides, the retrospective analysis of pedagogical work of authors is used.

The basic methods of research are theoretical analysis and synthesis, comparison and concluding statistical data, modeling, research of the experience of professional activity, the observation. In scientific work for the decision of tasks and verification of assumptions the following methods of research were mainly used: logical methods and techniques (the analysis of psychological, pedagogical, legal and other literature on the problems of professional education, synthesis, abstraction, generalization, analogy, structural-functional method and probabilistic-statistical methods; methods of theoretical knowledge (theory, formalization, deduction, the ascent from the abstract to the concrete); methods of empirical research: (observation, interviews, questionnaires,

and bibliographic method; the experiment under natural conditions, comparison, description, monitoring, measurement); the system approach to the pedagogical and logical analysis, generalization and analysis of pedagogical experience; modeling of pedagogical processes; pedagogical design, used for the development of regulatory and program-technological support. A methodology of experimental work was developed; indicators and criteria for evaluating the effectiveness of the identified conditions were refined; pedagogical experiment was conducted; the educational-methodical support of educational process of professional preparation of future teachers, aimed at formation of readiness of the future teachers to innovative activity was developed.

The theoretical and practical importance: the complex of the organizational-pedagogical, psychological-pedagogical, didactic-methodical conditions promoting efficiency of formation of communicative competence of the future specialists in professional activity and improvement of quality of professional training of the future ecologists by means of information and telecommunication technologies is revealed and proved. The system of exercises and the tasks, intended for the organization of a practical training and ingredients of formation of communicative competence of the future specialists in professional activity is developed by means of telecommunication technologies.

The conducted analysis of research work has shown efficiency and necessity of the use of telecommunication technologies for formation of communicative competence of the future specialists in professional activity and formation of the professional specialist with the critical and creative thinking, capable effectively to act in changing conditions of professional work.

Nowadays one of the actual problems of training of highly skilled specialists on the international level and increase the efficiency of educational process at credit teaching system at H.A.Yasawi International Kazak - Turkish University is informatization of education and use of telecommunicational technologies in professional activity to form communicative competence of the future specialists.

Innovation and informatization of educational system is considered as strategically important paradigm of the Governmental program of educational development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, confirmed by the President of Kazakhstan, at transition to electronic training the prime problem-maintenance of an education system by highly-skilled specialists.

According to a new Kazakhstan educational paradigm education should be directed on interests of personal development adequate to modern tendencies of social development.

One of the basic advantages of the innovation is that learner is perceived not as passive object of educational influence, but as the active subject getting information. The teacher does not impose to students' personal understanding of a material, and stimulates their independent activity on mastering. Characteristic for new model of training, cooperation lies on the basis of educational activity.

The educational environment simulated by means of telecommunication technologies, allows changing of the situation. The teacher puts the purposes, forms the informational environment creating conditions for individual work. Presence of

means for realization of the purposes and problems of educational process, knowledge of ways of the organization of teaching system and control devices are making components of the computer informational educational environment, which forms independent learner [8].

Educational system of the Republic of Kazakhstan is focused on occurrence in world educational space, therefore the quality of education is considered in the context of conformity of level of received educational services by the world standard and norms.

Nowadays the priority is achievement of such quality of training of specialists which gives them the chance to compete on the international laboratory. In the conditions of market relations and complicated requirements to the education, ways of the organization of educational process searches of new reserves of improvement of quality and efficiency of preparation of the future specialists are necessary. Changes in social sphere of a society, information of social processes made a paradigm of formation which was replaced on competence the approach [9].

One of actual problems in system of the Kazakhstan educational process in the course of professional training of the future specialists is formation of communicative competence of the future specialists in professional activity communicative through telecommunication technologies. The suggested system of teaching helps to recognize pedagogy as an interdisciplinary science which is a necessary prerequisite for observing problem from the different angles, and it also allows students to apply knowledge of pedagogy in everyday life [10].

The organization of educational process with application of innovation, an optimum combination of information and telecommunication technologies and traditional approaches demands the decision of some psychology-pedagogical, methodical and other problems and carrying out of corresponding researches.

In order to calculate the effectiveness of use of information and telecommunication technologies in formation of communicative competence of the future specialists in professional activity through telecommunication technologies, the results of students who were taking part in experimental group and results of students, taking part in control group were compared.

For the proof of degree of formation of communicative competence of the future specialists to professional activity in the teaching process with the use of information and telecommunication technologies it is necessary to show that experimental and control samples have significant distinctions on the chosen indicator – to ability independently to analyze the task, to correlate it with professional work practice. For processing of results of experiment Student's t-criterion was used to establish similarities and distinctions of two empirical distributions.

The mathematical package «STATISTICA» was used. By means of Descriptive statistics mode Basics Statistics/Tables of this software were the hypothesis about conformity of samples to normal distribution which was checked up.

On these values for each group the mean score and a standard deviation (table 1) have been calculated.

Table 1 - Means on Each Group of the Average Grade and the Standard Deviation

3. Interactive methods assuming that the language is means of creating and support of social relations: *direct method* assumes teaching on studied language from the very beginning, *sequential method* is a subsort of direct method, communicative teaching is usage of studied language as in tasks so for communication with the teacher/group, *immersion in language, method of silence* – teacher using this method listens more than speaks, *natural approach* – student cannot learn one and all. Each next part of teaching material is to be based on approved, but easy material, *physical reaction method* – students initially perceive material passively not using it and then they should react physically on some words, for instance, verb of action. After passing the first two stages students start to practice the language themselves, *teaching skill through reading and retelling stories* is a method of branch of physical reaction method. This method is telling short stories by teacher full of new words and a number of questions towards students requiring from them simple but emotional responses, *method of teaching language “Dogma”* is a method that rejects from textbooks. Instead an accent is made on communication of teacher and student. Materials used by students have to be compiled and written by them [4].

4. A method which is the object of author’s rights: *Pimsler’s method* is based on learning succession of audio records entering to conversation vocabulary and requiring from students active revision of material, *Michel Thomas’ method* is a number of audio records of lessons in auditorium where a teacher is engaged with two students telling them main grammar rules teaching vocabulary and giving tasks, *Kitaigorodskoi method* – owing to wide use of group forms of interaction in education process a close intertwining of methods and social psychology happens which characterizes this concept of intensive teaching. Thus, in literature several teaching methods of foreign languages are offered at universities [5].

Types of tasks applied in working with telecommunication technologies for formation of communicative competence of future ecologists can be divided into [6].

Tasks for developing audition skills – exercises directed to the process of perception and understanding speech by ear. To support communication process students need to not only speak but also perceive his interlocutor. After viewing segment and information retrieval students are given an audio record where some words are omitted, then they listen to the plot looking at the text and fill in the gaps with suitable words. The gaps can be made long or short, on key words or function or even parenthetical words, on stressed or half-stressed words. It depends on the level of group and tasks of a lesson.

Tasks for developing reading skills is an exercise directed to the process of development and mastering language and speech material, processing of language, speech and communicative skills and abilities.

Teacher distributes among students texts taken from video footage. Students read the text individually. Then the teacher plays video footage and students check their mistakes.

Teacher plays the video footage and gives task to one of the students to read the text together with a narrator or hero etc. The rest of the students should mark where the mistakes have been made while reading.

After watching video material, the teacher distributes among students the texts and students should imitate reading technique of seen and listened on video footage i.e. to observe a tempo of reading, norms of stress (sense, logic, not to put the stress on reserved words), pause rules, use of correct models of intone.

The tasks for developing speaking skills is the exercise directed to motivation to speaking which comes out as means of forming adjoining speech and language skills as an aim of foreign language teaching.

The teacher can arrange discussion not playing any role in it. An intimate knowledge of the subject, sociocultural aspects, and preliminary preparation allows the teacher to attract students' attention towards more interesting points and sides of studied material.

A discussion can be made on the basis of questions pt by a teacher to students, by students to each other etc. connected with the material seen.

A discussion can be organized by a teacher on the basis of students' individual interests related with the subject of studied material.

The tasks for developing writing skills is the exercise directed to mastering of graphic and spelling systems of foreign language for fixation of speech and language materials aimed at sticking in mind better and as helper in mastering oral speech and reading.

Teacher: Read the extract and complete it using words in the box.

A chance, created a sensation, involved, make a fortune, risk everything, a comfortable job

1. You are wealthy and have an enormous farm in California, employing hundreds of people. One of them has discovered gold on your property, which has (1) _____. You are passionate about farming and not interested in gold. What are you going to do - ignore the gold rush or get (2) _____?

2. You have (3) _____ in your own country, but you know there is no real future in it. You have just read the newspaper story and realize this is your opportunity to (4) _____. However, the journey to California would be expensive and dangerous. Do you take (5) _____ and (6) _____ or do you stay at home?

Teacher: You are going to hear six people answering questions about health and lifestyle. Write questions to match the answers. Then work with a partner and compare your ideas.

1 _____
No, none at all – it's far too much like hard work.

2 _____

The best thing to do would be to do gentle exercise for a while and to gradually increase.

3 _____

It tends to be takeaways, fast food, microwave dishes - not very good stuff, really.

4 _____

Oh yes ... and it worked beautifully for a while.

5 _____

It's just a very anti-social habit and I don't want for have anything to do with it.

6 _____

Imagine how you taste when someone kisses you.

Teacher: Put the words in the box into one of the categories below:

people events clothes

Table 1 - Examples

speech best man reception outfit suit groom waistcoat train four-course meal toast bride tails priest photographer service honeymoon bridesmaid
--

Teacher: You are going to read a program discussing truth and accuracy in the tabloid news papers. Work with a partner and use the words in the box to predict why the actress is not happy with the tabloid editor.

Table 2 – Examples

co-star bath hotel room good friend champagne divorce
--

Watch the video, listen to the tapescript and complete the text about The Berlin Wall story.

From the moment the first wave of East Germans crossed into Berlin in the early hours of this morning (1) _____ with champagne and (2) _____ by a crowd of thousands, it was clear this would be one of Berlin's most dramatic days. East Berliners were overcome as they (3) _____ the border that's been closed to them for twenty-eight years. West Berliners began (4) _____ away at the wall that's (5) _____ their city. There was no interference from the police. By dawn they were on Communist soil, (6) _____ symbols of peace-thousands of them looking East and (7) _____ "Down with the wall."

By late evening, more crowds (8) _____ at the Brandenburg Gate. Here, where Soviet and American tanks (9) _____ each other in the darkest days of the Cold War, Berliners are (10) _____ f new era. There are reports tonight that sections of the wall have been (11) _____. Thousands more East Germans are (12) _____ through checkpoints. The wall that was built overnight is being (13) _____ overnight and across the city, Berliners are (14) _____ with the sense

that this is a turning point in German history.

Decide if these statements are true or false

- A) Becky does judo and sometimes goes skiing at the weekend. _____
- b) James plays five-a-side football. _____
- c) Kevin thinks doing a sport requires too much effort. _____
- d) John thinks he needs to take up a sport. _____
- e) James is the goal-scorer of his team. _____
- f) Sarah is too busy to do any sport. _____
- g) Becky doesn't think there's any point in trying a sport you don't enjoy. _____
- h) James prefers to exercise alone. _____
- i) John thinks it's best to do short spurts of strenuous exercise. _____
- j) Amanda says if you don't enjoy something, you're not going to keep it up. _____
- k) John says he is an expert on the subject. _____

Watch the video and put the following names from the Moon landing story in order as they were mentioned in video segment.

Table 3 – Examples

Collins __ Tranquility__ Saturn__
Roger__ Armstrong __ Kennedy__
Hauston__ Aldrin__ Eagle__

There are fifteen mistakes in this text about Mandela Nelson. Watch the video, listen to text or read text and correct the mistakes.

This is Victor Verster Prison outside Johannesburg at just before five o'clock on the eleventh of March nineteen ninety. In a few moments, Nelson Mandela is due to drive away from here after twenty-four years of incarceration in South American jails. It's a day of drama and hope in the land of parties and a day of rejoicing for much of the rest of the country, as well. There is Mr. Mandela, Mr. Nelson Mandela, a tall man, taking his first step into a new South Africa. Mrs. Winnie Mandela next to him, speaking to the crowds. Hand in hand, they leave the Victor Verster Prison. Officials, sheriffs of the national reception committee trying to get the people ... And a wave from Mr. Nelson Mandela, his wife, Winnie, pushing the people outside the gates of the Victor Verster Prison. That is the man who the world has been waiting to hear ...

Watch the video and tick (V) these weekend activities each time you hear them.

- a) going out with friends
- b) going to the cinema
- c) watching a film on TV
- d) staying at home
- e) thinking about school
- f) shopping
- g) having a good meal
- h) playing football
- i) relaxing with friends

Watch the video sequence and tick the correct answer

Table 4 - Examples

How many students are there in the class?	There are	ten students fourteen students twenty students
What Daniel's favorite subject?	It is	English History Biology
What is Mary's Future profession?	It is	doctor teacher manager

Work in group and discuss the following questions.

- a) *Did you see any of these events happen in live?*
- b) *Have you seen them on television before?*
- c) *Which of those events is the most significant to people in your country?*
- d) *What other significant twenty first century events can you think of?*
- e) *Can you predict what is going to be the next significant world event?*

Work with a partner. Choose one of the following situations and act out a conversation

Situation 1: You are a foreign student arriving at your English host family's house for the first time.

Situation 2: You are at a friend's house. Your friend has had a bad day at work and needs cheering up.

Work with a partner. Explain the links between the following.

- a) John Sutter-a private empire -disillusion.
- b) James Marshall-a saw mill -half a pea.
- c) President James Polk -the gold rush -the "Forty-Niners".

Describe the main characters a) John Sutter b) one of the Forty-Niners using the following words:

Rist-taker, visionary, farmer, opportunist, businessman, dreamer, entrepreneur, conservative.

Complete the conversation between Sarah and Andy.

Sarah arrives at Andy's flat and knocks at the door.

Sarah: Hello!

Andy: Hiya. (1) a!

Sarah: Here, I remembered to bring you that CD.

Andy: Oh, (2) _____.

Sarah: _____ (3) _____ ?

Andy: _____ All right. I'm (4) _____.

Sarah: Why? (5) _____ ?

Andy: Nothing - it's just that I didn't finish work until five o'clock this morning.

Sarah: Oh right. Well, you'd better just (6) _____ this evening.
(7) _____ to watch telly, or shall I go and get a video?

Andy: (8) _____.

Sarah: Do you know what's on telly tonight?
Andy: Oh, (9) _____. Rubbish as usual, I should think. Sarah: Oh dear, you are in a bar mood. You're not nervous about meeting my parents, are you?

Andy: No - why should I be? But I am a bit worried about the long drive - my car's (10) _____.

Sarah: Oh well, let's worry about that tomorrow. Come on - make me a nice cup of tea.

Tick (V) the statements you agree with. Then work in small groups and discuss the alternatives.

a) School days are the happiest days of your life. School days are the hardest days of your life. Computers kill creativity. Computers aid creativity.

b) Computers will soon replace books altogether. Computers will never replace books.

c) Children don't get enough exercise these days. Children get just as much exercise now as they ever did.

e) The Internet is a very efficient way of finding information. The Internet wastes an enormous amount of time.

f) School uniforms help to create equality. School uniforms destroy individuality.

Discussion points:

a) *Did either of the rooms on the video look like they could be in your country?*

b) *What looked similar and what looked different?*

c) *Are the life styles of Sue or Heather Similar to those in you country?*

d) *What are the similarities and difference?*

e) *What do their rooms tell us about Sue and Heather's characters?*

Discussion points:

a) *What are you going to do after you leave university?*

b) *What are your career plans?*

c) *What do you think you'll be doing in five year's' time?*

d) *Where do you think you'll be living?*

e) *What do you hope to have achieved in the next ten years?*

f) *What surprised you most about the answer you heard on the video?*

Match the two halves of these sentences. Work with a partner and discuss whether any of the statements are true for you and why?

a) I hope to pursue ...

b) In my job I have to deal...

c) I want to have at least...

d) I've only just started working, so I need to gain.

e) In ten years' time, I'd like to have ...

- f) I just want to go ...
- g) I'd love to live in the ...
- h) I'm going to own a successful ...
- i) I'm too young to settle ...
- j) I plan to become ...

- 1 away for a month.
- 2 heart of Rome.
- 3 a little more experience.
- 4 chain of shops.
- 5 down just yet.
- 6 my own business.
- 7 a world-renowned entertainer.
- 8 a career in business.
- 9 with important issues.
- 10 three children.

Write a letter to an English friend. Write about:

- where you were on holiday
- the weather
- something you did often
- something you saw very interesting
- customs a traditions of people who live in those countries
- food
- history

Write an essay using active vocabulary of the lesson on the theme "Home":

Living room, armchair, sofa, video recoder, bedroom, sheet, pyjamas, alarmclock, bathroom, soap, shampoo, towel, kitchen, plate, sugar, knife.

Put the words in the correct order and write sentences, which were taken from the video.

1 A present, birthday, me, gave, my, aunt.

2 Rain, five o'clock, it, until, didn't.

3 Bring, of, bottle, wine, bring, didn't, I, a.

4 Doesn't, money, cost, it, of, lot, a.

5 Mary, time, a lot of, have, didn't, shopping, so, do, didn't, the, she

6 Tom, passport, ticket, lost, will, his, and.

7 Daddy, tired, didn't, bed, go, to, so, he, wasn't.

When planning pedagogic process of university one should take into account multiformity of methodological approaches which alter perception, world outlook, student's thinking and influence on his practical activity and professionalism. The quality and efficiency of teaching of English is defined by right arrangement of students' independent work which can be provided on the basis of competent approach-application in educational process of university [7].

It should be noted in conclusion that the method offered meet up-to-date requirements of forming communicative competence of future ecologists in English language teaching on the basis of telecommunication technologies application uniting informative, motivational, teaching and controlling functions.

References

1 Casanave C.P. Writing games: Multicultural case studies of academic literacy practices in higher education. - Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum, 2008. – P. 302.

2 Gass S. M., Selinker L. Second language acquisition. - Hills-dale, NJ: Lawrence Erlbaum, 2001. – P.123.

3 Mitchell R., Miles F. Second language learning theories.-London: Edward Arnold, 2004. – P. 204.

4 George A. L., Bennett A. Case studies and theory development in the social sciences. - Cambridge, MA: MIT Press, 2005.

5 Hamel J., Dufour S., Fortin D. Case study methods. Qualitative research methods. Vol.32. - Newbury Park, CA: Sage, 1993. – P. 58.

6 Kreber C. Learning Experientially through Case Studies? // A Conceptual Analysis Teaching in Higher Education. – 2001. - Vol. 6, N 2. – P. 217-228.

7 Lantolf, J.P. (Ed.) Sociocultural theory and second language learning. - New York: Oxford University Press, 2000. – P.107.

М.М. Акешова

магистр английской филологии,
МКТУ им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Б. Турлыбеков

к.соц.н., доцент
МКТУ им. Х.А. Ясави, Туркестан, Казахстан

Методы и средства формирования коммуникативной компетентности будущих экологов в области преподавания английского языка

В условиях реформирования казахстанского образования и присоединения Республики Казахстан к Болонскому процессу в Международном казахско-турецком университете им. А. Ясави в целях подготовки будущих экологов международного уровня и повышения качества образования основной курс взят на внедрение информационно-коммуникационных технологий в учебном процессе вуза, поскольку он

усиливает практическую ориентированность образования, его прагматический, предметно-профессиональный аспект. Организация образовательного процесса с применением информационных технологий обучения требует решения ряда психолого-педагогических, учебно-методических и других проблем и проведения соответствующих исследований.

М.М. Акешова

аға оқытушы, ағылшын филологиясы магистрі,
Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Б. Турлыбеков

әлеум.ғ.к., доцент, Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан, Қазақстан

Болашақ экологтардың ағылшын тілін үйретуде коммуникативтік құзырлығын қалыптастыру әдістері мен тәсілдері

Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесін реформалау және Болон үдерісіне бірігу жағдайында А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде болашақ экологтарды халықаралық деңгейде даярлау және білім беру сапасын арттыру мақсатында негізгі курстарды оқыту білім берудің практикалық бағдарлығын, прагматикалық және пәндік-кәсіби тұғырларын күшейтетін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға арналған. Білім беру үдерісін ұйымдастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану психологиялық-педагогикалық, оқу-әдістемелік және басқа да мәселелерді шешу бағытында сәйкес зерттеулер жүргізуді талап етеді.

УДК 37.036.5

Г.К. Кусаметова

п.ғ.к., аға оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

Р.Ж. Досмырза

аға оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ДАЯРЛАУДА ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Мақала болашақ мамандарды кәсіби даярлауда шығармашылық қабілеттерін қалыптастырудың маңызын ашып көрсетуге арналған. Авторлар педагогикалық еңбектің шығармашылық табиғатын әрбір педагогтың даралығымен байланыстырып, «даралық», «шығармашылық даралық» ұғымдарына талдау жасайды,

педагогикалық шығармашылық даралықтың көріну жағдайларына тоқталады.

Педагогикалық іс-әрекеттегі шығармашылық қабілетті дамыту жолдары қарастырылып, шығармашылық қабілеттілікті арттыруда өзіндік орны бар тренингтік технологияларды қолданудың үлгілері көрсетіледі.

Тірек сөздер: қабілет, шығармашылық қабілет, шығармашыл мұғалім, даралық, шығармашылық даралық, тренингтік технологиялар

Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілет – балаларды сүйетін, жүрек қалауымен жұмыс істейтін, әрбір педагогтың қолы жетерлік тәрбие мен оқытуда тұрақты жетілдіріп отырылатын өнер.

Қазіргі кезде ұстаздың жеке шығармашылық қабілеті жайы көп айтылып жүр. Мұның өзі заңды да. Шығармашылық қабілетті ұдайы шыңдамайынша, білім беру жүйесі алдына қойылып отырған қыруар міндеттерді жүзеге асыру мүмкін емес. Жаңа қоғам талаптарына сәйкес ұстаздың жеке шығармашылық қабілетін дамыту міндеті ерекше маңызды болып отыр, өйткені оқу-тәрбие процесі тиімділігінің табысты болуы көбінесе ұстазға байланысты. Әрбір мұғалім өз басының бағалы кәсіптік сапасын, іскерлігі мен дағдысын жетілдірудің, яғни өзінің кәсіптік жеке шығармашылық қабілетін дамытумен шұғылдануының айрықша маңызы бар.

Қоғам дамуында білім берудің ең маңызды мәселе екендігі белгілі. Қазіргі кездегі білім берудегі негізгі мақсат – жан-жақты, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-тұлғасы бар адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. “Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз”- деген Елбасы Н.Назарбаевтың сөзі бекер айтылған жоқ. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы бүгінгі ұрпақ бейнесінен көрінеді. Осыдан барып жас ұрпақтың бойындағы іскерлік қабілетін ашу және оларды шығармашылыққа баулу туындайды.

Әрбір мемлекеттің өсіп-өркендеуінің, бәсекеге қабілетті болуының ең басты ошағы – осы ұстаз берген білім. Сондықтан да дамудың ең биік көкжиегінен көрінгісі келетін кез келген мемлекет, ең алдымен, білім беру саласын дұрыс жолға қойып, сапасын көтеруді мақсат етеді. Ендеше осындай бәсекеге қабілетті, рухы биік ұрпақ тәрбиелеу жаңа формация мұғалімінің еншісіне тиері анық.

Сондықтан қоғам талабына сай шығармашыл мұғалім болу заман талабы болып тұрғаны анық. Ал жаңа формация мұғалімі дегеніміз кім деген сұраққа жауап іздейтін болсақ, Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында: “Жаңа формация мұғалімі – кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа құмар, рухани дүниесі бай, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға” [1] деп көрсетілген, яғни ол ізгілігі мол, әр іске жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын, ақпараттық технологияны толық меңгерген, коммуникативті, бір сөзбен айтқанда, толыққанды құзырлы адам.

Өзіндегі жеке шығармашылық қабілетті дамыта білу – мұғалімнің кәсіптік даярлығының іргетасы. Күнделікті кәсіптік қызметінің барысында осы негізде мұғалімнің педагогикалық техникасы, оның оқыту және тәрбиелеу жұмыстарындағы іскерлігі мен дағдысы жетіледі, ажарлана түседі. Ертең ел тізгініне ие болар жеткіншектеріміздің ғаламдық өркениеттен қалып қоймай, білімді, тәрбиелі, жан - жақты болып қалыптасуының қамтамасыз етілуі - мемлекеттік маңызы бар іс. Бүгінгі таңда білім саласында түбегейлі өзгерістер жүріп жатыр. Осы өзгерістерді жүзеге асыру, әсіресе, ұстаздарымыздың біліміне, кәсіби шеберлігіне көп байланысты. Парасаттылықты, адалдықты шәкірттерінің бойларына жас кезінен ұялататын ұстаздар десек, қателеспес едік. Сондықтан да ұстаз еңбегіне еш баға жетпек емес. Ұстаз дегеннің өзі - биік атауға тең. "Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз!" - деп ұлы данышпан Абай айтып кеткендей, және де ұстаздың өзі- адам құндылықтарды терең сіңірген, рухани жаны таза адам болуы, қазір жаңалықтар легімен енген соны технология, технологиялық дәуір. осыған орай қазіргі кезеңнің талабына сай өскелең ұрпақты білімді, мәдениетті, ұшқыр ойлы, халқының салт-дәстүрін дәстүрлей білетін, туған Отанын, жан-тәнімен сүйетін азамат дәрежесіне тәрбиелеу және осыған жетелеудің өзі педагогикалық шығармашылық демекпіз. Абай атамыздың: «Ақырын жүріп анық бас, Еңбегін кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға» - деп айтқанындай, мұғалім үшін мамандығындағы жеке шығармашылық қабілетті іске асыру, кәсіби шеберлікке жету, өз мамандығының данышпаны болу бір күнде пайда болатын дүние еместігін біз жақсы түсінеміз және өмір бойы ізденішулікті, зерттеушілікті талап ететін мамандық екенін анық аңғарғанда ғана толық нәтижеге жетуге болады.

Жеке шығармашылықты қабілетті жолға қою – бұл педагогикалық еңбектің ең жоғарғы ұйымдастырылған түрі. Оның ерекшеліктері, педагогикалық қызметтің теориялық негізін идеялар мен принциптерді құрауы, сонымен қатар бұл деңгей эталон болып саналады әрі оған өте сирек қол жеткізіледі. Бұл жерде қарастырылған педагогикалық қызметтің шығармашылық деңгейлердің болуы шартты. Бір педагогта әртүрлі деңгейлердің болуы мүмкін, сонымен қатар әр нұсқаудың қиылысуы да мүмкін.

Белгілі бір деңгейге шығу үшін, педагогтың төменде қарастырылатын шығармашылыққа дайындығы туралы айта кетуге болады:

- Үздіксіз білім алуына және өзіндік білім алуына;
- Педагогикалық қызметтің барлық мүшелерінің шығармашылық дамыту мүмкіндіктері, яғни педагогтың өзі және студенттері;
- Оқытушы еңбегін тиімді және ғылыми ұйымдастыруды қалыптастыру.

Педагогикалық еңбектің шығармашылық табиғаты әрбір педагогтың *даралығымен* байланысты.

Даралық - өзіндік қайталанбайтын – тұлғаның ең жоғарғы дамыған сатысы болып саналады, оның негізгі сипаттамасы тұтастығы, құндылықтары тұлғалық қабілеттілікпен даралық мазмұндарын іске асыру болып айқындалады.

Шығармашылық даралық – тұлғаның шығармашылық бағыттылығы, мотивациясы, қабілеттілігі, ойлауы, ішкі белсенділігі бар сипаттамасы.

Педагогтың шығармашылық даралығы: студенттермен қарым – қатынаста және қатынастар мазмұнындағы сипатта; кәсіби іс – қимылы мен тәсілдерінде, біртұмалылығы мен әдістемелік қайталанбаушылығы және сезгіштік тапқырлығында тұлғалық басымдылықты іске асырумен байқалады;

Алайда педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілет барлық тарихи және мәдени өзгертуде болсын, ол қашанда ұстаздық еңбектің қандай да бір педагогикалық үлгісі, педагогиканың рухани эталоны болып қала береді. Педагогика мамандығындағы жеке шығармашылық қабілет ұғымына қатысты педагогикада әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Бұл ұғымды әр педагогтар өздерінше қарастырады. Жаңа дәуір педагогы А.Дистервег педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілеттішынайы оқыту, істі білу, өз ісін, және оқушыларды жақсы көру, педагогикалық шеберліктен құралады деп тұжырымдайды.

Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілеттілік педагогтың кәсіби іс-әрекетінде байқалады. Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілеттілік – ол қозғалыстағы жүйе, себебі онда қоғамда жеке тұлғаның объективті және субъективті жағдайлары жеке тұлғаның ерекшеліктері бейнеленеді. Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілеттілік негізі бұл адамның жеке басының таланты мен осы талантты дамытуға бағытталған қажырлы еңбегі болып табылады. Әрбір маман шебер болып туа бермейді, бірақ еңбектену барысында шебер болуға болады. Мұғалім мамандығының басты ерекшелігі оның үнемі үлгі-өнге бола білуінде. Сондықтан нағыз мұғалім болуы үшін үнемі шығармашылық қабілеттілікке ұмытылып отыру керек. Педагог мамандығындағы жеке шығармашылық қабілетті мұғалім атанудың алғашқы қадамы - оқу орынында басталады, студент өзінің пәнін жетік білуі керек, яғни теориялық материалды терең меңгеруге және оны нақты практикада орындай алуға дағдылануы қажет.

Білім берудегі негізгі мақсат тек білімді, кәсіби мамандандырылған адам дайындау ғана емес, рухани дүниесі бай және адамгершілігі зор, қоғамдық өмірдің барлық аясында ұлттық құндылықтарды бағалауға және дамытуға қабілетті тұлғаны қалыптастыру екенін білім білім мазмұнын таңдауда қатаң ескерілетін мәселе екенің баса айтқан жөн. “Тұлға” – адамның келешек өмірінің қалыптасу жобасының келбеті. Адам тәрбие негізінде жетіліп, қалыптасады. Адам болашағын шешетін де тәрбие екендігі ежелден белгілі, көңілде жатталған ұлы түсінік болғанымен, оны педагогикалық-психологиялық тұрғыдан келгенде “қалай жүргізу керек, қалай ұйымдастыру керек” деген мәселе күн тәртібінен түспейтіні ақиқат. Адам өмірінде тәрбие мәңгілік категория болса, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру еш уақытта ескірмейтін, қайта озған сайын жаңарып, әрбір кезеңнің өз талабына сай жетіліп отыратын үздіксіз үрдіс деп түсінеміз. Демек, бұл үрдісте жеке тұлғаның психологиялық даму ерекшеліктеріне жете көңіл бөлу қажет екенін дәлелдеп отыр.

Адамның күш-жігерінің мүмкіндігі ұшан-теңіз екендігі соншалық, тіпті орташа оқитын, жай ғана қабілеті бар, студенттің өзі, жеке басын және кәсіптік-педагогикалық қызметтегі талантын жан-жақты өрістете алады. Көрнекті кеңес педагогы А.С.Макаренко өз шеберлігін жетілдірудегі тәжірибесіне сүйене отырып, былай деп жазғаны тегін емес: «Менің педагогикалық талантым болған емес және де педагогикаға ешбір әуестенбей-ақ кездейсоқ келдім. Бірақ мен үйрендім. Мен өз ісімнің шебері болуға тырыстым. Ал әркім-ақ өз ісінің шебері бола алады, ол үшін оған көмектесу керек, ол өзі де жұмыс істеуге ынталы болуы тиіс» [2]. Көрнекті педагог бұл сөзінде өзін тым сыпайы етіп көрсеткен болады. Бірақ бір нәрсе айқын: педагогикалық қабілеттілікті қалыптастыруға болады.

Өзімен жұмыс істеу К.Д.Ушинскийдің көрнекті педагог болуына жәрдемдесті. К.Д.Ушинскийдің айтуынша, оның өзін-өзі тәрбиелеуіне мынадай жайттар жәрдемдескен: 1. барынша сабырлылық, ең болмағанда сырттай байсалдылық. 2. сөз бен істегі турашылдық. 3. әрекеттегі алдын-артын ойлаушылық. 4. Батылдық. 5. Ешбір қажетсіз өзі туралы бір ауыз да сөз айтпау. 6. Уақытын текке өткізбеу, кез-келген істі емес, өзің қалаған істі атқару. 7. Өз қылығыңа әр кеш сайын адал есеп беру. 8. Болғанына да, барына да, болатынан да ешқашан мақтанбау.

Көпшілік жағдайда адамдар алтын уақытын текке өткізеді. Өзінің потенциалды күшін жұмсауына кейде мінез-құлықтағы стереотип сондай қалыппен тәртіпке дағдыланушылық тосқауыл болады да, адам өз мүмкіндігін мүлде шамалы пайдаланады. Адам үйреншікті дағдыға біржақты өмірге бағынышты болғанда, өзін жан-жақты дамыту және өз қабілетін пайдалану жоспарын кейінге қалдырады. Өкінішке орай, ерекше таланты мен қабілетін көрсете қоймаған орташалар қатарына жататын адамдар арасында өзін-өзі тәрбиелеуге талпынбайтындығы былай тұрсын, жеткен жетістігіне ғана қанағаттанып, оған мүлде теріс қарайтындар да кездеседі.

«Өзінді білуің адамгершілікке жеткізеді» деген еді неміс психологі Н.Энкельманн. Осыған байланысты педагогикалық пәндерді оқыту барысында педагогикалық технология бойынша тренингтер түрінде өткізілген қазіргі сабақтардың маңызы өте зор. Бірақ, бұл қарапайым оңай жұмыс емес, ол үшін оқытушының алдын ала педагогика-психологиялық білім сауаттылығы, ұйымдастырушылық, шығармашылық шеберлігі өте маңызды. Сондықтан шығармашылыққа талпынған болашақ маман үшін мұндай тренингтің пайдасы мол екенін жүргізген тренинг өткізу барысында көз жеткіздік.

Тренингілік технологиялар – бұл оқу – танымдық әрекеттерді белгілі алгоритмдерін құрастыру және оқыту барысында типтік тапсырмаларды практикалық жаттығулар барысында шешу тәсілдерінің жүйесі болып табылады.

Тренингтік сабақтар оқытушыларға студенттерді жан-жақты және тереңірек ашуға, оларға бағыт-бағдар беріп, әсер етуге, студент көзқарасын өзгертуге септігін тигізеді. Мұндай сабақтарды ұйымдастыру барысында

оқытушы мақсатты нақтылап, оған шығармашылық тұрғыдан келіп, оқушының білімділік, тәрбиелік жағынан қызығуын арттырып, ой-өрісін дамытуға баса назар аударуы тиіс.

Тренинг сабақтарда студенттер өзін еркін ұстап, өзгеге сенімін, жылуын күшейтеді. Болашақ шығармашыл мамандардың тұлғалық дамуына бағытталған осындай жаңа технологиялары кім-кімді де ойлантары әрі қызықтырары даусыз. Төменде баспасөз бетінде жарияланған бірнеше тренингтерді атап өтуге болады [3].

Тренинг №1

Тақырыбы: Қарым-қатынастың қарапайым дағдыларын дамыту

Мақсаты: Педагогикалық мамандық негізінде қарым-қатынастың қарапайым дағдыларын игерту.

Өткізілу барысы:

Алдын ала сабақтың мақсаты мен мазмұнын ұйымдастыру.

Аудиторияға кіріп, ондағылармен амандасу;

Кіргеннен кейін ешбір сөзсіз-ақ-мимика, пантомимика, көзқарас арқылы өзіңе зейін аударту.

«Оқушыларға» өтініш, талап, ескерту, мадақтау, күлдіргі, әзіл, ишара, бұйрық, тілік т.б. түрде сауал қою;

Қажетті дауыс ырғағын табумен қоса, мимикалық-пантомимикалық мәнерді де дұрыс келтіре білу

Өзгерген әрекет жағдайында қарым-қатынас жасау әдісін іздестірі (әр түрлі жағдайлар ұсынылады)

Тренинг №2

Тақырыбы: «Өзіндік қабылдау»

Қағазды екіге бөліп сызып, сол жағына «менің кемшіліктерім», оң жағына «менің жетістіктерім» деп ойларын бүкпей ашық жаздыру.

Менің кемшіліктерім Менің жетістіктерім

- 1.
- 2.
- 3.

5 минуттан соң 3-4 студенттердің өз жазғандарын топтап талдап, талқыға саламыз. Оған 10 минут уақыт беріледі. Мына ережені есте ұстаған жөн: бір – біріне сұрақ қоюға болда, бірақ, «сын айтуға» болмайды.

Қорытынды: тренинг нәтижесі болашақ мамандардың құзіреттілігін яғни, шыншылдығын, жауаптылығын, алғаш рет өзіне қорытынды жасауын, өзін түсініп, өзгеге сенуін көрсетеді.

Тренинг барысында баяу музыка қосып қоюға болады. Ол студенттердің ашылуына, ойланып айта әрі сөйлеу білуіне әсерін тигізеді.

Тренинг №3

Тақырыбы: «Мен қандай адаммын?»

Бұл сұрақ көбіне өзгелерге қойылады. Ал тренингте ақ қағаз алып, «Мен қандай адаммын?» деп жазып, мына сұрақтарға жауап берілуі тиіс.

1. Менің өмірім: қандай жетістіктерім мен кемшіліктерім бар?
2. Отбасы әсері: ата – анам, аға – іні, сіңлі – қарындастарым, т.б.

Бұл тренингті де барлық курстарда өткізуге болады, студент белгілі бір уақыт аралығында өзінің жетістігі мен кемшілігін біліп отырады, өз - өзіне қорытынды жасап, кемшіліктерді болдырмауға, азайтуға тырысады.

Тренинг №4

Тақырыбы: «Өзінді ғана емес, өзгені де таны»

Студенттерге ұлылардың (жазушы, ғалым, педагог, ақын, т.б.) суреттері бар қағаздар таратылады. Балалар еріктері бойынша топтарға бөлініп, ол кісі туралы білгендерін жазып, біреуі шығып оны қорғайды. Оқушыларға ойлануға 5 минут уақыт беріледі.

Қорытынды. Студенттер жинақталады, білгендерін еске түсіреді, неғұрлым жақсы қорғау үшін жауапкершілігін сезінеді.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасы жаңа формация педагогының үздіксіз педагогикалық білім беру тұжырымдамасы. Жоба. – Алматы, 2005. – 33 б.
- 2 Макаренко А.С. Соч. IV т. – М., 1928. – 490 с.
- 3 Қадашева Қ. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы, 2005. – 180 б.

Г.К. Кусаметова

к.п.н., старший преподаватель, Актюбинское Многопрофильное высшее учебное заведение им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

Р.Ж. Досмырза

старший преподаватель, Актюбинское Многопрофильное высшее учебное заведение им. К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

Пути совершенствования творческих способностей в подготовке будущих специалистов

Поиск средств развития познавательных и творческих способностей, повышения эффективности обучения студентов и их профессиональная подготовка является проблемой современной высшей школы. Значимость решения данной проблемы состоит в том, чтобы высшая школа могла выпускать таких специалистов, которые в последующей своей деятельности реализовали бы свои знания и возможности их применения на практике не копированием, а путём применения творческих способностей, внедрения новшеств в процессе обучения и воспитания подрастающего поколения.

G.K. Kusametova

c.p.s., senior teacher, Aktobe Multidisciplinary University
named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

R.Zh. Dosmyrza

senior teacher, Aktobe Multidisciplinary university
named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

The implementation of creative abilities in preparation of future teachers

Search tools for the development of cognitive and creative abilities enhance the effectiveness of teaching students and their training is a problem of modern higher education. The significance of solving this problem is to Graduate School could produce such experts who follow their activities would have implemented their knowledge and possibilities of their application in practice is not copying, but by applying creativity, innovation in education and upbringing of the younger generation.

УДК 82.02

Д.М. Құрманғалиева

Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ
ағылшын пәні мұғалімі, Алматы, Қазақстан

М.С. Тилеубаева

PhD докторант, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ,
Алматы, Қазақстан

ДЖЕЙМС КАУФМАННЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯ ТУРАЛЫ ОЙЛАРЫ

Мақала авторлары Американың Коннектикут университетінің PhD докторы, профессор Дж.С.Кауфманның шығармашылық психология туралы ойларымен таныстыруды мақсат еткен. Джеймс Кауфманның шығармашылықты зерттеудің әдістері жөніндегі пікірлері келтіріліп, шығармашылықтың мағынасын ашатын теорияларға жасаған талдаулары берілген. «Төрт С» (авторы Рона Бегетто) шығармашылық моделі бойынша шығармашылық даму үрдісі ретінде қарастырылса, «Уақытты өткізу теориялық моделі бойынша шығармашылық заттық-бағытталған немесе жалпы домен ретінде қарастырылады. Шығармашылық жетістіктердің кез келген түрін меңгеру үшін негізгі домендерді білу керектігі, шығармашылық оқу процесінде интегралданған болуы мүмкін екендігі баяндалады.

Тірек сөздер: шығармашылықты зерттеуші, үдеріс, өнім, креативті адам, шығармашылықпен айналысатын орын, шығармашылық моделі

Жұмыстық жоба - бұл өңдеу сатысында болады, сондықтан жаңартуларға жиірек кіріңіз. Әдетте шығармашылықты зерттеушілер жаңа және сәйкестендірілген міндеттер ретінде қарастырады.

Басқаша болу бұл жеткілікті емес. Мысалы, мен сізден шығармашылық жолдағы математикалық дәлелдеу жасаңыз десем сіз "Балықтар бақытты" деп жазасыз. Бұл жауап жаңа болып табылады. Бұл басқа, бұл ерекше. Бұл бір түрлі, бірақ бұл шығармашылық емес.

Шығармашылық болуы үшін ол сұраққа дұрыс жауап беруі тиіс.

Адамдардың шығармашылық деп ойлайтын басқа да жақтары бар. Кейбір адамдар шығармашылық ғажайып болуы керек деп айтады. Кейбіреулері ол жоғары сапада болуы керек деп айтады. Ал үшінші жақтар қоғамдық келісімнің нақты деңгейі болуы қажет дейді.

Шығармашылықты зерттеудің тағы төрт әдісі бар (көбінесе төрт Р): үдеріс, өнім, адам және орын. Басқаша айтқанда шығармашылық туралы біз қалай шығармашыл болу керек (үдеріс), креативті не (өнім), ол кім (адам), қашан және қайда біз креативті(орын)

Шығармашылықтың теориялары қандай болады?

Шығармашылықтың мағынасын ашатын көптеген теориялар бар. Мен олардың біразына тоқталамын, соның ішінде өзімнің және әріптестерімнің.

“Төрт С” шығармашылық моделі.

Доктор Рона Бегетто ойлап тапқан.

“Төрт С” шығармашылық моделі шығармашылықты даму үрдісі ретінде қарастырады.

Шығармашылық тұжырымдамасының көпшілігі ереже бойынша тіл табудың екі түрінің біреуін қабылдайды, яғни үлкен С және кіші С.

Үлкен С бұл шығармашылық данышпандары болып табылады. Классикалық сазгерлер туралы айтқан кезде сіз Моцарт, Бетховен, Шопен т.б. елестететін шығарсыз. Осылардың барлығы үлкен С деңгейінде.

Кіші С бұл күнделікті шығармашылық. Бұл қанағаттану үшін өлең жазатын адам болуы мүмкін.

Рон және мен негізгі айырмашылық екі деңгейді бөліп қарастырады:

Шағын С оқыту үрдісіндегі шығармашылық болып табылады. Бұл өлең жазуды үйреніп жатқан сәби болуы мүмкін.

С - шығармашылық сарапшысы деңгейі. Бұл қазір кезде танымал өлеңді жазып жатқан біреу болуы мүмкін.

Шығармашыл адамның өмірі, мысалы, мына кезеңдер бойынша өтуі мүмкін:

Жастық кезінде Салли әр түрлі әдіспен өлең жазуға тырысады және оны зерттейді. Ол сонет, өлеңді еркін болжаммен жазады. Бұл өлеңдер жақсы шықпауы да мүмкін, бірақ ол үшін бұл өлеңдердің маңызы зор. Бұл шағын С.

Оның жетістіктері негізінде ол жақсарады. Ол өлеңдерін кофейняда оқитын шығар, колледждегі әдебиет журналдарында жария еткен болуы мүмкін. Бұл кіші С (біз оны кей кезде Шығармашылықтың қалалық жәрмеңкесі деп айтамыз).

Уақытты өткізу теориялық моделі.

Джон Бэр және Джеймс Кауфман шығармашылықтың уақытты өткізу теориялық моделін ойлап тапқан.

Шығармашылық заттық-бағытталған немесе жалпы домен ретінде қарастырылуы мүмкін. Ол нені білдіреді? Жай сөзбен айтқанда шығармашылықты зат немесе көптеген заттар ретінде қарастыруға болады. Егер шығармашылық заттық – бағытталған болса, бізге басқа аймақта шығармашыл болуға болмайды. Мысалы, Дуг тек қана алгебралық дәлелдеулер ойлап тапқанымен, ол мультфильмдерге тақырып қоя алмайды.

Бұл неге өте маңызды? Егер шығармашылық заттық-бағытталған болса ғана тәжірибе немесе оқыту сіздің шығармашылығыңызды дамытады. Тапсырмалардағы мәселелерді шешу немесе суреттеу кезінде оларды басқа домендерде жеткізудің қажеті жоқ. Осылайша, өзінің жұмыскерлерін шығармашыл істегісі келетін кез келген кәсіп, ол тек ақша және уақыт жұмсау болып табылады. Сондай-ақ біз шығармашылықты өнермен байланыстыруға жақынырақ. Көбісі суретші және ақындар кәсіпкер, заңгер, данышпандарға қарағанда шығармашыл болады деп ойлайды. Көбісі біз шығармашыл біз, бірақ оны суреттеу негізінде көрсетпейміз деп ойламайды. Заттық-бағытталған болашақтар әрбір адам өзінше шығармашыл деп айтады.

Сол себептен Джон мен Джеймс Кауфман шығармашылықтың теориялық моделіне көп тоқталған. Джеймс Кауфман шығармашылық талаптарға да тоқталған.

АРТ моделі ойын-сауық саябағының ауласында негізі қаланған. Аттракцион саябағында саябақтың барлық аймақтарына таратылатын талаптар бар. Мысалы, сіз билетсіз кірмейсіз. Саябаққа келу үшін сіз сәйкестендірілген киім киюіңіз тиіс, және де сіз қандай да бір көлік түрімен қамтамасыз етілуіңіз керек. Сондай-ақ барлық аймақтарда шығармашылық өндірісте қажетті бастапқы талаптар бар. Мысалы, шығармашыл болу үшін сіздің ойлау қабілетіңіздің белгілі бір деңгейі болуы тиіс. Сондай-ақ сіз шығармашыл болу үшін қандай да бір факторлер сізді ынталандырып жатқанына тәуелсіз сіз ынталандырылған болуыңыз керек. Ақыры, сізде айтылу үшін рух болуы қажет. Егер сіз өзіңізді шығармашыл адам емес деп жазалайтын болсаңыз, онда сізге ары қарай дамуға қиынға соғады. Осы үш бастапқы талаптар шығармашыл болуға және жетістіктерге жетуде қажет.

Әрбір қадам жіңішке айырмашылықтың иерархиясын көрсете алады. Суретші және жазушылар өздерінің белгілі бір бейнесімен ерекшелінеді, ал журналист және ақындар мүлдем басқа. Осы модельді пайдалана біз басшылыққа адамдардың жеке күшті жақтарын ескере отырып, шығармашылық тәрбиелеуге көмектесе аламыз, деп Джеймс Кауфман өз ойын қорытындылайды.

Шығармашылықты қорғаушылардың қауіп-қатері.

Егер мен шығармашылықты жақтаушылардың нақты сұрақтарымен келіспесем де, мен шығармашылықты жақтаушыларды - ұстаздар, саясат төңірегіндегі эксперттер, журналистерді ғылым және мүдделі азаматтарды бағалаймын. Олар көп жұртшылық үшін шығармашылықтың маңыздылығын

күшейтуге көмектеседі. Дегенмен де мені мазалайтыны шығармашылық үшін қатты күйетіндер соңында өздеріне теріс әсер тигізеді.

Осы жақтаушылардың кейбіреулері шығармашылық оқу және математикаға қарағанда маңыздырақ деп айтады. Сіз менен артық шығармашылықты қастерлейтін адамды көп таба алмайсыз, бірақ бұл аздап мағынасыздау. Мені бұл адамдардың көбі нүктені қарапайым жасауға тырысқан. Бірақ шығармашылық жетістіктердің кез келген түрін меңгеру үшін негізгі домендерді білу керек. Бәрібір шығармашылық өмірлік жетістікке жетуде маңызды.

Көптеген зерттеулер мұғалімдердің балаларға шығармашылық көмектескісі келетінін көрсетеді, бірақ қандай жолмен көмектесетінін білмейді. Дәл осындай шығармашылық потенциал туралы біздің ойларымыз көбнесе дұрыс емес. Сіз математикада және ғылымда шығармашылық жүргізе аласыз. Шығармашылық оқу процесінде интегралданған болуы мүмкін.

Әдебиеттер

1 Baer J., Kaufman J.C. Bridging generality and specificity: The Amusement Park Theoretical (APT) Model of creativity // Roesper Review. – 2005. - № 27. – P.158-163.

2 Kaufman J. C., Baer, J. The Amusement Park Theory of Creativity // J.C. Kaufman & J. Baer (Eds.). Creativity across domains: Faces of the muse. - Mahwah, NJ: Lawrence Erlbaum, 2005. – P. 321-328.

3 Kaufman J. C. Creativity 101. - New York: Springer, 2009.

4 Beghetto R.A., Kaufman, J. C. Toward a broader conception of creativity: A case for “mini-c” creativity // Psychology of Aesthetics, Creativity, and the Arts. – 2007. - № 1. – P. 13-79.

5 Kaufman J.C., Beghetto, R.A. Beyond big and little: The Four C Model of Creativity // Review of General Psychology.- 2009. - № 13. – P.1-12.

D.M. Kurmangaliyeva

English teacher, KazURWL Ablai Khan, Almaty, Kazakhstan

M.S. Tileubayeva

2nd year PhD candidate for a doctor's degree

KazNU named after Al-Farabi, Faculty of Philosophy and Political Science,
Almaty, Kazakhstan

J. Kaufman’s opinion about creative psychology

Creativity is what you do live for. It’s a new created valuable thing and it can be as an idea, a joke, a literary work, a painting or musical composition, a solution, an invention etc. The range of interest can be found in any areas. Creativity can be expressed in a number of different forms, depending on the unique people and environments. Most people associate creativity with the fields of art and literature.

For J.Kaufman it's like a marketing research. I mean to create something new to solve clients' needs.

Д.М. Курмангалиева

преподаватель английского языка, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

М.С. Тилеубаева

PhD докторант, КазНУ им. Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

Мнение Дж.С. Кауфмана о творческой психологии

Творчество является жизнью, которой мы живем. Это новая созданная ценная вещь, и это может быть идея, шутки, литературное произведение, живопись или музыкальная композиция, решение, изобретение и т.д. Диапазон интересов можно найти в любых областях. Творчество может быть выражено в нескольких различных формах, в зависимости от уникальности людей и окружающей среды. Большинство людей ассоциируют творчество с областью искусства и литературы. Для Дж.С. Кауфмана это как маркетинговое исследование, чтобы создать нечто новое, чтобы решить потребности клиентов.

УДК 81-139

Ә.С. Әлметова

п.ғ.к., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

А. Пірназарова

магистрант, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

ПРАГМАТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕР – ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ НЕГІЗГІ ҚАЙНАР КӨЗ

Мақалада прагматикалық мәтін және оның өзіндік ерекшелігі, оқыту ісіндегі тиімділігі мен қажеттілігі мәселелері көтерілген. Авторлар тілдік жоғары оқу орындарындағы тіл үйренушілердің қызығушылығын арттыру мен тілді меңгертуде прагматикалық мәтіндермен жұмыс жасаудың роліне тоқтала келе, прагматикалық мәтіндерге қойылатын талаптарды атап көрсетеді, Тақырып бойынша берілетін аялық білім көлемі, тақырып пен оған лайықталып ұсынылған мәтін арасындағы мәдениетаралық сипат, тілді үйренушілердің ана тілі мен сол халық мәдениетін есепке алу осы

талаптардың ішіндегі ең маңыздысы ретінде бөліп аталады. Прагматикалық мәтіндер арқылы тіл меңгерту - жеке өзіндік ойлау әрекетін дамыту, рефлексиялық ұғымдармен, пікірлермен, ойтұжырымдарымен жұмыс жасау қабілеттерін дамытады – деген қорытынды жасалады.

Тірек сөздер: прагматикалық мәтіндер, лингвомәдениеттанулық құзыреттілік, реалия, хабарландыру, жарнама, нұсқау

Қазіргі кезде тілді өзге тіл ретінде оқыту үрдісінде прагматикалық мәтіндерді пайдалану белең алып отыр. Оның себебі мұндай мәтіндер студенттің мәдениетаралық қарым-қатынастағы тілдік қатынасқа жетіктігін дамытуда ерекше маңызды. Өйткені олар оқу дәрісханасына үйреніп жатқан тіл халқының мәдениеті мен күнделікті тыныс-тіршілігінен алынып, сол халықтың табиғи әлеуметтік-мәдени өмірінің көрінісін сол тілде береді. Прагматикалық мәтіндерді сөйлеу әрекетінің барлық түрлері үшін (оқылым, жазылым, тыңдалым) ұсыну өте тиімді екенін күнделікті оқыту үрдісі дәлелдеп келеді.

Прагматикалық мәтіндер қатарына үйренуші тіл халқының күнделікті өмірде табиғи жағдаяттар негізінде шынайы тілдесу үстінде үнемі пайдаланып жүрген ақпараттық және прагматикалық (күнделікті өмірді реттеп отыратын) сипаттағы, сонымен бірге эстетикалық және білім беру қызметін атқаратын кез келген стильдегі мәтінді жатқызамыз. Ал прагматикалық мәтіндерге хабарландырулар, жарнамалар, афишалар, нұсқаулар, көркем шығармадан алынған мәтіндер типі т.б. жатады. Оларды көркемдік қатынастан аулақ адам мен заттың арасындағы байланысты ұйымдастыратын мәтіндер деп қарауға да болады. Мұндай мәтіндер құрылымының стереотиптілігімен, стандарттылығымен, мазмұнының танымдық білім беру қасиетімен, күнделікті өмірді реттеп отырушылық сипатымен, ал мәтіннің тұтас алғандағы құрылымы мен мазмұнынан лингвистикалық білім алуға болатындығымен ерекшеленеді. Прагматикалық мәтіндер табиғатын зерттеген ғалымдар пікіріне зер салсақ, мұндай мәтіндердің тілдік те, экстралингвистикалық та шынайылық пен дәлдікті бойына жинаған күрделі құбылыс екені аңғарылады. Атап айтқанда, олар - әрі қатысым құралы, әрі ақпаратты сақтау мен беру тәсілі, белгілі бір тарихи кезеңнің жемісі, ұлттық мәдени ерекшеліктер мен тілдегі ұлттық семантикалық стильдік ерекшеліктерді беру құралы да. Прагматикалық мәтіндердің бұлайша кең түсіндірілуі мұндай мәтіндердің үйреніп жатқан тіл халқы өмірінің лингвомәдениеттанулық сипатын толық көрсете алатынын дәлелдейді.

«Прагматикалық» сөзі - грек сөзі. Мағынасы «зат, оның мәні мен маңызы, әрекет, іс, шындық» деген мағынаға келеді. Көптеген ғалымдар пікірі прагматикалық мәтіндердің әлеуметтік шындықтың моделі екенін, аутентикалық атмосфера орнататынын айтады [1]. Прагматикалық сипаттағы мәтіндерді оқып-үйрену мұндай мәтіндердің де кәдімгі жалпы белгілі «мәтін» деген ұғымға, оның әртүрлілігіне тән сипаттарды иеленетіндігін айтады.

Әйткенмен бұл ұғымды басқалардан ажырататын өзіндік негізгі белгілері де жоқ емес екенін де көрсетеді. Мәтін көпқырлы, әр түрлі жанрдағы құбылыс болғандықтан мәтін лингвистикасы, сөйлеу актісі теориясы, бұқаралақ ақпарат құралдарының тілі т.б. бұл ұғымының өзіндік ерекшелігін көрсете алатын көптеген бағыттардың аясында оқытылады.

Прагматикалық мәтіндерге қойылатын талаптар ішінен ең маңыздысы деп тақырып бойынша берілетін аялық білім көлемін, тақырып пен оған лайықталып ұсынылған мәтін арасындағы мәдениетаралық сипатты, мүмкіндігінше тілді үйренушілердің ана тілі мен сол халық мәдениетін есепке алуды айтуға болады.

Мәтіндердің қатысымдық міндеттерінің сипатына қарай оларды бірнеше жанрға бөледі. Бұл жанрлардың әрқайсысы өзіндік құрылымымен ғана ерекшеленбейді, сонымен бірге мәтіндегі мағыналық байланыстарды қамтамасыз ететін өзіне тән тілдік құралдарымен де ерекшеленеді. Прагматикалық сипаттағы мәтіндер үшін өте маңызды қасиет - оның хабарлау сипатын иеленетіндігі. И.Р. Гальперин хабарлаудың төмендегі түрлерін көрсетеді: мазмұны деректі материалдарға құрылған мәтіндер; мазмұны тұжырымды негізделген мәтіндер; мазмұнын астарлап беруге негізделген мәтіндер [2].

- мазмұны деректі материалдарға құрылған мәтіндерде қазіргі күнгі болып жатқан, алдағы уақытта болатын, немесе болып өткен оқиғалар баяндалады. Кейде мұндай мәтіндер сол оқиғаларды елестету арқылы да құрастырылады.

- мазмұны тұжырымды негізделген мәтіндер – бұл кешенді ұғым. Мұндай мәтіндерді автордың ойы мен мәтін мазмұнын тәпсірлеуі деп түсінуге де болады.

- мазмұнын астарлап беруге негізделген мәтіндерде негізгі мәлімет жасырын тұрады. Ол мәтін мазмұнындағы деректер арқылы, тілдің көмегімен ұқсас мағыналарды ажырату арқылы ашылуға тиіс.

Прагматикалық мәтіндер «мәтін» деген жалпы ұғымның негізгі қасиеттерін сақтай отырып, оның мазмұнындағы танымдық, тұжырымдық элементтер арқылы тіл үйренушілерді өзге ұлт мәдениетіндегі өзіне таныс емес ұғымдар мен қалыптасқан стереотиптерді біліп түсінуге, елестете алуға үйретуі тиіс. Басқаша айтқанда, мәдениетті тіл арқылы үйрену жүзеге асуы тиіс. Осылайша мәтін арқылы тілді үйрете отырып, мәдениетті меңгерту жүзеге асады. Сөйтіп барып мәдениетаралық қатысым жағдайында сұхбаттаса алатын тұлғаны қалыптастырамыз немесе күрделі әлеуметтік және лингвомәдениеттанулық құрылымы бар танымдық білімге қол жеткізген тұлғаның екінші әлеуметтенуі жүзеге асады. Сондықтан да аутентикалық сипаттағы прагматикалық мәтіндер тілді үйретудегі, студенттердің тілдесуге шығуындағы басты қайнар көзге айналып отыр. Прагматикалық мәтіндерді мән-маңызы жағынан, әлеуметтік шындық пен әлеуметтік қажеттіліктерді көрсете алатын қабілеттері тұрғысынан бірнеше түрге бөлуге болады: жарнамалар, ас мәзірі, әртүрлі мазмұнда көпшілік орындарында ілінген (аэропорттарда, темір жол бекеттерінде, қонақ үйлерде, ойын-сауық

мекемелері мен білім беру мекемелерінде, жол белгілері т.б.) көрсеткіштер; билеттер (театрға, музейге, кинотеатрға, концертке, траспортқа); хабарландырулар (әртүрлі газеттердегі, билбордтардағы, дүкендердегі т.б.); кестелер (сабақ кестесі, жұмыс кестесі, транспорт кестесі); әртүрлі дүкеннен сатып алынған заттарға жазылған нұсқаулар (кулинарлық рецептер, ыдыс-аяқты пайдалануға байланысты құсқаулар, дәрі-дәрмек рецептері, косметикалық рецептер, өмірді құруға байланысты ақыл-кеңестер); арыз; мінездеме; афишалар; жеке құжаттар мен бланкілер; бағдарламалар (телебағдарлама, радиобағдарлама, оқу бағдарламасы, бір-бір жерден бір жерге келу бағдарламасы ол жерде көріп танысатын мәдени орындарға арналған бағдарламалар, театр бағдарламасы); ауа райы; анықтамалық материалдар т.б. Бұл тізім прагматикалық мәтіндердің көп нұсқалылығын көрсетеді. Мұндай мәтіндердің көмегімен студенттер басқа мәдениет және оның ерекшелігі туралы кең көлемдегі мол мәлімет ала алады.

Түпнұсқа мәтіндер өзіндік белгілі бір білім қорын жинақтап және мәдени-прагматикалық кеңістіктегі әлем бейнесін көрсете алатындықтан тіл үйреніп жатқан өзге ұлт өкілдері мұны өз мәдениетімен салыстыра отырып, қабылдайды. Тізімде берілген прагматикалық мәтіндерден қазақ тілінің базалық деңгейіне тақырып жағынан жақын келетіндерін ғана іріктеп алдық. Іріктеу төмендегі ұстанымдарға негізделді:

- аутенттілігі;
- мәтіндерде берілген лингвомәдениеттанулық мәліметтер мәдениетаралық қатысым жағдайына пайдалануға мүмкіндік туғызатындай болуы тиіс;
- мәтін мазмұнының өзектілігі тіл үйренушілерді қызықтыра алатындай жүйеге құрылуы қажет;
- тілдесімге шығуды қаматамасыз ете алатындай мазмұнға құрылуы тиіс;
- мәтінде ұсынылған тілдік материалдар мен оның мазмұнының базалық деңгей студенттеріне түсінікті болуы ескерілуі қажет;
- мәтінде сөз болған мәселе мен пайдаланылған тілдік құралдардың базалық деңгейдің оқу бағдарламасында көрсетілген тақырыптар мен оқыту аяларына сәйкестігі есепке алынуы қажет. Прагматикалық мәтіндерден қазақ тілінің базалық деңгейінде өтілетін практикалық сабақтарда пайдалануға қолайлысы хабарландырулар, нұсқаулар, жарнамалар.

Хабарландырулар – бұқаралық қатысымның ерекше түрі. Хабарландырулар тілдесу аясының барлық түрінде қоршаған орта өмірінен әрқилы мәліметтер бере отырып, адамдарға орасан зор қызмет етеді. Оның осындай әмбебаптығы әдістемелік тұрғыдан да құнды. Сондықтан оны қазақ тілін өзгетілді дәрісханадағы кез келген тақырыпты оқытуда пайдалануға мүмкіндік мол. Мысалы, әлеуметтік –тұрмыстық аяда тұрғын үйлерді сатып алу, жалға беруге байланысты, ауа райы туралы хабарландыруларды пайдалансақ, әлеуметтік –мәдени аяда басқа қалаға алғаш келген адам үшін көлікке, демалуға, саяхат жасауға, бұқаралық ақпарат құралдарымен танысуға, мәдени орындарға баруға арналған хабарландырулар, ал кәсіптік ая

мен оқу-білім аясында студенттерге, оқушыларға арналған хабарландыруларды пайдалануға болады. Мысалы:

1. Тұрмыстық аяда:

а) «Ақсай» ықшамауданында орналасқан бір бөлмелі үйді жалға беремін. Автобус аялдмасына дейін 5 минут жүресіз. Үй 4-ші қабатта орналасқан, аумағы 32 шаршы метр, ас үйі 9 шаршы метр, телефоны бар, ай сайын 50000 теңге төлеу керек. 242-41-12 нөміріне қоңырау шалыңыз. Айман Мансұрқызын сұраңыз.

2. Мәдени аяда:

ә) Ертең, 15 тамыз күні жылда өтіп тұратын «Шәкен жұлдыздары» атты кинофестиваль өтеді. Келем деушілерге есік ашық.

Хабарландыруларға тән қасиет қысқалығы, анықтығы, нақтылығы. Онда мынадай реалиялар кездеседі: географиялық атаулар, антропонимдер, әдеби туындының, әдебиет пен өнер қайраткерлерінің аттары, мәдени реалиялар, білім мен тәрбие жүйесіне қатысты реалиялар, қоғамдық-саяси реалиялар т.б.

Нұсқаулар адамның жеке әрекетіне тікелей қатысты болып келеді. Адам өзге тілдік ортаға түскенде өзіне бұрыннан белгілі, бірақ пайдалануы түсініксіз көптеген жағдайлармен кездеседі. Айталық, көлікті, банкоматты, телефон-автоматты пайдалану, өзге ұлттың тамағын әзірлеу т.б. Нұсқау түріндегі қатысымдық-прагматикалық мәтіндер екі кейде үш құрылымдық бөліктен тұрады. а) ұлттық терминологияның болуы; ә) синтаксистік құрылымның қарапайымдылығы; б) директивті сөйлеу актілерінің басым болуы. Мысалы:

1 Нан жаятын тақтайды пайдалануға нұсқау.

Ағаштан немесе фанерден жасалатын нан жаятын тақтай сізге ұзақ қызмет етсін десеңіз, оны қолданар алдында міндетті түрде қатты ысыған өсімдік майымен сүрту керек. Кез келген өсімдік майын қатты қыздыру керек, бірақ қайнатпау керек. Жұмсақ сүрткішпен не поролон кесіндісімен майды тақтайды айналдыра түгел жағу керек. 1,5-2 сағаттан кейін май жағуды тағы да қайталау керек. Сонан соң тақтайды 2 күн кептіру керек.

2 Макарон өнімдерін әзірлеу тәсілі:

Қайнаған суға немесе сорпаға пакеттің ішіндегі макаронды салып, дайын болғанша қайнатыңыз (1 литрге 100г.өнім). Дәміне қарай тұздық, май немес ұнтақталған сыр қосып, дастарқанға қойыңыз.

Жарнамалар. Қазіргі кезде жарнама бұқаралық ақпарат құралдарының бөлінбейтін бөлшегіне айналды. Сонымен бірге ақпараттың ең көп бөлігін құрайтын да солар. Жарнаманың ауызша, жазбаша және визуальды дейтін түрлері бар. Бұқаралық қатысым құралы ретінде жарнама - күрделі әлеуметтік-мәдени құбылыс. Онда әр халықтың өзіне тән ұлттық ділі көрініс береді. Сол себептен жарнамалар арқылы өзге тілдік мәдениетті меңгеруге деген де қызығушылық байқалуда. Жарнамалар - өзге тілдегі әлеуметтік ортаның өмір сүру көрінісі, өзге тілдегі табиғи өмір сүру салтының көрінісі. Бүгінгі таңда жарнама халықтың ұлттық-мәдени ерекшелігінен хабардар ететін қайнар көз рөлін атқаруда. Жарнамалардың құрылымдық, синтаксистік, функциональды-прагматикалық бірлігі өзгетілді

лингвомәдениеттегі қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірін көрсетеді. Мұндағы әлеуметтік-мәдени қатысым элементтері белгілі бір дәрежеде аялық білім арқылы көрінеді. Мысалы, *Тұрмыстық заттарға арналған (тамақ, сусындарға) жарнамалар:*

1. Шаршағанды басатын,
Сарайыңды ашатын,
Шәй болмайды жаһанда «Аламаннан» асатын!

Банктерге қатысты жарнамалардан:

2. Қазкомның тиімді депозиттері
Ақшаны еселеудің оңтайлы жолы!

Прагматикалық мәтіндер бойынша тест тапсырмаларының үлгісі:

1 Жаздайт. Сіз газеттен «Халық аспаптарында ойнаушылардың Құрманғазы атындағы Ү халықаралық конкурсы» өтетіні туралы хабарландыру оқыдыңыз. Конкурсты көріп, тыңдауға есік ашық екені айтылған. Сіздің барып көргіңіз, тыңдағыңыз келді. Конкурс 27, 28, 29, 30, 31 мамыр күндері өтеді. Сіз ең соңғы күні барғыңыз келді. Себебін түсіндіріңіз. Сұрақтың 4 дұрыс жауабы бар, соны көрсетіңіз.

1 Кесте - Сұрақтар

Соңғы күні гала концерт өтеді.	Конкурс ұлттық опера және балет театрында өтеді.	Ұлттық баспасөз клубы мүшелерін тыңдағым келді.	Конкурстың салтанатты ашылуын көргім келді
Дипломдар, сыйлықтар тапсырылатын күн	Соңғы күні ең таңдаулы орындаушылар шығады	Домбыра мен шертерді тыңдағым келді	Өзіме ұнайтын эстрада әншісін тыңдағым келді

2 Жаздайт. Тамақ өнімдеріне жазылған этикеткалар бойынша сұрақ беріледі. Сұрақтың бірнеше нұсқалы жауабы бар. Сіз 4 жауапты көрсетуіңіз керек. Себебі сұрақтың 4 дұрыс жауабы бар. Сұрақ: Пакеттегі макаронды қалай пісіреді?

2 Кесте - Сұрақтар

Сорты қатты бидай ұнынан жасайды	Құрамы ұн, су	Ас тұзын қосу	10-12 минут қайнату
Қайнап тұрған суға даяр болғанша пісіру	Суық суға салып алу	Құрғақ және салқын жерде сақтау	Столға қояр алдында тұздық немесе ірімшік қосу

3 Жаздайт. Сіз әуе көлігімен, яғни ұшақпен шетелге сапар шекпексіз. Қолыңызда жүгіңіз көп. Оның ішінде алып жүруге болатыны да, болмайтыны да бар. Төменде көрсетілген заттардың ішінде қайсысын алып жүруге болады. Сіз сұрақтың 4 дұрыс жауабын көрсетіңіз.

3 Кесте - Сұрақтар

Сығымдалған газдар	Қол шатыр мен сүйеніш таяқ	Әйелдердің қол сөмкесі	Атқыш қару
Улар-мышыяқ, гербицидтер	Жиналмалы мүгедектер арбасы мен балдақ	Тез тұтанғыш заттар, сіріңке	Қағаз салған папка

4 Жағдаят Сіздің қазақ тілін тез арада үйренгіңіз келеді. Сондықтан бірнеше тіл үйрететін курстардың ережесімен таныстыңыз. Сізге ең соңғысы ұнады. Себебі көп. Сіз өзіңіз үшін қолайлы деген 4 жауапты көрсетіңіз. Себебі оның 4 дұрыс жауабы бар.

4 Кесте - Сұрақтар

Курс орналасқан үйге жақын тұрамын	Оқытушы - тәжірибелі маман	Қазақ тілін жеделдете оқыту дұрыс жолға қойылған	Топта тіл үйренушілер саны аз
Курсқа жұмыстан кейін баруға мүмкіндік бар	Оқытушы жас, сондықтан көп талап қоймайды	Үйрету шетел тілдерін оқыту әдістемесіне негізделген	Сабаққа қатысу еркін

5 Жағдаят Сіз көшеден темекі шегудің денсаулыққа зиян екендігі туралы жарнама оқыдыңыз. Жарнамада айтылған ой сізге әсер етті. Темекіні қойғыңыз келді. Не себеп болды? Сұрақтың 4 дұрыс жауабын көрсетіңіз.

5 Кесте - Сұрақтар

Ауру болып қалуыңыз ықтимал	Ата-баба дәстүрінде жоқ	Намыстандыңыз	Арландыңыз
Ерік күшіне сендіңіз	Жаман әдеттен арылуды ойладыңыз	Ұяласыз	Ұлттық мақтаныш сезімі ойнады

Әдебиеттер

1 Райхштейн А.Д. Национально-культурный аспект интеркоммуникации // Иностранные языки в школе. – 1986. - № 5. – С.10-14.

2 Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. 5-ое издание. - М.: Книга, 2007. –144 с. (Серия: «Лингвистическое наследие XX века»).

А.С. Алметова

д. п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

А.Б. Пирназарова

магистрант, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Формирование лингвокультурологических навыков компетентности через прагматические тексты

Прагматические тексты аутентичного характера играют важную роль в формировании лингвокультурологической компетенции у студентов. Выделены основные проблемы эффективного изучения иностранного языка в высшей школе: преодоление языкового барьера; отсутствие у студентов стимулов и языковой среды; отсутствие возможностей для применения коммуникативной компетенции в будущем.

A.S. Almetova

d.p.s., professor, KazUIR&WL named after Ablai khan

A.B. Pirnazarova

Magistracy, KazUIR&WL named after Ablai khan

To develop linguacultural competence skills through pragmatic texts

Pragmatic nature of the authentic texts takes a great role in the formation of Linguocultural competence of students. The main problems of effective learning of foreign language at the high school are allocated: overcoming of a language barrier; absence at students of incentives and the language environment; lack of opportunities for use of communicative competence of the future. Studying of language at the help of pragmatical texts which should be considered at the methodical organization of a training material.

3 БӨЛІМ ЭТНОПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ

РАЗДЕЛ 3 ЭТНОПЕДАГОГИКА И ПЕДАГОГИКА ШКОЛЫ

УДК 37.013

С.А. Ұзақбаева

п.ғ.д., профессор, Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ,
Алматы, Қазақстан

БАТЫРЛЫҚ ЭПОСТАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕДЕГІ МӘНІ

Қазақтың батырлық жыры – халықтың көптеген ғасырлардағы тарихи өмірінің нәтижесі. Ол көшпенді халықтардың өз тәуелсіздігі, ұлтының тұтастығы мен бірлігі, тілі, өзінің ауызекі шығармашылығы үшін күресінің бейнесі. Оның тәрбиелік мүмкіндіктері аса жоғары: эстетикалық ләззәтқа бөлейді, танымдық, тәрбиелік мәні зор. Батырлық жырлардың педагогикалық мүмкіндіктерін жеткіншектердің адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда тиімді пайдалану ата-аналар мен тәрбиешілерге байланысты. Сондықтан олар, ең алдымен, батырлар жырлары мазмұнының идеялық мәнін, эмоциялық әсерін, олардың жас және дара ерекшеліктеріне сәйкестігін, адамгершілік-патриоттық бағыттылығын ескеруі қажет.

Тірек сөздер: адамгершілік, патриоттық, адамгершілік-патриоттық тәрбие, адамгершілік тәрбие, патриоттық тәрбие, батырлық, ерлік, ұлтжандылық, эпос, эпостық жыр, ауызекі шығармашылық, батырлық эпос

Халықтың аса бай асыл қазынасы – эпостық жырлар ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келеді. «Оны жасаушы да, орындаушы да өзінің тегі жағынан, дүниетанымы, дүниеге көзқарасы жағынан бұқара халықпен біте қайнап, бірге өскен қарапайым адамдар» [1].

Эпостық жырларды кезінде Шоқан халықтың тарихын, әдет-ғұрпын, салтын білудегі асыл қазына деп өте жоғары бағалаған. “Жыр дегеніміз – рапсодия. “Жырламақ” етістігінің өзі белгілі бір ән-әуенмен жырлау мағынасын білдіреді. Дала жырларының бәрі де қобызда сүйемелдеу арқылы

орындалады. Жырдың мазмұны ертеде өткен батырдың өмірі мен ерлік істері туралы болып келеді. Бір жәйт: батырдың өмірі мен ерліктеріне қатысты оқиғаның бәрі қара сөзбен баяндалады, ал жыр поэма қаһарманы мен басты кейіпкерлерді сөйлету қажеттігі туған кезде ғана қолданылады... Қырғыз-қайсақтар (қазақтар. – С.Ұ.) табиғатында ақылды боп жаралған және өте сезімтал халық. Ежелгіні жырлап отыратын әр руда ақындар бар. Қырғыз-қайсақтарда эпос, аңыз, ертегі көп, олар ән мен күйді қатты құрметтейді» – деп Шоқан қазақ эпостық жырларының, жыршылық дәстүрінің тыңдарманға тигізетін әсерін өзінің еңбегінде жан-жақты айтып өткен [2].

Шоқан өз кезегінде “Қозы Көрпеш –Баян сұлу”, “Ер Көкше”, “Ер Қосай”, “Едіге” жырларын жинақтап зерттеумен қатар, көршілес отырған халықтардың тарихы мен мәдениеті жөнінде де құнды пікірлер қалдырған. Мысалы, қырғыз халқының энциклопедиясына айналған «Манас» жырының идеялық-көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасап, орыс тіліне аударған, Еуропа жұртшылығының назарын аудару мақсатында оны гректердің «Одиссеясы» мен «Илиадасына» теңеген. Манас батырдың төңірегінде жинақталған ертегілердің, хикаялардың, аңыз әңгімелердің, діни, адамгершілік түсініктердің тағылымдық рөлін баса көрсеткен.

Қазақ эпосының әлеуметтік мәнін, оның жастар тәрбиесіндегі маңызын Ы. Алтынсарин да айтып өткен және өзінің тәжірибесінде пайдаланған. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырындағы ең бір әдемі көрініс – Тайбурылдың шабысын өзінің «Қазақ хрестоматиясына» енгізген.

Құбылып Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Тау менен тасты өрледі,
Төрт аяқты сермеді,
Құлақтың түбі терледі.
Тер шыққан соң өрледі,
Адырды көзі көрмеді,
Көлденең жатқан көк тасты

Тіктеп тиген тұяғы
Саз балшықтай иледі...
Қос құлағы тігілді
Көлге біткен қамыстай,
Түс ауған соң, бүгілді
Илеуі жеткен қайыстай.
Байлаулы малдай шешілді,
Төрт аяғы көсілді,
Әбіре сымдай есілді...

деген кішігірім үзінді арқылы оқушыларға адамгершілік-патриоттық тәрбие беруді, ана тіліне деген сүйіспеншілікті арттыруды көздеді. Өлең жолындағы әсерлі де салыстырмалы теңеу сөздерінің бала түйсігіне, сезіміне әсер етіп, қиялына қанат бітіретініне кәміл сенді.

Қазақ эпосының тарихи-танымдық, жанрлық ерекшеліктеріне, мазмұндық сипатына кеңестік дәуірден бастап аса назар аударыла бастады. Эпостанумен айналысқан бірқатар ғалымдар (М. Әуезов, С. Мұқанов, А.С.Орлов, Ә.Марғұлан, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин, Т.Сыдықов, Е.Н.Мелетинский, В.М. Жирмунский және т.б.) эпостық жырларды, оның түрлі варианттық нұсқаларын жинақтап, кезеңдерге қарай топтастырған, эпос ұғымына мазмұндық анықтама берген. Батырлар жыры мен тұрмыс-салт жырларының аражігін айқындап, мектеп оқулықтарына эпостық жырларды ендіру жолдарын қарастырған.

Солардың ішінде, егер М.Әуезов «батырлық эпос дегеніміз – шет жауларының шабуылынан тайпалар мен жеке руларды қорғаған, халықты ауыр апаттан сақтаған керемет күшті батырлардың қаһарман өмірін, соғыстағы ерлік істерін жырлайтын сюжетті оқиғалы дастандар. Ауыз әдебиетте «батыр деген сөз халықтың түсінігінше ержүректі, әділ, қайрат иесі адам, қаһарман қазақтың батырлық эпосында эпосқа дағдылы қиялдық элементтермен, асқан батырлықтарымен қатар, тарихи оқиғалар да көрсетіледі» – деп, батырлық эпос ұғымына анықтама берсе [3], Ә. Марғұлан эпосты пайда болу дәуірлеріне қарай бес кезеңге бөліп топтастырады: 1. Архаикалық дәуір («Ер Төстік», «Ақ Кебек», «Құламерген», «Шолпан мерген», (жыр, аңыздар). 2. Оғыз-қыпшақ дәуірі (XI–XII ғғ.). Бұл дәуір туындысы – Қорқыт, Қазанбек, Алпамыс, Қозы Көрпеш – Баян сұлу, Домбауыл және т.б. аңыздаулар. 3. XIII–XVI ғасырлар оқиғасына құрылған эпостар. Бұл кезең жырлары тағы да ішкі екі топқа бөлінеді: а) Жошы ұлысының құрылуы мен ішкі қайшылықтарын бейнелейтін жырлар («Қобыланды», «Ер Тарғын»); б) Аталған ұлыстың ыдырауын және өзара шайқастарын сипаттайтын эпостар («Қамбар», «Қазтуған» және т.б.); 4. Жоңғар шапқыншылығына қарсы күресті (XVII–XVIII ғ. ғ.) суреттейтін эпостар (Қабанбай, Бөгенбай, Олжабай, Есім хан және т.б. туралы жырлар, тарихи өлеңдер). 5. XIX ғасырда патша мен хандардың зорлық-зомбылығына қарсы күрес хикаяларын суреттейін эпостар (Исатай, Махамбет Бекет, Жанқожа туралы шығармалар). М. Ғабдуллин мен Т. Сыдықов болса жырдың даму тарихын шартты түрде төрт кезеңге бөледі: 1. Патриархалдық-рулық кезіндегі эпостық шығармалар. 2. XIV–XVIII ғасырлар арасында шығарылған эпостар. 3. XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде шыққан эпостар. 4. Кеңес заманындағы қазақ эпосы, яғни дәстүрдің жалғасқан жаңа түрі.

Ал, Е.Мелетинский «батырлық эпостың ертедегі түрлерінің жанрлық ерекшеліктерін анықтау оларды мифологиялық және ертегілік эпостың ежелгі түрлерімен салыстыра отырып айқындауға көмектеседі; мифтік ертегілік сарындар батырлық ертегі дамуының алғашқы бастауы, олар өз кезегінде батырлық эпостың құрылуында маңызды бөлім болып есептеледі» деп тұжырымдайды [4].

Қазақ ертегілері мен эпостық жырлар арасында мықты байланыстың бар екендігіне батырлық ертегілердің көптігі дәлел болатынын, бірқатар ертегілік сарындар мен сюжеттердің қазақ эпосында кең таралғанын Н.С. Смирнов та баса көрсетеді.

Қазіргі кезеңде фольклористер арасында эпосты жанрлық ерекшеліктеріне қарай шартты түрде көне, қаһармадық, романдық, тарихи жыр деп топтау тұрақталып келеді (Р. Бердібай, Ш. Ибраев, Т. Қоңыратбаев және т.б.). Мұндағы қаһармандық эпос атауы батырлар жырымен, ал лиро-эпос кейде романдық эпоспен қатар қолданылады. Лиро-эпос немесе тұрмыс-салт эпосында екі жастың бас бостандығы мен қосылуы жөніндегі арманы, махаббат сезімдері жырланады. Бұл жырларда халықтың тұрмыс-салты, әдет-ғұрпы, кейіпкерлердің ішкі сезімі көбірек баяндалады. Тарихи жырлар эпостануда енді көтеріліп, зерттелініп жатқан жырлар қатарына жатады. Бұл

салада филология ғылымында бірқатар еңбектер (Б. Кенжебаев, Б. Рахимов және т.б.) жарық көрді. Тарихи жырдың шығу тегі мен дамуы жөнінде әртүрлі пікірлер бар. Кейбір зерттеушілер оны батырлық жырдың кейінгі дәуірлердегі үлгісі десе, екінші біреулері оған тарихи өлеңнің циклдену процесінен туған жанр деп қарайды. Солардың ішінде батырлық ертегінің пайда болуының әртүрлі негіздерін С. Қасқабасов та атап өтеді. Ол батырлық ертегі – қиял-ғажайып ертегі мен эпос арасындағы аралық жанр деп түсіндіреді. Батырлық ертегінің шығуын алғашқы қауымдық құрылыстың жойылу кезеңіне жатқызады, ал батырлық ертегінің пайда болу негізін көне миф пен ертегісімек, қиял-ғажайып ертегіге балайды. Сонымен бірге, “батырлық ертегі дегеніміз – батырды басқа адамдардан ерекшелендіріп тұратын тұлғасы, ерлігі, қасиеттері сипатталатын, мадақталатын ертегі” – деп батырлық ертегіге өз анықтамасын береді.

Осы айтылғанның бәрі қазақтың батырлық эпосының бастауында, өзіндік ерекшеліктерімен көрінетін батырлық ертегілік жанрдың бар екендігін айғақтайды. Яғни қазақтың батырлық ертегісі – қазақтың батырлық эпосының (жырының) бастауы десе болады.

Кейінгі жылдары батырлық ертегілерді топтамаға бөліп қарастыруға аса мән беріліп жүр. Солардың ішінде З. Ысқақова қазақтың батырлық ертегілерін төрт бағытта топтастырады:

1. Архаикалық ертегілер, яғни аңшы-мергендер туралы ертегілер (“Еділ мен Жайық”, “Құламерген”, “Аламан мен Жоламан”, “Жерден шыққан Желім батыр және т.б.).

2. Классикалық батырлық ертегілер (“Ер Төстік”, “Керқұла атты Кендебай”, “Жарты Төстік”, “Тотан батыр”, “Мерген Даршы”, “Әлібек батыр”, “Еркемайдар”, “Тұмартас батыр”, “Нанбатыр”, “Желкілдек”, “Байғұлан” және т.б.).

3. Қара сөз бен батырлар жырынан шыққан ертегілер (“Алты жасар Алпамыс”, “Қамбар батыр”, “Ер Төстік”, “Көрғұлы”, “Нәрік батыр”, “Ақбілек қыз – Тұрғын бала” және т.б.).

4. Дастандық ертегілер (“Ер Төстік”, “Таласпай мерген”, “Тотан батыр” және т.б.).

Педагогика ғылымы үшін бұл топтаманың мәні, әрине жоғары, өйткені ол батырлық ертегілерінің адамгершілік өнегесінің мүмкіндіктерін айқындауға көмектеседі. Батырлық ертегілерінің мазмұны, сюжеті, оқиғасы өте қызықты, адам санасына сыймастай қиял-ғажайыптарға толы. Олардың басты кейіпкері – ғажайып күш иесі, батырлар. Ертегідегі оқиға желісі басты кейіпкердің іс-әрекетіне байланысты дамып отырады. Батырлық ертегілерінің бәрінде батырдың дүниеге келу сәті адам баласына тән емес таңғажайып құбылыстар арқылы суреттеледі. Ертегідегі батырға тән сипаттар – олар елі үшін қызмет етеді, елін жаудан қорғайды, үнемі жорықта жүреді, көпшілік тартыс, қақтығыстарда жеңіспен оралады. Оған «Жерден шыққан Желім батыр», «Тотан батыр», «Аламан мен Жоламан» ертегілері дәлел болады.

Батырлық ертегілердің ішінде халық арасына ең кең тарағаны – көп вариантты “Ер Төстік” ертегісі. Оның бірнеше түрі бар. Алғашқысы

В.Радловтың еңбегінде басылым көрді. Бұл вариант өзінің көркемдігімен, мазмұндылығымен ерекшеленеді. «Ер Төстік» ертегісі варианттарының арасындағы ерекшелік, негізгі сюжетке қатысы болмайды. Ол тек шағын сюжеттерден байқалады. Ертегінің барлық түрінде Ер Төстіктің сапарға шығуы әркілі баяндалады. Бірінде Төстік кемпірдің айтуымен ағаларын іздеуге аттанса, екіншісінде ағаларының бар екендігін ойнап жүргенде естиді. Қайсыбір түрлерде жоғалған ағалары туралы себеп кездеспейді. Ертектің барлық түрлерінде Ер Төстік алыс сапарға шығады. Бұл бір жағынан оның шыдамдылығын, табандылығын көрсетсе, екіншіден, сыннан өтуі болып саналады. Кейбір ертегілерде Ер Төстік сапарға өзінің жоғалған заттарын (егеу, асық) іздестіріп шығады.

Ағаларын іздестіру барысында Ер Төстік көптеген қиындықтарға жолығады, әйтсе де біріне мойымайды, бәріне үлкен адамгершілік көзқарас танытады. Мысалы, Ер Төстік алып қарақұстың балапандарын айдаһардан аман алып қалады. Оның жақсылығына риза болған қарақұс та оны бірнеше қиындықтан алып шығады. Ер Төстік жалмауыз кемпірдің зұлымдық істеріне қарсы күреседі және оны өзінің ақылымен әрқашан жеңіп отырады. Ер Төстікке жер астында жолыққан достары да (Епті, Желаяқ, Таусоғар, Көлтауысар, Тыңшы, Қырағы) үлкен колдау көрсетеді. Мысалы, жетеуі Темір еліне келгенде, оның қызын Кеше хан алмақшы болып жатыр екен. Ер Төстіктің келгенін білген соң, Темір хан: “Кімнің өнері асса, қызымды соған беремін” – дейді. Жарыстың барлық түрінде оның көмекші достары жеңіп шығады. Бұл халықтың “Жолдас қадірін жорықта білерсің”, “Жолдасы көптің – колдасы көп”, “Жолдасы жақсы жауға алдырмайды, қара басын дауға қалдырмайды”, “Жолдасы жақсының олжасы жақсы” деген ұғым - түсінігіне саяды.

Батырлық ертегілерінің қайсыбірі болмасын шындыққа жетуде, зұлымдықты жеңуде көңілге сенім ұялатады. Ондағы өмірге, болашаққа деген сенім, шаттық көзқарас балаларға ұнайды, олар ертегіден өмірлік күш-қуат алады.

Ертегілердегі оқиғаның күрделі желісі, шиеленіскен қақтығыстар мен күрестер оның мазмұнын әсерлендіріп, балалардың назарын өзіне аударады, танымдық қызығушылығын арттырады.

Әйтсе де, ертегі эпос сюжетін толық қамти алмайды. Ол эпизодты түрде баяндалады, сондықтан эпос мазмұнымен таныспаған адамға ертегі түсініксіздеу болады. Халық осыны ескере отырып, кіші жастағы балаларға батырлардың ерлік істерін алдымен қарапайым тілмен айтылатын ертегі арқылы түсіндірген, содан соң оларды батырлық эпостар (жырлар) арқылы қара өлеңмен, 7-8 буынды жыр түрінде меңгерткен. Яғни мәселені шешуде дидактикалық принциптерді (түсініктілік, бірізділік, жүйелілік, қарапайымнан күрделіге және т.б.) негізге алған.

Батырлық эпостар арқауы Отанды қорғау, батыр ерлігін мадақтау болып табылатындықтан, осы идеяның негізінде батыр мен оның төңірегіндегі кейіпкерлердің іс-әрекеті арқылы сол кезеңдегі халықтың ең озық деген моральдық-этикалық көзқарасын (Отанға деген шексіз махаббат, ру мен жүз

бірлігі, отбасындағы ауызбіршілік, әке мен бала, ана мен бала арасындағы түсіністік, ілтипатты көзқарас, ерлік пен батырлық, қайсарлық пен батылдық, достыққа деген тұрақтылық, еңбекқорлық, гуманизм мен жоғары рухани, адами тазалық және т.б.) бағалауға болады.

Батырлық ертегілер мен батырлық эпостардың екеуінде бірдей қайталанып келетін сарындар да көптеп кездеседі. Оларды Р. Бердібай былайша топтастырады: 1. Перзентсіз ата-ананың халі. 2. Кейіпкердің керемет туысы. 3. Төтемдік киелі күштердің “көмегі”, аталар әруағының жәрдемі, әулие-пірлер қолдауы. 4. Баланың батыр болып, ерекше өсуі, алғырлық, алыптық қасиеті, оның алғашқы әрекеттері. 5. Батырдың қалыңдық іздеуі, жолдағы бөгесіндерді жеңуі, өзіне тілектестер табуы. 6. Іздеген өмірлік қосағына жолығуы, сапар сырын құпия сақтауы, түрлі бәсеке, жарыстарда қарсыластарын жеңуі, еліне аман оралуы. 7. Батырдың өз елін жаулардан қорғауы, ерлік жорықтары, таланған елінің намысы үшін шапқыншылармен ұрыс жүргізуі, жауды мұқатып, ұлан-асыр той жасауы...».

Бұл арада автор батырлық ертегіден эпосқа баратын “жолдың” классикалық моделін ғана келтіреді. «Нақтылы жағдайда бұл тізбектің бәрі бірдей қайталануы шарт емес, кейде осы аталғандардың бірнеше сарыны ғана, немесе тосын өрнектің кездесуі мүмкін. Ертегі мен эпостың ерекшелігін белгілейтін нышандар бұнымен шектелмейді. Мұндағы басты мәселе көне аңыздарға деген көзқарастың жаңалануы болып табылады. Ертегілерде сарынның сондай-ақ бағзы бір кезде тіпті тосын өрнектердің де кірігуі мүмкін. Ертегі мен эпостың жолайрығын белгілейтін нышандар бұлар ғана емес. Ең басты мәселе көне аңыздарға деген көзқарастың жаңалануына байланысты болады. Ертегілерде сарынның ежелгі түрлері молырақ болса, эпоста олардың өзгеріске түскен, «дамығаны», бертінгі дәуірдің тарихи танымдары араласқаны басымырақ байқалады. Аса мәнді өзгешеліктер қаһарман әрекетінің сипаты мен бағытынан танылады. Ертегі кейіпкерінің мұраты үйлену, отбасының мүддесі деңгейімен шектелсе, эпос қаһарманы тайпалық, елдік істерге араласады, халық қамын ойларлық биікке көтеріледі... Осыған орай ертегілерде оқиға бастауы көбінесе аты-жөні белгісіз кемпір-шалдардың баласыздық халін сипаттаудан өрбісе, жырларда ондай кейіпкерлер қатардағы біреу болмай, хан, бай, патша деп көрсетіледі, олардың елі де, есімі де, жері де нақтылана түседі... Жанрлар арасындағы заңдылықтардың бұлардан да басқа шарттары аз емес. Әрбір шығармада мұндай «ережелердің» шеңберіне сыймайтын сонылықтар да ұшырайды» дегенді айтады [5].

Осы айтылғанның бәрі батырлық эпостардағы оқиға желісінің тұрақты логикалық жүйемен баяндалатынын, тәрбиелік мәнінің жоғары екендігін дәлелдейді. Мысалы: батырдың дүниеге келуі, батырдың өсуі, батырдың қоршаған ортамен мәдени қарым-қатынасы, мінез-құлқы, батырдың ат таңдауы, батырдың ақылы-көркіне сай жар таңдауы, батырдың жауына аттануы және тағы басқалар – оның бойындағы құнды адамгершілік қасиеттерін аңғаруға мүмкіндік берумен қатар, отбасылық құндылықтарды бағалаудағы халқымыздың көзқарасын бейнелейді Жиған-тергенін елге

үлестеріп, байлық пен дәулеттен бас тартып, әулие, әруақтардан бала сұраған ата-ананың психологиялық жай-күйін суреттейді. Мұндай оқиға желісі “Қобыланды”, “Ер Сайын”, “Алпамыс”, “Шора” жырларында өте тартымды баяндалады. Мысалы, Қобыланды батыр жырында бүкіл қыпшақ елі:

Сексенге жас келгенше Шөл иесі сұңқар қияқсыз,
 Бір бала көрмей Тоқтарбай Еш нәрсе көрмей дүниеден
 Қайғыменен қан жұтып, Өткенім деген тұяқсыз –
 Ақылынан адасқан. Тоқтарбайдың зарына
 Қалың қыпшақ қайысқан... –

деп, перзент көрмеген Тоқтарбай үшін қайғырса, «Алпамыс», «Шора», «Ер Сайын» жырларында батырлардың ата-анасын көпшілік жұрт кубас деп кемсітіп, құрметті орынға отырғызбаған. Оны Байбөрінің:

Баласы жоқ адамның Жаратқан жаппар, құдайым,
 Әркімге ақы кетеді, Перзентке зар ғып қойғанша,
 Байбөрі кубас деген сөз Жаратпасаң не етеді? –
 Сүйегімнен өтеді.

деген назалы сөзінен және ноғайлы түрікмен еліне ауып келген Шораның:

Тайын мініп талтандап, Хан тойында несі бар?
 Баласы бірге жүрмеген Ұлы барға орын бар,
 Ұлсыз, қызсыз кубастар Қызы барға қымыз бар... –

деген сөзінен байқауға болады.

Бұл жыр шумақтары халықтың ұрпақ жалғастығына аса мән бергенін, өмірдің сәні бала деп түсінгенін көрсетеді. Жырдағы әулиелердің тілеуімен дүниеге келген болашақ батырлардың ерте есейіп, ақыл-парасатының, дене бітімінің тез жетілетіні де жыр жолдарынан қағыс қалмайды. Егер, Алпамыс он жасында қоңырат еліне басшылық жасап, әкесіне тіл тигізген Ұлтанның құлағын кессе, алты жастағы Қобыланды батырдың келбеті:

Алты жасқа келгенде Енді түсіп салтына,
 Арыстан туған Қобыланды Таулар күйіп, тас жанған,
 Қазынадан қамқа киеді. Алты жаста баланың
 Өзімнің еншім болсын деп, Елбеңдеген зарпына.
 Тобылғы меңді торы атты Өзі алты жасында,
 Енші қылып мінеді. Кәмшат бөркі басында,
 Қобыландының тілегін Тобылғы торы ат астында,
 Бүкіл қыпшақ тіледі. Қаршығасы қолында,
 Қайыры көп халқына, Тазысы ерткен соңында, –
 деп сипатталады.

Эпосторда сонымен бірге батырлардың сыртқы түр сипатының ішкі рухани жан-дүниесімен, мінез-құлқымен үйлесімділігіне, қайраттылығы мен ептілігіне, ат таңдауындағы шеберлігіне аса мән беріледі. Мысалы, “Алпамыс батыр” жырында 10 жастағы Алпамыстың Шұбар атты таңдаудағы психологиялық көңіл күйі:

Ашуланып Алпамыс
 Құйрықтан алып лақтырды.
 Жығылмады онымен,
 Тақыр жерге тақ тұрды.
 Сол уақытта Алпамыс
 Қарадан шыққан төре еді,
 Не салсаңыз да көнеді.
 деп суреттеледі.

Шұбар атты абайлап
 Ақылмен ойлап біледі.
 Ұстайын деп жақындап
 Қасына таман келеді.
 Мойынсұнып жануар
 Жүгенге басын береді... –

Батырлық эпостардағы оқиға желісінің барлығында қазақ халқының бүгінгі күнде сақталған әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері мен діни наным-сенімдерінің нақты көріністері орын алған. Олардың қайсыбірі тұрмыс-салт өлеңдері арқылы өрнектелсе, енді бірі тек салт-дәстүрлерді мазмұндаумен шектеледі. Оны эпостық жырлардағы батырларға ат қою, шілдехана тойын жасау, бата беру, сүйінші сұрау мен сүйінші беру және т.б. көріністер айғақтайды.

Сонымен бірге жырларда батырдың ата-баба рухына деген наным-сенімі, жорыққа аттанардағы ата-анасының ақ батасы, жорыққа аттанғалы тұрғанда жас батырмен ата-анасының, қарындасының қимастық сезіммен қоштасуы, жорықта қайтыс болғандарды ата-анасына “естірту” немесе оларды “жоқтау” сияқты өлеңдері кеңінен жырланады. Оны Қобыланды батыр жырында Қобыландыға жорыққа аттанарда қарындасы Қарлығаштың:

Ақ мандайда тұлымым,
 Бірге туған құлыным,
 Керіле біткен жауырын,
 Бірге туған бауырым,
 Қолқанатым, құйрығым,
 Судан шыққан сүйірігім,

Суырылып озған жүйрігім,
 Қозыдай Қобылан егізім,
 Бірге туып, бірге өскен,
 Кіндігімді бір кескен,
 Қарға жүнді қаттасым,
 Үйрек жүнді оттасым,
 Бірге туған тектесім,

деп тебірене айтқан сөздерінен байқауға болады. Мұндай қоштасу сәттерінде батырдың ата-анасына, ағайын-туысына, бауырларына сүйген жарына деген мейірімді көзқарасы анық байқалады.

Жырларда батырлардың мінез-құлық нормаларына, сәлемдесу, өзін ұстау әдебіне, достарымен қарым-қатынас мәдениетіне, жан-жануарларға деген көзқарасына аса мән беріледі. Әсіресе батырлардың өз тұлпарларымен достығы, оларға деген мейірімі, олармен өзара түсінігі бір-біріне деген сенімі суреттеледі. Батырлардың тұлпарларына тән қасиеттер де:

- ұшқан құстан озатын орасан жүйріктігі;
- алыс жолға алқынбай жететін қайратты, төзімділігі;
- батырдың мінезі мен тілегін сезіп отыратын, дұшпанның арам пиғылын танитын естілігі;
- қысылтаяң тұстарда “тіл бітіп” сөйлеп, батырға ақыл, кеңес беретіндігі;
- сын сағаттарда түсін өзгерте алатын сиқырлы өнері болатыны;
- жау келе жатқанын күн ілгері сезіп, иесіне қауіпті білдіретіндігі;

– батыр мерт болса, денесін далада қалдырмай, еліне алып келетін ақылдылығы өте әсерлі көрініс алады [5].

Мысалы, Қобыландының:

Қанатты туған пырағым,
Аға-іні сен едің.

Тар жерде жолдас шырағым,
Мойның алтын таяқтай,

Қамыстай екі құлағың,

Төрт аяғың қазықтай,
Төңкерген кесе тұяғың.

Сұлулығың сүмбідей,
Жылқыға бітпес жануар

Сымбатың менен сияғың,

деп тұлпарына өзінің достық сезімін білдіруі, кескінінің сұлулығын мадақтауы оның атымен арадағы қарым-қатынасын, оны адамша тірек-сүйеніш ететінін байқатса, Ер Қосайдың Сарғыш атының ақылдылығы оның: «Қосай, сені алты айшылдық жерден бір күнде әкеліп тұрмын, сен енді қызды көрейін деп келе жатырсың, қызды мен де көрейін. Мен бір қотыр тай болып батпаққа батып жатайын, сен бір тазша бала болып Ақсарыбайды тоғыз ұлымен алып кел, байдың тоғыз баласы келіп тартса да тұрмайын. Ал Алаукеш қыз келіп, жалымнан тартса, ұшып тұра келейін» – деп батырға берген ақыл-кеңесінен байқалады.

Ал Алпамыстың Байшұбары болса мыстан кемпірдің батырға деген арам пиғылын сезіп қойып, қасына келген жауларын теуіп маңына жолатпауға тырысады.

Алайда аттарда мұндай қасиеттердің өздігінен қалыптаспайтыны белгілі. Бұл тұрғыда «Тұлпар – құлыннан, батыр – баладан», «Ер қанаты – ат», «Ат шаппайды, бап шабады» деп, қазақ халқы атты кішкене кезінен сылап, сипап, баптаған, оған ерекше ықыластылық танытқан және осы сезімді балалардың да бойына жастайынан сіңісті ете білген. «Қобыланды батыр» жырындағы Құртқаның Тайбурылға қырық күнге шейін қулықтың, қысырдың сүтін емізгені, шөптің нәрлісін жегізгені, түндіктен күн бергені, кекілін, жалын тарап баласындай мәпелегені, алтыннан оюлап жабу жауып, ер-тұрман қақтатқаны бұған дәлел.

Батырлық эпостарда мұндай көріністер көптеп кездеседі және қай-қайсысының болмасын тәрбиелік мәні ерекше. Біріншіден, бұл қазақтың атқа деген өзіндік көзқарасын, сүйіспеншілік сезімін көрсетсе, екіншіден, тыңдаушының көркемдік талғамын жетілдірудің, поэтикалық шығармашылыққа деген қызығушылығын қалыптастырудың таптырмас құралы екендігін айғақтайды.

Батырлық эпостарда батырлардың басқыншыларға, билеуші-қанаушыларға қарсы ұлы ерліктері, мінез-құлқындағы ең жақсы қасиеттері: жан дүниесінің турашылдығы, өзінің сертіне сенімділігі, халыққа шексіз берілгендігі, өзін құрбан етуге дайын екендігі ашып көрсетіледі. Мысалы, Қызылбастың қалың қолы ортаға алғанда Қобыланды:

Толғамалы ақ садақ,
Шаншылар майдан күн бүгін.
Алтын құндақ, ақ берен,
Атылар майдан күн бүгін.
Толғамалы ақ сүңгім,

Былғары садақ, бұхар жай,
Тарта алмасам – маған серт!
Бел күшіме шыдамай,
Беліңнен сынсаң – саған серт!
Алтын құндақ, ақ берен,

Жанша алмасам маған серт!
Қанға тойсаң – саған серт!

Ата алмасам – маған серт!
От алмасаң – саған серт! –

деп тек бір өзінің сертіне сиынады. Ал, Алпамыс батырдың ержүректілігі болса жүз мың қалмақ әскері жабылған жерде үдей түседі:

Қалған қалмақ жабылды,
Жер-жерден қақты дабылды.
Құбыладан соққан дауылдай,
Түрленіп бала қағынды.
Майданнан аққан қызыл қан
Өзенге сыймай ағылды.

Батырлардың қайталанбас ерен ерліктерін қазақтар балаларына тәрбие беруде өнеге ете білген. Балалар соларға ұқсауға, олардың ерлік істерінен елін, жерін, Отанын жаудан қорғауға үйренген. Оны бүгінде елдің есінде жатталып қалған батырлардың есімі дәлелдейді.

Батырлық эпостарда биік адамгершілік сезімдермен қатар туған жер табиғатының әсем көрінісі, эстетикалық талғам мен қабілет, кейіпкерлердің көркем бейнесі (сұлу мүсін-келбеті, киген киімі, жүріс-тұрысы және т.б.) өз көрінісін тауып жатады. Мысалы, «Ер Тарғын» жырында Ақжүніс бейнесі:

...Бет ажарын қарасаң,
Жазғы түскен сағымдай.
Ет ажарын қарасаң,
Қабығынан айырған
Арпа-бидай, ақ ұндай.

Қас-қабағы керілген,
Кірпігі оқтай тігілген,
Белі бұралып бүгілген.
Қараған кісі үңілген,
Қолаң шашты, қой көзді
Ақжүніс атты қыз еді, –

деп ең әдемі теңеулермен салыстырмалы түрде сипатталса, «Қобыланды батыр» жырында Құртқаның ақылдылығы, білгірлігі, даналығы оның Қобыландыға жасаған қамқорлық істерімен (батырға керекті тұлпарды, қару-жарақты даярлауы, дұшпандардың алдында абыройын көтеруі, адал жар бола білуі, ақыл-кеңес беруі және т.б.) суреттеледі. «Алпамыс батыр» жырындағы Гүлбаршын асқан көркем, ақылды, әдіс-айласы мол, Алпамысқа сенімді серік, адал жар бейнесінде көзге түседі. Бұл қазақтардың әдемілікке, сұлулыққа деген талғамының биік болғанын, сыртқы сұлулық пен ішкі жан дүниенің, мінез-құлықтың үйлесімділікте болуын жақсы түсінгенін көрсетеді.

Әрине, батырлық эпостар мазмұнын тыңдаушыларға тартымды беру жыршының орындау шеберлігіне – шешендік қабілетіне, дауыс ырғағына, бейнелі сөйлей білуіне, музыкалық аспапты меңгеруіне, дауыс екпініне, ым-ишара қимылының үйлесімділігіне байланысты екені даусыз.

Оның үстіне жыршы ақын емес, ол негізінен дайын өлең жырларды айтып таратушы. Жыршылардың қайсыбір өнерпазы өлеңді өзінше өңдеп, суырыпсалма түрінде де айта білген. Жыршыда есте сақтау қасиеті мен музыкалық есту қабілеті, құлаққа жағымды дауысы мен артистік қабілеті ерекше дамыған. Жырау дегеніміз – суырыпсалма қасиеті бар ақын, ол өлең, жыр, толғауларды жанынан шығарып айтады. Олар эпикалық шығарманың

адамгершілік мағынасын жоғары көркемдік талғаммен ұсына отырып, тыңдарманының психологиялық көңіл-күйіне әсер етеді.

Қазақ эпосында жыр мазмұнын баяндаудың өзіне тән дәстүрімен бірге, музыкалық орындаушылық дәстүрі де қатар қалыптасқан. Мұның өзі эпос табиғатының синкреттік өнер ретіндегі ерекшелігін айқындайды.

Бұл туралы С. Мұқанов: «...Эпостың орындалуы ғажап. Орындаушылар жаттаған шығармаларының ішіндегі кейіпкерлерді өз қалпында көрсетуге тырысады. Мысалы мен туған ауылда Тәжінің Қазыбегі деген ауыз әдебиетінің білгірі болды. Ол «Алпамыс батырда» сипатталатын кейіпкерлердің: әйел-еркектердің, кәрі-жастардың рөлін орындаған сияқты өз даусына салып айтатын еді. Сонда тыңдаушыларын ретіне қарай қуантып та, күлдіріп те, ойлатып та, қайғыртып та, жылатып та отыратын.

Театры, киносы жоқ ескі ауылда, әсіресе ойын-тойға аз араласатын егделер мен қарттар үшін эпос көңіл көтеретін жан азығының бірі болатын», деп дәлелді мысал келтіреді [6]. Әрине эпостың жастар үшін де ықпалының зор болғанын жоққа шығаруға болмайды. Ол жастарды патриотизмге, Отан – сүйгіштікке, әдептілікке, инабаттылыққа тәрбиелейтін рухани құралдың бірі болды.

Жыршы-жыраулардың орындаушылық ерекшелігін Ә. Тәжібаев та: «Бұл орындаушылар ұлы актерлер қатарында аталулары керек. Олар ғажайып дастандарды кейінгі ұрпақтарға жеткізумен қатар, орындау өнерінің де классикалық үлгілерін жасаушылар, эпостағы хикаяларды әңгімелеу үстіне, ондағы сан алуан адам мінездерін де қоса ойнаған. Кейде олар диалогтармен сөйлесе, кейде монологтарды соғып кетеді. Осының бәріне сай құбылыс, үн ырғақтары мен бояуларын тапқан. Кейде олар аттың шабысын айтқанда, домбыра беті, қобыз шанағынан аттың дүбірін де шығаратын болған. Ал, жылау, күлу мезгілдерін де айнытпай беріп отырған. Сөйтіп, эпос жанрын әр қилы орындаушылардың өзі бір төбе өнершілер ретінде драмалық, комедиялық қабілеттерімен ерекше көзге түскендігі мәлім» деп атап өткен [7].

Жыршы-жыраулар эпостық жырларды орындаумен ғана шектелмеген, эпостағы оқиғаларға түсінік берген, шығарманы әнмен орындаған, жырды әңгімелемес бұрын тыңдарманға күй орындап берген, өзінен кейінгі жастарға өзінің өнерін үйреткен. Оны В. Карлсонның «Жыршылар қолдарындағы домбыраларын күйге келтіріп алып, ең алдымен қаумалап отырған тыңдаушыларына арнап өлеңмен сәлем жолдайды, одан кейін олар өздерінің қайдан келгенін, мұнда не жағдаймен жүргенін баяндап береді.

Бұдан кейін үлкен жырды бастамай тұрып алдымен бірнеше күй тартып немесе халық толғау-термелерінен бірнешеуін орындап береді. Мысалы, Қазақпай жырау үлкен жыр бастау алдында «Аққу» деген күй тартып берді. Күйде аққудың ұшуын көз алдыға елестетуі шабытты да табиғи болып шыққаны сонша, тіпті тыңдаушылар шынымен ауада аққулар ұшып жүргендей сезініп, олардың әсем қанаттарының дыбысын естігендей әсер алады. Осының бәрі қазақтың екі ішекті домбырасымен орындалды. Тыңдаушыларға Қазақпай тартқан «Ақжелең» күйі де қатты ұнады» – деген сөздері дәлелдейді [8].

Қазіргі таңда эпикалық әуендердің өзіндік ерекшеліктеріне, музыкалық-орындаушылық дәстүрлеріне және жыраулық, жыршылық дәстүрлерге фольклорист-өнертанушылар мен музыкатанушылар аса қызығушылық танытып отыр. Солардың ішінде эпостық жырлардың құрылымы мен ерекшеліктерін музыкалық-теориялық тұрғыда алғаш негіздеген Б.Г.Ерзакович болса, эпикалық дәстүрдің өзіне тән қалыптасқан музыкалық стилін тарихи-мәдени құбылыс деп бағалап, оған этномузыкалық тұрғыдан қарау қажеттігі туралы А.Б. Құнанбаева айтқан. Автор эпикалық тақырыптағы қазақ әндерінің баспа бетінен шыққан ноталық материалдарын үш топқа бөліп жүйелеген (тұрмыс-салттық, лирикалық (ақындық), эпостық мелос) және оларға жеке-жеке музыкалық сипаттама берген. Тарихи жағдай мен қоғамның даму ерекшеліктеріне байланысты және діннің ықпалы аздау кезінде эпостық дәстүрдің тұлғаның әлеуметтенуінде негізгі рөл атқарып, қандай да бір адамгершілік функцияларын орындағанын атап өткен.

Сонымен, қазақтың батырлық эпостарының (жырларының) мазмұны олардың адамгершілік-патриоттық тәрбиедегі мүмкіндіктерінің жоғары екендігін дәлелдейді: біріншіден, батырлық эпостардың мақсат-мүддесін танып-білуге бағдарлайды; екіншіден, балалардың тұлғалық ұлтжандылық қасиеттерінің (ұлттық намыс, ұлттық парыз, басқа ұлт өкілдеріне сыйластық көзқарас және т.б.) дұрыс жетілуіне септігін тигізеді; үшіншіден, батырлық ертегілерден батырлық эпостарды ажырата білуге үйретеді; төртіншіден, батырларға тән жағымды адамгершілік қасиеттерді (отансүйгіштік, гумандық, қайырымдылық, жаужүректік, қаһармандық, айлакерлік, табандылық, шыдамдылық, ержүректік, қырағылық, кеңпейілділік, инабаттылық және т.б.) түсінікпен қабылдауға, соларға еліктеуге, солар сияқты ержүрек азамат болуға баулиды; бесіншіден, жырларда баяндалатын жоғары көріністерге әділ баға бере білуге үйретеді; алтыншыдан, естігендерін еркін әңгімелеп, жырлап беруге дағдыландырады; жетіншіден, өз халқының “мәдени мұрасына” аялы көзқарасын, мақтаныш сезімін қалыптастырады.

Батырлық эпостардың педагогикалық мүмкіндіктерін бүгінгі заман балаларының адамгершілік қасиеттерін, ұлттық патриотизмін қалыптастыруда ұтымды пайдалану, әрине, ата-анаға, тәрбиешіге байланысты. Сол себепті ата-ана да, тәрбиеші де, ең алдымен балаларға меңгертілетін эпостық жырлар мазмұнының идеялық мәнін, эмоционалдық әсерін, баланың жас және дара ерекшелігіне сәйкестілігін, адамгершілік-патриоттық бағдарын ескергені жөн.

Әдебиеттер

- 1 Жирмунский В.М. Народный героический эпос. – М., 1962. – С.10.
- 2 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. 2-бас. – Алматы, 1985. – 162-б.
- 3 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы, 1991. – 56-57-бб.
- 4 Мелетинский Е.Н. Происхождение героического эпоса. – М., 1963. – С.21.
- 5 Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы, 1995. – 6-7-бб.
- 6 Мұқанов С. Халық мұрасы. – Алматы, 1974. – 132-б.

7 Қазақ театрының тарихы. 1-т. - Алматы, 1975. – 29-б.

8 Карлсон В. Народные певцы-киргизы в архивной комиссии // Оренбургский край. – 1906. - № 62. – С. 2.

С.А. Узакбаева

д.п.н., профессор, КазУМОиМЯ им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан

Сущность героических эпосов в нравственно-патриотическом воспитании

Казахский героический эпос – результат многовековой исторической жизни народа является отражением борьбы кочевых племен за свою независимость, национальную целостность и единство, язык, свое устное народное творчество. Его воспитательные возможности огромны: доставляет эстетическое наслаждение, имеет познавательное, воспитательное значение. Эффективное использование педагогических возможностей героических эпосов в формировании нравственных качеств подрастающего поколения зависит от родителей и воспитателей. Поэтому они должны, первым делом учитывать соответствие идейной значимости содержания, эмоционального влияния героических эпосов, соответствие возрастным и индивидуальным особенностям, учитывать нравственно-патриотическое направление.

S.A. Uzakbayeva

d.p.s., professor, KazUR&WL Ablai Khan,
Almaty, Kazakhstan

The essence of the heroic epics in moral and patriotic education

Kazakh heroic epic - the result of a long historical life of the people - is a reflection of the struggle of the nomadic tribes for their independence, national unity and integrity, language, its folklore. His educational opportunities are huge: aesthetically pleasing, has cognitive, educational value. Effective use of educational opportunities of heroic epics in shaping the moral qualities of the younger generation is dependent on parents and tutors. Therefore, they must, first thing to take into account compliance with the ideological significance of content, the emotional impact of the heroic epics of the relevant age and individual needs, take into account the moral and patriotic direction.

УДК 159.99

Н.В. Пушкина

соискатель института им. Л.С.Выготского при РГГУ,
Москва, Россия

ПСИХОЛОГИЯ ПОСЛЕДСТВИЯ РАЗВОДА РОДИТЕЛЕЙ ДЛЯ РЕБЕНКА

В статье описываются психотравмирующие факторы развода родителей, выделены основные психологические последствия развода родителей для ребенка, приводятся результаты современных отечественных исследований по теме. Подчеркивается, что женщина, переживающая развод, часто находится в депрессивном состоянии, в результате чего для нее характерно либо отстраненное, эмоционально холодное родительское отношение, либо симбиотическое, при котором мать стремится лишить ребенка независимости и самостоятельности. Показана необходимость присутствия отца в воспитании ребенка для того, чтобы сформировать адекватные представления о взаимоотношениях мужчины и женщины, мужском поведении в целом.

Ключевые слова: личность, развод родителей, психотравмирующий фактор, дети разведенных родителей, последствия развода

